

Сағадат Садықұлы Әбікеев

Екібастұз әуендері





Сағадат Садықұлы Әбікеев

# Екібастұз өзендері

(Әндер, шығармалар мен әңгімелер)



Екібастұз қаласы,  
2004 жыл





## Өмірбаян

Мен, Әбікеев Сағадат Садықұлы, туған жерім Баянауыл ауданы, Бұхар Жырау кеншары.

1946 жылы ФЗО-ға шақырылып, Қарағандыда электр мамандығын алып 1950 жылға дейін тау-кен техникумында оқыдым. 1951 жылдан 1953 жылға дейін әскер қатарында болдым. 1954 жылы Ташкент теміржол институтына түсіп, 1959 жылы қызыл дипломмен бітіріп, Екібастұзға жұмыс істеуге келдім. Мамандығым – инженер-механик. 1946 жылы Отан соғысы кезінде үздік жұмыс істеген үшін, 1941-1945 жылдарындағы медальмен марапатталдым.

1959 жылдан бастап мынадай қызметтерде болдым: Мастер, депоның бастығы, “Иртыш” тресінің партия ұйымының секретары, Богатыр кенішінің теміржол мекемесінде бас маманның көмекшісі.

1997 жылы осы мекемеден құрметті демалысқа кеттім. Қызмет істеп жүрген кезімде қаланың депутаты және қаланың партия ұйымында жеті жыл бюро мүшесі болдым.

Жұмыс істеген уақытта: Құрмет белгісі орденімен және 4-медальмен, I, II, III-ші дәрежелі Шахтер даңқы белгілерімен марапатталып, көмір өндірісінің үздігі атағына ие болдым.


Әйелім Әбікеева Бәтима Жамбекқызы, бес бала өсіріп, тәрбиеледік.

*Сағадат Садықұлы Әбікеев – 70 жаста*

Жүректен қандай ғажап жыр ұшқаны,  
Дененің тарар сол сәт құрысқаны  
Селт еткен сезім шіркін, самғар көкке  
Сол шығар ақын жанның ырыс-бағы  
Адамның не жетеді тектісіне,  
Жыр жазған, өн қалқытып жетпісінде.  
Ақынның Сағадаттай қасиеті  
Бұл күнде жоқ қой, сірә, көп кісінде.  
Өрілер әлі талай өлеңдері  
Алынар поэзия белеңдері  
Сөкеннің жауһар жырын жаттап өсер  
Жыр сүйген ұрпақтардың келер легі.

*Екібастұз қалалық әдебиет бірлестігі,*





### *Сағадат аға*

Қасиетінді бағалап жаңа,  
Қадірінді білдік-ау, АҒА.  
Ел үшін еткен еңбегің ерен,  
Он жастағы алқалы бала.  
Өткен өмірің өренге үлгі,  
Еткен еңбегің бөленген гүлге.  
Жеткен арманың – асыл жеңгеміз,  
Неткен жарастық бүгінгі күнге.  
Мен үшін көп-ау, құпия-сырын,  
Кездеспей, білмей жүріппіз бұрын.  
Өмір көлемің қағазға сыймас,  
Әзірге қысқа құттықтау бүгін.

Сызыпсыз туған жердің жыр-шеңберін,  
Тізіпсіз алыптарың, кемеңгерін.  
Баянтау, Қарқаралы, Көкшетаумен,  
Баян ғып бұл қазаққа не бергенін.  
Ағытып жыр-кеудеден шежіре-жыр,  
Толғапсыз ақ жүректен төгілте сыр.  
Ұрпағың ұлағатты үлгі жол деп,  
Айналсын бұл шеңберді көсіле бір.  
Жыр-шеңбер Бұқар менен Қаныш болар,  
Мәшһүр Жүсіп, Исамен таныс болар.  
Сағадат Садықұлы сол шеңберге  
Қосылса зиялылар толық болар.  
Ағатай, күй кернеген жүрегінді,

Ұрпағың естіп-көріп жүре білді.  
Қап түбінде жатпайтын асылым-ай  
Айды аспанға шығардың, көкке Күнді.  
Бізді айтады жалғанның қонағы деп,  
Жеті жасты жасапсыз он-ақ рет.  
Жеңгей Сізді өбектеп жүр ғой, сірә,  
Күннен қалқан, суықтан тонады деп.  
Сегіз жасты он рет қайталашы,  
Тоғыздың да көрінсін шет жағасы.  
Мың жасаған жақсылар бар емес пе,  
Өнердің, өннің, күйдің тайталасы.  
Ерте айырылып ананың мейірімінен,  
Көп болыпты-ау, күндерің кейіп жүрген.  
Сол кейістік-кемісін толтырғандай,  
Ақ жеңешем ақ нұрын сеуіп жүрген.  
Қос ақкұдай не деген ұнамдылық.  
Ақ жеңгемнен айналдым тұрған күліп.  
Қосағынмен қоса ағар деген рас-ау,  
Саға-ағам, шаңырағын құрған біліп.  
Саға, жеңге, бес бірдей қарындасым.  
Көп ойлы, аз сөзімді қабылдасын.  
Жаныма қамшы салмай шауып келем,  
Сөзімді ұғар жандар табылғасын.

*Мұстафа Ыбырайханұлы*





## *Сағадаттың жетпіс жасқа толуына арнау*

Тойың тойға ұлассын,  
Жұрт ойымен ұнассын.  
Ән өлеңің асқақтай,  
Әсем үні қыр ассын.

Жырдың қанат сырына,  
Әнді шығар жырыңа.  
Рухани азықты,  
Кейінгіге сырыма.

Бақыт қонсын басыңа,  
Қыдыр келсін қасыңа.  
Тағы жетпіс қосылсын,  
Осы жетпіс жасыңа.

Бірлестікке келіп жүр,  
Дос пікірге еріп жүр.  
Тіл дәстүрді уағыздай,  
Жастарға үлгі беріп жүр.

Жетпіс деген біраз жол,  
Ырзығың болсын мол.  
Балаларды қызықтап,  
Отбасыңмен аман бол.

*Шайқым Құнанбайтегі*  
*1. V. 2000 жыл.*



*Уважаемый  
Сагадат Садыкович!*

От имени коллектива трудящихся Богатырского Погрузочно-Транспортного Управления ТОО «Богатырь Аксес Комир» горячо и сердечно поздравляем Вас с 70-летием со дня рождения.

Имея огромный, более полувековой трудовой стаж, Вы около 40 лет работали в угольной промышленности на железнодорожном транспорте, тем самым внесли большой вклад в освоение и развитие Экибастузского угольного бассейна, в становление очень юного в то время города горняков, строителей, железнодорожников и энергетиков- города Экибастуза.

Вы активно участвовали в общественной жизни предприятий угольной промышленности города и области, стояли у истоков коммунистического воспитания подрастающего поколения, неоднократно избирались в руководящие органы предприятий и города.

Ваш труд получил высокую оценку, Вы награждены Орденом «Знак Почета», многими медалями, заслуженно носите звание «Почетного работника угольной промышленности», являетесь полным кавалером знака «Шахтерская Слава».

Ваша требовательность к себе и работникам управления снискали Вам почет и уважение всех, кто с Вами работал.



Искренне желаем Вам, Сагадат Садыкович, крепкого здоровья, долгих и счастливых лет жизни, семейного благополучия, ясного неба, дальнейших успехов в воспитании детей и внуков, всего подрастающего поколения.

**Директор БПТУ**

**В.В.Колесников**

*г. Экибастуз 05.05.2000 года*



## Мәдениет жаңалықтары

### *Жүлде алып оралды*

1999 жылдың 6 шілдесінде Астана қаласында патриоттық әндердің республикалық “Елім, ертеңім, Елбасым” атты конкурсы болып өтті. Бұл конкурсқа Екібастұз қаласынан әуесқой сазгер Сағадат Әбікеев, №22 мектептің ән-күй пәнінің мұғалімі Дәметкен Ақшамбаева қатысты.

Конкурсқа Сағадат Әбікеевтің “Елбасы – ел қамқоры”, “Жас ұрпақ” атты әндері ұсынылды. Сәкеңнің әндері конкурста жоғары бағаланып, авторға лауреат атағы, сондай-ақ Қожахмет Яссауи мазары бейнеленген кілемше берілді. Сазгердің аталмыш әндерін орындаған Дәметкен Ақшамбаева дипломмен марапатталып, қолсандықша мен кітаптар алды.

*А.Ақбетұлы.*




Өлеңдер мен әндер



## Екібастұз вальсі

Сөзі мен әні:  
Сағадат Садықұлы  
Әбікеевтікі

кі бае түр қың ар қа те ре еі  
сің қуғ от бар сен қа л қа қа  
жы ре еі сің ұр та ға қа  
ба е і бае ғақы мау қа ба қа на а та ба  
баи таа и ма ғақы қың а рі сің  
қың ө рі сің қың ө рі сің



## *Екібастұз вальсі*

Екібастұз кең арқа тірегiсiн,  
Қуат берген халқыма жүрегiсiн.  
Ұрпағына байлығың мол қазына,  
Ата бабам жайлаған кең өрiсiн,  
кең өрiсiн, кең өрiсiн.

Екібастұз, жарқын ғой келешегiн,  
Көмір мен жарығың даңқың сенiн.  
Табысыңмен қуантып елжұртыңды,  
Белгiлi ғой ежелден салтың сенiн,  
салтың сенiн, салтың сенiн.

Екібастұз, арайлы атқан таңың,  
Мекенiмнен мен қалай бас тартамын.  
Өзгеге де өзіңе олжа салған,  
Елестеткен қазақтың дастарханын,  
дастарханын, дастарханын.

Екібастұз, аңсаған болашағым,  
Гүлдене бер көркейіп мақтанышым.  
Жарқыратып өмірді жандандырған,  
Қолымдағы ұстаған шамшырағым,  
шамшырағым, шамшырағым.




Әжсеме кетіп барамын  
(немерем Мәликаның өлеңі)

Сөзі мен әні:  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

қоңлағі

Бағу тілкім қызым, саған маған,  
се тіріміз, әжсеме кетіп барамын.



*Әжеме кетіп барамын  
(немерем Мәликаның өлеңі)*

Бақытты мен де баламын,  
Айгөлек өнін саламын.  
Секіріп ойнап, би билеп,  
Әжеме кетіп барамын.

Көргенде мені Әжешім,  
Келдің бе, дейді, құлыным.  
Құшағын ашып сүйсініп,  
Сағындым сені, жұлдызым.

Уыстап береді қалтадан,  
Пряник, кәмпит, өрігін.  
“Жеші ботам, жеші,”– деп  
Саған деп, міне, қойғаным.

Сүйеді мені құшақтап,  
Қалдым ғой, деп, жүз жасап.  
Күндей жарқын, жан Әжем,  
Жүре де берші мың жасап.

14.11.93 ж.







**Жас ұрпаққа аманат, марш**  
(вальс)

Сөзі мен әні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі


**ширақ**

е де мен сі ел біз доспын ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің бұл нәзік ұрпақ  
 ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің  
 ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің  
 О...у жас ұрпақ жас ұрпақ жас ұрпақ жас ұрпақ жас ұрпақ жас ұрпақ  
 Бұл ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің ұрпаққа сенің

**Жас ұрпаққа аманат, марш**

Егеменді ел болдық қой, қарашы,  
Тұтасты ғой бүкіл қазақ даласы.  
Ғұмыр бойы армандаған көк туымыз,  
Жер жүзінде желбіреді ел даңқы.

Қайырмасы: О...у жас ұрпақ, жас ұрпақ,  
Туын саған бабалардан аманат



Ұл туғанда қуанатын бабалар,  
Ақ сүтімен асыраған аналар.  
Ел намысын қорғайтұғын ер туды деп,  
Той жасайды ат шаптырып ағалар.

**Қайырмасы:** О...у жас ұрпақ, жас ұрпақ,  
Тілді сақтау бабалардан аманат.

Ер жүрек бол қайыспайтын, қайтпайтын,  
Халқы үшін жанын қиып тастайтын.  
Жау көрінсе болат мініп жер мен көкте,  
Ана сүтін қаныменен ақтайтын.

**Қайырмасы:** О...у жас ұрпақ, жас ұрпақ,  
Отан қорғау бабалардан аманат.

Жерді сатсаң ертең сені ант ұрар,  
Халқың босып, барар жер жоқ шарқ ұрар.  
Елің тозып, мөңгүрт болған жас балалар,  
Пана таппай жат жандарға құл болар.

**Қайырмасы:** О...у жас ұрпақ, жас ұрпақ,  
Жерді сақтау бабалардан аманат.

Күшейтейік елімізді қорғаумен,  
Күресейік арандатқан қорқаумен.  
Өнер, білім, мамандықты тең менгеріп,  
Нұр шашайық халқымызды жырлаумен.

**Қайырмасы:** О...у жас ұрпақ, жас ұрпақ,  
Ауыз бірлік бабалардан аманат.



## Бәтимага

Сөзі мен әні:  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі



асықмай дос келің де мен саған  
мен саған маған саған маған саған маған саған  
Түсіне саған маған маған маған маған маған маған  
деме менің де менің маған маған маған маған маған маған  
мен саған маған маған маған маған маған маған маған маған  
мен саған маған маған маған маған маған маған маған маған  
мен саған маған маған маған маған маған маған маған маған





*Бәтимаға*  
*Кездескенде мен саған*

Кездескенде мен саған,  
Жүрегім ұшып тулаған.  
Өмірлік жарың осы деп,  
Алланың өзі сыйлаған.

**Қайырмасы:** Жан сәулем, жан сәулем,  
Балауса тілді, күн сәулем.  
Қанша өмір сүрсем де,  
Іздегенім, сен сәулем.

Қарағанда көздерің,  
Жарық дүние сезгенмін.  
Махаббат оты тұтанып,  
Құшақтап сені сүйгенмін.

**Қайырмасы:**

Риза болып өмірге,  
Ойлаймын сені түзде де.  
Қызығын көріп баланның,  
Бауырыңа басшы немере.

**Қайырмасы:**

18.06.94 ж.





## Білесіңбе жүректің қасиетін

Сөзі мен әні:

Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

Жасі

бі ле айы бе тау үз пах тау тау ай а тал  
ай ба ра ді тау шыр ман тау та а тау  
ман дас ді тау ба и ай тау ар ау та ай  
ар а та ді тау тау тау тау ба та тау тау  
о . . . а . . . а тау па ай ай тау па ай ай  
тау тау тау шыр аақ ай ді тау тау тау тау



## *Білесің бе жүректің қасиетін*

Білесің бе жүректің қасиетін,  
Жібереді тамырмен күш-қуатын.  
Жандандырып бойыңның әр мүшесін,  
Көрсетеді жалғанның бар қызығын.

**Қайырмасы:** Ой.. жүрегім- ай, жүрегім- ай,  
Қорқытпашы, сен бізді тоқтаймын деп.

Күтейікші жүректі салмақ салмай,  
Ашу, ыза, арақпен байлап қоймай.  
Денемізге нәр менен жылу беріп,  
Жүріп тұрған сағат қой бір айнымай.

**Қайырмасы:**

Ауырмасын жүрегің қайғы-дертпен,  
Қинамасын дененді, қызу отпен.  
Өкпе, бауыр, бүйрек те жанталасып,  
Жас ақпасын мөлдіреп нұрлы көзден.

**Қайырмасы:**

Сақтау керек жүректі жас кезіңнен,  
Жаңылмайсың өмірде өз сөзіңнен.  
Мәңгілік деп ойлама соғып тұрса,  
Қолында ғой Алланың, сол жүргізген.

**Қайырмасы:**

# Ардагерлер (вальс)

Сөзі мен әні:  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

Әлсіз, өспірімдей

Әлсіз, өспірімдей

Әлсіз, өспірімдей  
 Әлсіз, өспірімдей  
 Әлсіз, өспірімдей  
 Әлсіз, өспірімдей  
 Әлсіз, өспірімдей



## Ардагерлер

Аштыққа да, жоқтыққа да шыдаған,  
Тең келетін жоқ-ау саған еш адам.  
Өткен өмір қайырылмасын сезсең де,  
Көргенім жоқ көз жасынды жылаған.

Қарағанда қайран қалам жүзіңе,  
Жастық өтіп, көрілік жеткен өзіңе.  
Айқұш-ұйқыш әжімдерде не сыр бар,  
Жолдарыма азап тартқан өмірде.

Қару алып қан кешіпсің жасыннан,  
Қорғаймын деп отаныңды жат жаннан.  
Жауды жеңіп жарқыраған жұлдыздай,  
Қуантып ең ел-жұртыңды жеңіспен.

Тұлпар мініп озып едің теңіңнен,  
Көмір қазып жол салыпсың темірден.  
Алпарысып арман қуып, тер төгіп,  
Алып едің мың бір рахмет еліңнен.

Ойламышы, жүдемеші сен бекер,  
Ізбасарсың немерең бар жетелер.  
Сен салған жол өшпес өмір белгісі,  
Ұрпағыңның борышы ғой өтелер.

Ардагерсің, асыл жанды құрметті,  
Ұзартайық еңбекпенен өмірді.  
Қиындыққа қарсы тұрып қажырмен,  
Жүдетпейік жабырқаған көңілді.



15.08.94 ж.



Ұмытпа өскен босағаңды  
(балаларға арнап)

Сөзі мен әні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

Бау, аяқпай

Бау, аяқпай  
шір дің ер қа ла дің ау ар  
тау еңбі біл мен пәл ет қа тау ның  
ер та қа шық па рі лін ма лл ді  
дің тілі ет лат етк ма ба оңс  
о шір тау дің ұр паң Ү шін



**Ұмытпа өскен босағаңды**  
(балаларға арнап)

Өмірдің арқаладық ауыр жүгін,  
Білмеппіз атқан таңның ерте-кешін.  
Кәрілік келеді деп кім ойлапты,  
Мазасыз өмір сүрдік ұрпақ үшін.

Боталап құшақтадық ұрпақты біз,  
Өмірде жан жетпейтін қызығымыз  
Аймалап күні-түні қадірлеумен,  
Ұшырдық ұясынан аспанға біз.

Қалды ғой арттарында әке-шеше,  
Ауырады қимастықтан жүректер де.  
Үйінде шулап жүрген балалары,  
Біртіндеп кетіп жатыр басқа жерге.

Ұмытпа өскен үйдің босағасын,  
Жайылып дәмге толған дастарханын.  
Жүгіріп асыр салған балалық шақ,  
Жарқырап өмір берген шаңырағын.

12.08.1995 жс.



## Ұлы Абайға

Сөзі мен әні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

*Баяу, өңдәтсе.*

Әбәй мән әні  
 Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі  
 Сөзі мен әні  
 Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі



## Ұлы Абайға

Ойлаймын ұлы Абай дана туған,  
Халқымен дамыл таппай ойда жүрген.  
Өмірде зұлымдықты жаны сүймей,  
Сұңқардай торға түскен, қапа болған.

Қолына қалам алып ойын жазған,  
Жастарға әсем әнін сыйға тартқан.  
Қазақтың көрі-жасын ұлы санап,  
Ғылым мен өнер, білім көзін ашқан.

Таңғалтар асыл-мұра қара сөзі,  
Қаламқас әнін айтсаң жүрек жыры.  
Оқуға жазғандарын қолға алсаң,  
Тұрады көз алдында жайнап нұры.

Бүгінде тәлім алдық еңбегінен,  
Қараймыз әр сөзіне зор сезіммен.  
Жұртыңа қалдырдың ғой өшпес мұра,  
Тілейміз жаныңа біз жұмақ төрін.

18.12.1995 ж.



## Асыл - Ана

Сөзі мен әні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі


*асықпай*

А на ға сәт а үт ма бұл ма ға ға бар ма

ма ға ға ға ға ма ға ға ма ма ма ма ма ма

а ма ма ма ма ма ма ма ма ма ма ма ма

ма ма ма ма ма ма ма ма ма ма ма ма



## *Асыл - Ана*

Ана деген атыңа, бұл әлемде тең бар ма?  
Жандандырдың жалғанды, жаның болар жұмақта.  
Өмірге әкеп сәбиді, көзің көріп жанарын,  
Күлімдейсің жадырап, арманым деп жалғанда.

Нәр бересің бойыннан, шешіп алып бесіктен,  
Бетін сүйіп құшақтап, ойнатасың асықпен.  
Азапты күндер кешесің, рахат көрмей өмірде,  
Қартайғанда күтер деп, көрем қызық асықпан.

Еңбектеніп ерінбей, ақтай алсақ ақ - сүтін,  
Күндіз түні шаршамай, мәпелеген ботасын.  
Жаратқан Алла күшті ғой, ана деген асылын,  
Әлпештейік, күтейік, шығартпайық көз жасын.

*22.XI.1996 ж.*





## Бала өдiк өмiрдi қимайтуғын

Сөзi мен әнi  
Сағадат Садықұлы Әбiкеевтікі

Меллi

Бал мектепте өмірді қимайтуғын  
Ана менің бауырым менің бауырым  
Әлі менің бауырым менің бауырым  
Әлі менің бауырым менің бауырым  
Әлі менің бауырым менің бауырым  
Әлі менің бауырым менің бауырым  
Әлі менің бауырым менің бауырым



## *Бала едік өмірді қимайтұғын*

Бала едік өмірді қимайтұғын,  
Ана төсіне жабысып жылайтұғын.  
Ойладық па жалғанның қатыгезін,  
Екеумізді бір кезде айратұғын.

**Қайырмасы:** Өтеді өмір, өтеді өмір,  
Жалған-ай.

Қаратпастан,

қаратпастан артыңа

Дүние-ай.

Сен кетіпсің мен қалдым бұл өмірде,  
Орның тұрады жара боп жүрегімде.  
Інің жоқ деп тынысым тарылады,  
Көтеріңкі болмайды көңілімде.

**Қайырмасы:** Өтеді өмір, өтеді өмір,  
Жалған-ай.

Қаратпастан,

қаратпастан артыңа

Дүние-ай.

Қапылыста жоғалттым бауырымды,  
Тия алмаймын ойласам көз жасымды.  
Бәріміз де кірерміз жер қойнына,  
Қадірлейік тірлікте туыстарды.

**Қайырмасы:** Өтеді өмір, өтеді өмір,  
Жалған-ай.


Қаратпастан,

қаратпастан артыңа

Дүние-ай.







## *Туған жердің асылдары*

Баян мен Қарқаралы арасында,  
 Жайқалған орман - сулы даласында.  
 Жайлаған қалың қазақ арасынан,  
 Туыпты асылдар тең дара шынға.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
 Бабалар айтқан сөздерін.  
 Думанды болған Қоянды,  
 Тәттімбет тартқан күйлерін?

Болыпты алтын қазық Бұқар - жырау,  
 Жырымен дұшпандарға салған бұрау.  
 Жігер мен куат беріп батырларға,  
 Хан менен халқына да болған тіреу.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
 Бабалар айтқан сөздерін.  
 Думанды болған Қоянды,  
 Тәттімбет тартқан күйлерін?

Елімнің асыл жерін қорғап қалған,  
 Қазыбек би Төле биден ақыл алған.  
 Айтысса шыдатпаған қарсы жауын,  
 Сөзінің салмағымен жүрек жарған.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
 Бабалар айтқан сөздерін.  
 Думанды болған Қоянды,  
 Тәттімбет тартқан күйлерін?



Туыпты бұл өңірде талай дана:  
Шоң би мен Солтанмахмұт, Қаныш аға,  
Үшқара мойнын созып шақырғандай,  
Мәдиді аңсасандар маған қара.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
Бабалар айтқан сөздерін.  
Думанды болған Қоянды,  
Тәттімбет тартқан күйлерін?

Ұмытпас туған елі Әлиханды,  
Көтерген алаш туын Қазақ данқы.  
Жоғалтып алмас жүрек, асыл ерін,  
Қайғыдан теңселеді Қарқаралы.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
Бабалар айтқан сөздерін.  
Думанды болған Қоянды,  
Тәттімбет тартқан күйлерін?

Жан барма жететұғын Мәшһүрге тең,  
Жұртына ақыл берген жүрегі кең.  
Інісі Жүсіпбек те асқақ дарын,  
Естисің Қызылтаудан асыл үнін.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
Бабалар айтқан сөздерін.  
Думанды болған Қоянды,  
Тәттімбет тартқан күйлерін?

Айтайын қайталанбас тұлғаларды,  
Зейін мен Мұса, Әлкей, Қалижанды.  
Көне көз, ақиық акын Диқан баба,  
Мұзапар, Шопық, Жақан, Қалмұқанды.



**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
Бабалар айтқан сөздерін.  
Думанды болған Қоянды,  
Тәттімбет тартқан күйлерін?

Ұрпағы даналардың жиылып келсе,  
Жаңғыртып, Қояндыны гүлдендірсе.  
Күлімдеп Балқан тау да бас изер еді,  
Рухына бабалардың тәжім етсе.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
Бабалар айтқан сөздерін.  
Думанды болған Қоянды,  
Тәттімбет тартқан күйлерін?

Сұлу жер, таулы өзен аумағында,  
Өсуде гүлдей жайнап ұрпағың да.  
Ақылды, алғыр жігіт ел билейтін,  
Күтейік, болар ертең өмір алда.

**Қайырмасы:** Білесің бе бүгінде сен,  
Бабалар айтқан сөздерін.  
Думанды болған Қоянды,  
Тәттімбет тартқан күйлерін?

*18.08.1997 ж.*






# Елбасы – ел қамқоры

Бөзі мен әні:  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

Бірқалыпты

Ел бә сәт әл қат әк мән ө мәр сур әк  
 қар тау ба бай тау төк рін өкә мән бар өк  
 хан қан дө тау тау әл өк та мәр тау дө  
 өк өк дө ар өк өк мән сә мәр өк мән  
 мән та хә сәт сур өк рән сәт тау дө тау өк  
 тау мән рән сәт мән рән тау мән тау рә мән дө  
 мән мән мән тау өк тау мән өк мән тау мән өк мән  
 өк өк мән



*Елбасы – ел қамқоры  
(Нұрсұлтан ініме)*

Елбасы ел қамымен өмір сүрген,  
Қорғауға байтақ жерін жанын берген.  
Халқымды жер жүзіне танытам деп,  
Әлемді аралаумен сапар шеккен.

**Қайырмасы:** Көкке ұшсаң сұңқарымсың,  
Жерде жүрсең тұлпарымсың.  
Халқың сенің жүрегінде,  
Мойнына таққан тұмарысың,  
тұмарысың, асылым.

Ауыр ғой арқалаған жүгің сенің,  
Бір Алла қуат берсін саған бүгін.  
Ұқсаған бабаларға жастарың көп,  
Ой ойлап қажымашы, асыл ерім.

**Қайырмасы:** Көкке ұшсаң сұңқарымсың,  
Жерде жүрсең тұлпарымсың.  
Халқың сенің жүрегінде,  
Мойнына таққан тұмарысың,  
тұмарысың, асылым.

Бірлікпен күшейтерсің Отаныңды,  
Құлпыртып күмбездерсің ақ орданы.  
Толтырып жан мен малға Алаш жерін,  
Қазақтың асқақтасын көк байрағы.

**Қайырмасы:** Көкке ұшсаң сұңқарымсың,  
Жерде жүрсең тұлпарымсың.  
Халқың сенің жүрегінде,  
Мойнына таққан тұмарысың,  
тұмарысың, асылым.

Тілейміз, ана тілім үстем болсын,  
Қазақша үлкен-кіші сөз сөйлесін.  
Өлең мен жырға қосқан туған халқың,  
Өзіңді Абылайханнан артық көрсін.


**Қайырмасы:** Көкке ұшсаң сұңқарымсың,  
Жерде жүрсең тұлпарымсың.  
Халқың сенің жүрегінде,  
Мойнына таққан тұмарысың,  
тұмарысың, асылым.



Еңбегің Отан үшін нұр боп жаусын,  
Кейінгі ұрпақтарға үлгі болсын.  
Қалаулы Елбасысың ел қамқоры,  
Жасаған саған ұзақ өмір берсін.

**Қайырмасы:** Көкке ұшсаң сұңқарымсың,  
Жерде жүрсең тұлпарымсың.  
Халқың сенің жүрегінде,  
Мойнына таққан тұмарысың,  
тұмарысың, асылым.

08.08.98 ж.





## Алдыңда жүрсе Әкелер

Сөзі мен әні:  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

асықпай

ал дүр да оту са о ме  
 лар қа дүр лар ал лар  
 му тты дор о шә рі  
 о тат ба ра дүр  
 да ак да қай ме ақ ба  
 лар қа лас да қай ма  
 ақ ба лар



## *Алдыңда жүрсе Әкелер*

Алдыңда жүрсе әкелер,  
Қадірлеп- сыйлап күтіндер.  
Өмірі өтіп барады,  
Қапыда қалма сен бекер.

Бойында жүр ғой олардын,  
Мұқалмас жүзі алмастың.  
Кеудесін ашып қарашы,  
Алсаншы асыл бір тасын.

Естісең өткен өмірін,  
Тасиды судай көңілің.  
Кіргізіп сәуле басыңа,  
Лүпілдеп соғар жүрегің.

Бір күні қалма өкініп,  
Кеткенде олар қоштасып.  
Ақылшы болар панаң жоқ,  
Ойларсың көзге жас алып.  
Ойларсың көзден жас төгіп.

28.10.98 ж.





# Жетімдер зары

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі.

Музр. Мұңғам

Музыкалық сәтіндегі жетімдердин зарын бейнлейтін музыка. Музыкалық сәтіндегі жетімдердин зарын бейнлейтін музыка. Музыкалық сәтіндегі жетімдердин зарын бейнлейтін музыка.

Жу ғай тек бар лап тек жа деп  
 та ғыл үй бо лар үй ра ра  
 жа лар ша қы деп бо лар деп  
 а на тек та ғыл шес жа лар  
 а... а... ой та а бар а... а  
 деп тек лар деп тек үй деп.



## *Жетімдер зары*

Туғаннан зарлап жыладым,  
Жетім үй болып тұрағым.  
Қалайша қидың ботанды,  
Анажан, жетіп шыдамың?!

**Қайырмасы:** О...й жалған-ай,  
деп жылайды жетімдер.

Сұр жылан құрлы болмадым,  
Жетімдік күнін толғадым.  
Анажан, көріп қайтсаң ғой,  
Балаңның гүлдей солғанын.

**Қайырмасы:**  
Анажан, сізді сағындым,  
Күтуден талып шаршадым.  
Ғайыптан, шіркін, күн туса,  
Естілер менің мұң-зарым.

**Қайырмасы:**  
Атандық тексіз, тастанды,  
Қара бұлт торлап аспанды.  
Көрген соң зәбір құлының,  
Түсінен шошып жасқанды.

**Қайырмасы:**  
Сұраймын, ана, жалынып,  
Мойныма бұршақ тағынып.  
Бауырыңа басшы ботанды,  
Өзіңді жүрмін сағынып.

**Қайырмасы:**  
Кездесем өсіп мен саған,  
Көруге сені аңсаған.  
Сезер ме екен жүрегің,  
Балам деп мынау тастаған.

**Қайырмасы:**



## Қаныш аға

Сөзі мен әні

Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

асырпай

Ө мiр зз ме мiл кәф тi

тә мей дә на қан қар бөл

тұр шәу дәлi фәк нә әә фәк нә

тәк қи бәк п тәк қи ү шiн

тә рiн тәк кәк со лар дiс

бi рi едi фiн нә мән ет фә

Қайырымсыз  
бi нә нә а зи

ә әнн дә ма ү мәнн пәә

әә нi мәнн зз үр пәнн тәр дә



### **Қаныш аға**

Өмірге келіп кетті талай дана,  
Қамқор боп құшақ жайған қазағына.  
Жан қиып халқы үшін терін төккен,  
Солардың бірі еді ғой Қаныш аға.

**Қайырмасы:** Қаныш аға, асыл дана

Ұмытпас сені мәңгі ұрпақтар да.  
Қарасаң келбетіне көз тоймайтын,  
Терең ой көздерінен от жайнайтын.  
Сөйлесе сөзге жүйрік, ашық жүзді,  
Салмақты мінезімен таңғалтатын.

**Қайырмасы:** Қаныш аға, асыл дана

Ұмытпас сені мәңгі ұрпақтар да.  
Өсірді ғұлама ғылым иелерін,  
Бұл күнде теңдесі жоқ інілерін.  
Қопарып жер қыртысын байлық іздеп,  
Тапты ғой мұнай, алтын, жез кендерін.

**Қайырмасы:** Қаныш аға, асыл дана

Ұмытпас сені мәңгі ұрпақтар да.  
“Халқымның несібесі таусылмасын,  
Бір кезде егеменді ел боларсың.  
Сол кезде жер қойнында жатқан байлық,  
Шығарар жер жүзіне елдің данқын.”

**Қайырмасы:** Қаныш аға, асыл дана

Ұмытпас сені мәңгі ұрпақтар да.  
Деп ойлап жаныңды көп мазаладың,  
Ауруға бойды алған назаландың.  
Кетсең де бұл өмірден, Қаныш аға,  
Артында өшпес мәңгі іс қалдырдың.

**Қайырмасы:** Қаныш аға, асыл дана

Ұмытпас сені мәңгі ұрпақтар да.

22 наурыз 1999 ж.




## Ойымнан кетпес балалық.

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі.

асықпай

ой мал жу алт жу ру мал  
я алы әді мал мағ дағ мал  
ау дік не мал жу ру жу  
ту дағ ма дағ ма ру ма  
ой ой мал ма ма ма ма ма  
са би би ма ма ма ма ма  
ма ма ма ма ма ма ма ма



## **Ойымнан кетпес балалық.**

Ойнап күліп жүрушіек,  
Асық ойнап кездессек.  
Гүлін іскеп қорықтың,  
Таудан жидек іздеушіек.

**Қайырмасы:** Ойымнан кетпес балалық,  
Сәби боп мәңгі қалмадық.  
Келмеске кетті сол бір күн,  
Жүгіртіп ойға аңсадық.

Сол кездерді ойлаймын,  
Жас шығарып көзімнен.  
Еркелеушіем шешеме,  
Тұрмай жатып төсектен.

**Қайырмасы:** Ойымнан кетпес балалық,  
Сәби боп мәңгі қалмадық.  
Жүрегім еркін соғатын,  
Ақ көңіл, сүттей жан едік.

*18.04.1999 жыл.*







# Өмірдің қызығы балада

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі

*Жасай, кең.*

ө мір дің қы зы ғы ба ла да ба ла да  
қы зы ғы ба ла да ба ла да ба ла да  
ба ла да ба ла да ба ла да ба ла да  
ба ла да ба ла да ба ла да ба ла да



## **Өмірдің қызығы балада**


Өмірдің қызығы балада,  
Қуатың, тірегің жалғанда.  
Береді сағанда өз күшін,  
Кәрілік келгенде басыңа.

Ауырсаң кетпейді жаныңнан,  
Әкелеп сүйеді басыңнан.  
Жүрегің лүпілдеп, елжіреп,  
Бергендей болады дем саған.

Немере, шөбере олар да,  
Қасыңнан қалмайды кусаң да.  
Жалғанның қызығын көрерсің,  
Айналаң ұрпаққа толғанда.

Жәйнаған гүліндей даламның,  
Қызығы болындар халқымның.  
Достарың көп болып өмірде,  
Ұстандар бір шетін ғылымның.

28.08.1999 ж.



**Сәуле апай ұстазым**  
(№22 мектептің мұғалімі С.Сүлееваға)

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі.

асымдай

Ә мір де мін ұста де әт мн мб  
 де ұстағам жан ұстаға тағам  
 көп де мн де көп ді рет де көп әт  
 тағам бұл ұстағам діс үстем тағам  
 әт іа не мн ұстаға тағам де тағам  
 тағам көп ұстаға тағам тағам тағам  
 ұстаға тағам ұстаға тағам тағам тағам  
 әт мн тағам тағам тағам тағам



### **Сәуле апай ұстазым**

*(№22 мектептің мұғалімі С.Сүлееваға)*


Өмірде кім қалады ойымызда,  
Ұстаздың ұстазы ғой жадымызда.  
Жүгіріп асыр салған бүлдіршінбіз,  
Қуандық әлішпені ұстағанда.

**Қайырмасы:** Сәуле апай ұстазым,  
Қолыма қалам ұстадым.  
Үйреніп алып әріпті,  
Кітапті оқи бастадым.

Жүреді арамызда бір асыл жан,  
Салмақты сөйлесі-де өзіне тән.  
Қарайды бәрімізге анамыздай,  
Сұрайды бізге қарап, бұл қандай пән.

**Қайырмасы:** Сәуле апай ұстазым,  
Қолыма қалам ұстадым.  
Үйреніп алып әріпті,  
Кітапті оқи бастадым.

08.01.2000 жс.



## Қазақтың сұлу қыздары

Сөзі мен әні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

көңілді, жүрген.

1-ші бау таяу қызым да, рау ар мауы рауырау да, рау да, ін да,  
 ер байқ тау рил сай рау да, бау бай рил да, тау ді тау да,  
 аяу да, ба рил да, ін бай тау да, да да ай тау та бау,  
 рау бау тау ау ау қызы да рау да тау да тау тау тау тау,  
 тау да рі ө тау рил ө кі сен дау ай,  
 да да тау тау ер гил тау да кі



## *Қазақтың сұлу қыздары*

Қазақтың қыздары-өр жайрандаған,  
Елінде еркін жүріп сайрандаған.  
Мейірімді жүзі жылы, сөзге берік,  
Еліктей кең далада ойнақтаған.

**Қайырмасы:** Қазақтың сұлу қыздары,  
Секілді жұмақ гүлдері.  
Өмірдің әні сендерсің,  
Азамат ердің сүйгені.

Өсірді арулары қазақ халқын,  
Өлімнен алып шықты ел мен жұртын.  
Туғызып талай ерді кемеңгерді,  
Жеткізді Егеменге міне елін.

**Қайырмасы:**  
Арулар бабаларды сыйлап өткен,  
Жарына тірек болып ақыл берген.  
Жайнатып шаңырағын, нұр толтырып,  
Халқына қамқор болып өмір сүрген.

**Қайырмасы:**  
Құтқарған арулары ерін жаудан,  
Қолына қару алып, кегін алған.  
Мойнына ауыр жағдай түссе-дағы,  
Ұрпағын тастамаған еш жанынан.

**Қайырмасы:**  
Қазақтың қыздары ғой сегіз сырлы,  
Ісіне ұқышты да, жүзі нұрлы.  
Сабырлы, салмақты да, жаны жайсаң,  
Өмірге әкеледі талай жырды.

**Қайырмасы:**

28.01.2001 жж.




## “Батыр” кеніші

Сөзі мен әні  
Әбікеев Сағадат Садықұлынікі,

ортанша, балас аялыңды:

Тә мәт әліз тағар өк әлдег тәс бә әкә рәс  
 Әкә ма раһ мәһә әһә әй әһә мәк  
 тә әк әк ма әһә кә мә һә һә  
 әкә мә бә рә әһә ө шір дһә  
 маһ һәк әһә рәкә ма һә һәк мә  
 маһ шір әһә һәкә һәкә әһә мә һә рәкә һәкә  
 бә маһ мә шір дһә маһ һә һәкә һәкә  
 әһә мә рәкә һәкә һәкә дһә дһә һәкә әһә  
 һәкә ма һәкә дһә дһә дһә һәкә әһә әһә

қайыршаң:



## “Батыр” кеніші

Тілейміз жақсылықты “Батырыма”,  
Қараймын сүйсінумен табысыңа.  
Күніне қанша отын жібересің,  
Өмірдің қайнап тұрған қазанына.

**Қайырмасы:** Көмірің жылтыр қызулы,  
Ерітгің болат темірді.  
Қайнатып Ертіс суларын,  
Шығардың будан қуатты.

Алыпсың, теңдесі жоқ бұл өңірде,  
Біледі сені бүгін шетелдерде.  
Байларың ақша беріп гүлденуге,  
Кіргізер ғылым көзін кенішіне.

**Қайырмасы:** Көмірің жылтыр қызулы,  
Ерітгің болат темірді.  
Қайнатып Ертіс суларын,  
Шығардың будан қуатты.

Ішінде жаңа ғасыр, бол айбынды,  
Халқыңа болса мұқтаж, бер қайырымды.  
Жанданып жүріп тұрған мәшиналар,  
Шығарсын артып вагон мол байлықты.

**Қайырмасы:** Көмірің жылтыр қызулы,  
Ерітгің болат темірді.  
Қайнатып Ертіс суларын,  
Шығардың будан қуатты.





## Астана арманым

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі

асықдай, мәңгі, толғана.

Ас та на сағым қым келсе тұрар бі айы  
Ас пақ да жо мен сөз дақ ті ре зі айы  
Бү зік де ай ыс қып әк тұр тұр бі ке  
Ас та дақ, мәңгірмеші, А та ба ба ба ар ман іа ік  
А та на на на ар ма на на на на на сағым  
тұр та на на сағым да...к тұр ая та...н  
на на ба бі ай ар дақ



## *Астана арманым*

Астанам, сен халқымның жүрегiсiн,  
Аспанға қолын созған тiрегiсiн.  
Бүгiнде атың шықты жер жүзiне,  
Ақтадың ата-баба арман iсiн.

**Қайырмасы:** Астанам арманым,  
Қамалсың қорғаным.  
Салғызған Нұрсұлтан,  
Күмбездi ақ ордам.

Астана өнер, бiлiм ортасысың,  
Жаңарған Отырардың қордасысың.  
Бауырыңа жиып алып ұрпағыңды,  
Жаңғырған жаңалықтың жыршысысың.

**Қайырмасы:** Астанам арманым,  
Қамалсың қорғаным.  
Салғызған Нұрсұлтан,  
Күмбездi ақ ордам.

Келесiң бой түзетiп сұлу қыздай,  
Салыпсың әсем үйдi шың құзындай.  
Есiлдi еркелетiп, мөлдіретiп,  
Әлемде жарқырайсың күн нұрындай.

**Қайырмасы:** Астанам арманым,  
Қамалсың қорғаным.  
Салғызған Нұрсұлтан,  
Күмбездi ақ ордам.

## Шіркін-ай

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі.

*ширақ,*

көзін аяулы қар, шырақ қар, көзін аяулы, Шіркін-ай

Ә-мі көзін, шырақ қар, көзін аяулы, Шіркін-ай

Шіркін-ай Шіркін-ай Шіркін-ай Шіркін-ай Шіркін-ай Шіркін-ай Шіркін-ай

Се-мі аяулы қар, шырақ қар, көзін аяулы, Шіркін-ай



## *Шіркін-ай*

Көз алдымда күлімдеп,  
 Сен тұрасың Шіркін-ай.  
 Екі көзің жаудырап,  
 Жымиясың Шіркін-ай.

**Қайырмасы:** Шіркін, Шіркін, Шіркін-ай,  
 Шіркін, Шіркін, Шіркін-ай.  
 Сені сүйген Сұңқардан,  
 Қызғанамын Шіркін-ай.

Үстіндегі ақ көйлек,  
 Көз тартады Шіркін-ай.  
 Биге жүр деп шақырсақ,  
 Қарамайсың Шіркін-ай.

**Қайырмасы:**

Қасындағы Сұңқарды,  
 Қолтықтайсың Шіркін-ай.  
 Тостағандай көзіңді,  
 Айырмайсың Шіркін-ай.

**Қайырмасы:**

Жүрдек-жүйрік қимылмен,  
 Би билейсің Шіркін-ай.  
 Толқынындай теңіздің,  
 Көлбеңдейсің Шіркін-ай.

**Қайырмасы:**

Қол ұстасып сен кеттің,  
 Сұңқарменен Шіркін-ай.  
 Сәтті болсын жолдарың,  
 Тілектеспіз Шіркін-ай.

**Қайырмасы:**



# Мұстафа

Сөзі мен өні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

Асыт, пай

Мұ. ұс та даа ая өле-өлеу баы ел ел мейіт  
Тіле сұл ұрар да сая рай да бау ұраа ұра а та  
Тіле о и біз нақ. баб тау рай саяу  
ая ұрақ та дауі тау рек ді ел өмі ра  
Тіле шк шы та ұрақ ді мейіт бау өл  
таура та сая. ба тау та бау саяқ та ба  
саяу тау бау рек өмі ір ө та мейіт бау  
тау саяқ та таура саяқ тау саяқ та таура  
саяқ таура таура.



## **Мұстафа**

*(Ыбырайханұлы Мұстафа Асылбековке  
мүшел тойына арнап)*

Мұстафа! Ақынсың ғой ел сыйлайтын,  
Сұңқарда самғайды ғой қос қанатын.  
Ойыңнан сөз құрайсың аққан судай,  
Жүректі елжіретіп ән шығатын.

**Қайырмасы:** Тілейміз сізге жүз жасын,  
Бақытты болсын отбасың.  
Қызықпен өмір өткізіп,  
Қасыңда жүрсін жан жарың.

Кеудеңнен күй шығады асқақтаған,  
Батырдай боласың ғой қол бастаған.  
Сөйлетіп домбыраны тартқан кезде,  
Рахатқа батады ғой жұрт тыңдаған.

**Қайырмасы:** Тілейміз сізге жүз жасын,  
Бақытты болсын отбасың.  
Қызықпен өмір өткізіп,  
Қасыңда жүрсін жан жарың.

08.02.2002 ж.






# Балаларыма

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі

селекпей жеміс

дао тау тау на Ау тау тау на на па  
 ммм сат дур на тау тау на на па  
 на на роко Әр бір бау тау па тау  
 га тау тау тау га на на бар тау  
 тау тау на тау ар мм на тау тау  
 па тау тау тау га тау тау па га тау тау  
 тау га тау тау тау тау тау тау тау тау  
 тау тау тау тау тау тау тау тау тау



## *Балаларыма*

Ләззат, Дина, Раушан, Райхан, Маралым,  
Сендер менің көзімдегі жанарым.  
Әрбір басқан қадамдарың ойымда,  
Алла берген қуанышым, арманым.

### **Қайырмасы:**

Жарқыраған жұлдызым,  
Тәрде тұрған құндызым.  
Өмірге келіп қуантып,  
Ән жаздырған бұлбұлым.

Сендер өсіп кетсеңдерде қияға,  
Әке-шешен қалды күтіп ұянда.  
Ұзақ өмір, бақыт тілеп сендерге,  
Күндіз-түні жүресіндер ойымда.

### **Қайырмасы:**

Жарқыраған жұлдызым,  
Тәрде тұрған құндызым.  
Өмірге келіп қуантып,  
Ән жаздырған бұлбұлым.

01.03.2002.






**Екібастұз менің мақтанышым**

Сөзі мен әні  
Садықұлы Сағадат Әбікеевтікі

орташа

Музыкальное произведение в нотном письме с пятью системами. Каждая система состоит из нотной записи и соответствующих ей казахских слов. В начале каждого предложения нотной записи присутствует звездочка (\*). В конце произведения нотная запись завершается двойными точками и вертикальной линией.

Мәңгі ұя не әліне менің де  
және тұрған барлық үйлер  
менің менің де рәкім менің де  
тұрған барлық үйлер менің де  
менің бар менің де рәкім менің де  
менің бар менің де рәкім менің де  
менің бар менің де рәкім менің де



## *Екібастұз менің мақтанышым*

Мақтанамын мен қалама тұратын,  
Зәулім үйлер кеш шамдарын жағатын.  
Үлкендері ақылды да сабырлы,  
Ұрпақтары ұшты қағып қанатын.

**Қайырмасы:** Қалам менің көмірлі,  
Жастары бар өнерлі.  
Байлығы мол жанында,  
Ел жұртымыз көңілді.

Көміріңмен атың шықты әлемге,  
Ата-баба қаны тамған жерінде.  
Суын ішіп, қуат алған бойына,  
Батыр, Ақын, Даналар мен Әкім де.

**Қайырмасы:** Қалам менің көмірлі,  
Жастары бар өнерлі.  
Байлығы мол жанында,  
Ел-жұртымыз көңілді.

Көтересің ұрпағыңды биікке,  
Адал бол деп Егеменді еліңе.  
Ақтап жүр ғой аманатын халқының,  
Ұл-қыздары өскен қала ішінде.

**Қайырмасы:** Қалам менің көмірлі,  
Жастары бар өнерлі.  
Байлығы мол жанында,  
Ел-жұртымыз көңілді.

*8.08.2002 ж.*




# Біз өсеміз жаңа ғасыр ішінде

Сөзі мен әні

Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

*алғашқы*

Біз ө се міз жа ңа ға ыр іш іш ңе  
 бе рін бо лар а ға ба ба і сі не  
 кө ға ре міз мақ бағ ра ға е іш міз  
 көр се ға міз таар тау сі не көр міш ңе  
 ға ға ға міз е ішіш міз көр ға ра көр  
 көр ал ға ба ма ға ға ор бағ біз  
 ға ға өс іш мақ ма ға



## *Біз өсеміз жаңа ғасыр ішінде*

Біз өсеміз жаңа ғасыр ішінде,  
Берік болып ата-баба ісіне.  
Көтереміз көк байрағын елімнің,  
Көрсетеміз жер жүзіне күшін де.

**Қайырмасы:** Ұрпағымыз елімнің,  
Күн нұрынан нәр алған.  
Болашағы ертең біз,  
Гүлдей өсіп жайнаған.

Орман сулы, құнарлы бай жеріміз,  
Өнерлі де өнегелі еліміз.  
Санамызға ғылым тілін кіргізіп,  
Өркениет елдермен тең боламыз.

**Қайырмасы:** Ұрпағымыз елімнің,  
Күн нұрынан нәр алған.  
Болашағы ертең біз,  
Гүлдей өсіп жайнаған.

Алмас жүрек Елбасына ұқсаймыз,  
Жауға қатал, досқа жылы жүзіміз.  
Арыстандай батыл қимыл айбармен,  
Тіліміздің тазалығын сақтаймыз.

**Қайырмасы:** Ұрпағымыз елімнің,  
Күн нұрынан нәр алған.  
Болашағы ертең біз,  
Гүлдей өсіп жайнаған.

## Қазақстан темір жолы

Сөзі мен өні

Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

асықпай


тұр діз ау ні да молы тап қай тұр ру де ай ба сің ді

са тұр ба бақ кө ру де ма тұр а:ад ба раң дәр де

қар ма май дәр ма сің де і ма ма ді ба-рік де

тап дәр а өзк тап тап руқ қай тұр бақ тап ма тап ма а ма тап

тап бап бап ді мап ма тап мап тап мап бап ма ді піс ірек



## *Қазақстан темір жолы*

Күндіз-түні дамыл таппай жүруде,  
Еңбегінді ел қызығын көруде.  
Ыстық, аяз, борандарда шаршамай,  
Дер кезінде апарасың бәрін де.

**Қайырмасы:** Жолды ашшы көк жарықпен,  
Жүгім ауыр мен алыстан.  
Жібер бізді көп ұстамай,  
Заттарым бар әр жерлерден.

Түзу жолың темір созып салынған,  
Ашаларға мыс сымдары тартылған.  
Асыл тастай тізіп қойған төшпыққа,  
Жаққан шамың жарқырайды алыстан.

**Қайырмасы:** Жолды ашшы көк жарықпен,  
Жүгім ауыр мен алыстан.  
Жібер бізді көп ұстамай,  
Заттарым бар әр жерлерден.

Жүйрік аттай шауып кетіп барасың,  
Жақындаттың Алтай, Атырау арасын.  
Үлкен кіші келуінді күтеді,  
Біледі ғой жәйлі вагон келетін.

**Қайырмасы:** Жолды ашшы көк жарықпен,  
Жүгім ауыр мен алыстан.  
Жібер бізді көп ұстамай,  
Заттарым бар әр жерлерден.



## Саған айтам.

Сөзі мен әні  
Сағадат Садықұлы Әбікеевтікі

### Асымқұлай

Музыкалық сөз: Асымқұлай

Музыка: Сағадат Садықұлы Әбікеев

Музыкалық сөз: Асымқұлай

Музыка: Сағадат Садықұлы Әбікеев

Музыкалық сөз: Асымқұлай

Музыка: Сағадат Садықұлы Әбікеев

Музыкалық сөз: Асымқұлай

Музыка: Сағадат Садықұлы Әбікеев



### *Саған айтам.*

Жүрегімді ауыртпашы, қалқашым,  
Сенен артық ешкімді мен таппадым.  
Күлімдеші бері қарап, жадырап,  
Өзіңсің ғой, құмарытып, тапқаным.

Ойнап, күлші маған қарап сылқылдап,  
Ағайын мен, тау суындай сарқырап.  
Ашшы маған, жүрегіннің бір шетін,  
Ішінде мен, жуынайын салқындап.

Қанша алыс кетсек-тағы, жастықтан,  
Жан-дүнием арылмаған, ыстықтан.  
Сен жақындап, қолың тисе денеме,  
Бергендейсің қуатты күш, тамырдан.

Бала сүйдім, өмірде мен жарқырап,  
Асырадым, ер жеткіздім, арқалап.  
Енді міне, қызық көрдім жалғанда,  
Алдымда тұр, ұрпақтарым аталап.

Сөкпе мені, жазасың деп өленді,  
Қалай жұтам, ойға келген сөздерді.  
Махаббаты еркек-әйел мәңгілік,  
Жастай сүйіп, бірге сүрсе өмірді.

28.02.2003 ж.

*Екібастұз қаласы*







### *Сағындым сені, ауылым*

Ортасында кең даланың жарқырап,  
Ағып жатыр өзен суы сарқырап.  
Ауылым тұр жағасында қорықтың,  
Жұпар исі шығып жатыр бұрқырап.

**Қайырмасы:** Анасындай қазақтың,  
Сұлу менің ауылым.  
Бабасындай ұрпақтың,  
Асыл мұра ауылым.  
Сағындым ғой, ауылым,  
Сағындым ғой, ауылым.  
Жас күнімде әлпештеп,  
Әлдилеген анашым.

Қымызына құрт пен майын қосқанда,  
Қысқы сүрін жазды күні асқанда.  
Жегенінде дәмі кетпес аузыңнан,  
Көңіл-күйің самғап ұшар аспанға.

**Қайырмасы:** Анасындай қазақтың,  
Сұлу менің ауылым.  
Бабасындай ұрпақтың,  
Асыл мұра ауылым.  
Сағындым ғой, ауылым,  
Сағындым ғой, ауылым.  
Жас күнімде әлпештеп,  
Әлдилеген анашым.

Жастарымен ауыл көркі жайнайды,  
Жас нәресте туса бәрі тойлайды.  
Дастарханы дәмге толып балменен,  
Семіз еттер қазанында қайнайды.

**Қайырмасы:** Анасындай қазақтың,  
Сұлу менің ауылым.  
Бабасындай ұрпақтың,  
Асыл мұра ауылым.  
Сағындым ғой, ауылым,  
Сағындым ғой, ауылым.  
Жас күнімде әлпештеп,  
Әлдилеген анашым.

Өзгермеген ауыл маңы бүгінде,  
Елестетет жас кезімді өзіме.  
Ойнап, күліп қызығына тоймаған,  
Аңсап жүр ғой ұрпақтары өмірде.

**Қайырмасы:** Анасындай қазақтың,  
Сұлу менің ауылым.  
Бабасындай ұрпақтың,  
Асыл мұра ауылым.  
Сағындым ғой, ауылым,  
Сағындым ғой, ауылым.  
Жас күнімде әлпештеп,  
Әлдилеген анашым.





### *Балаларыма тілек*


Ауыздарыңа Алланың сөзі түссін,  
Алдарыңда жарқырап нұры тұрсын.  
Қысылғанда қамқор боп, қорғаныш боп,  
Қыдыр қолдап, періште жебеп жүрсін.

Сыйласандар бір-бірінді асыл заттай,  
Өмірде қайталанбас енді сіздей.  
Үлкенге көрсетсеңдер сый мен құрмет,  
Жүздерің жайнап тұрар туған айдай.

Іздендер адал досты өмір ойлап,  
Жетерсің мұратыңа күліп-ойнап.  
Келгенше шамаларың, жағдайларың,  
Кемтарға рахым жаса, барды беріп.

*14.08.1995 ж.*





## **Сағадаттың 60 жылдығына**

Сағадат тойлап отыр 60 жасын,  
Қамалдың бұзар кезде тау мен тасын.  
Біз саған шын жүректен тілек еттік,  
100 деген санға жетсін сенің жасын.

Құттықтаймыз 60 жылдық тойыңменен,  
Алдағы өмір өтсін күлкі-ойынменен.  
Ағайын мен жолдастарың құрметтесін,  
Өмірде көңіліңе кір түспесін.

Достықпен, туыстықтан қалыспайық,  
Жастық күннен біз міне алыстадық.  
Тірлікте сыйластықтан бар ма артығы,  
Сыйлы болып бұдан әрман қарыштайық.

Мәзиза-Қайыржан  
Мамыр айының 6-сы,  
жылқы жылы



### *Бәтимаға туган күніне тілек*

Шаңырақтың тірегі сен бүгін,  
Дастарханның гүлденуі сенің нұрың.  
Еңбек етіп бес баланды өсіріп,  
Маған да қуат берген сенің жүзің.

Түспесінші әжім сенің бетіңе,  
Аймаласын жас нәресте – немере.  
Қуаныш пен денсаулығың мол болып,  
Жетектеші бізді алдағы өмірге.

*2 наурыз 1992 ж.*





### *Қайыржанның 60-қа келуіне арнау*

Уақыт өтіп барады, аққан судай,  
Білінбей жылдар кетті, еріген мұздай.  
Қайыржан, сен кешегі алғыр жігіт,  
Кеніште жүгіруші ең бір мойымай.

Қайратты жұмсадың ғой, көмір үшін,  
Аянбай, жүргізем деп бөлімшесін.  
Еңбегің елің үшін бос кетпеді,  
Қопардың көмір үшін, жер қыртысын.

Еңбегің марапатталды талай рет,  
Кеуденде үш белгі тұр, бұл керемет.  
Темірден жол салғыздың күні-түні,  
Өзіңе бағынатын зор табиғат.

Ұмытпас еңбегінді ұрпақтарың,  
Ізің жатыр кеніште, жер басқаның.  
Өмір жолың жастарға үлгі болып,  
Мақтанады сені ойлап жолдастарың.

Құттықтаймыз торқалы тойынменен,  
Ата болып, алпысқа келгеніңмен.  
Ақыл ойың тең болсын өмірінде,  
Қол ұстасып өмір сүр Мәзизәңмен.



Жетпісті – жігіт кезіндей жүгіріп өт,  
 Сексенді – қайрат-күшiң кемiмей секiрiп өт.  
 Тоқсанда – тоғыз қабат арқанды үзiп,  
 Жарқырап, күн нұрындай жүзге де жет.

30.10.1993 ж.

### *Оралмас өтiп кеткен өмiр шiркiн*

Айтшы, ботам, жүрек жәйлі бiр әндi,  
 Ойға алайын балалық шақ өмiрдi.  
 Көкке ұшып аспанда бiр қалықтап,  
 Аралайын туып-өскен өңiрдi.

Тауларынан жуа жейiн тойғанша,  
 Бұлағынан су iшейiн қанғанша.  
 Көлдерiнен жүзейiн мен құс қуып,  
 Күннiң нұры ұясына батқанша.

Аралайын әкем жүрген жерлерiн,  
 Ойға алайын асыл айтқан сөздерiн.  
 Үлкендерi ауылымның жиылып,  
 Әзiлдесiп, масаттанып күлгенiн.

Әке, шiркiн, арқа сүйер тiрегiң,  
 Аямайды ол, мәңгi сенен жүрегiн.  
 Сенi көрiп, тәуба айтар өмiрге,  
 Арманы жоқ, қияды жанын сен үшiн.



Еске алайын туған анам бейнесін,  
Су әкеліп, шөй қайнатып жүргенін.  
Үй шаруасы қанша қиын болса да,  
Дамыл таппай азапты өмір сүргенін.

Қайран анам, ерте кетті жалғаннан,  
Тастап кетті құрт, майларын жинаған.  
Жеті жетім қала берді артында,  
Панасы жоқ, күні-түні жылаған.

Ойға алайын туыстарды сағынып,  
Жүруші едік күліп-ойнап, шуласып.  
Дүние жалған жұтады екен бәрін де,  
Жатыр, әне, оларды да жер басып.

Елестетіп бейнелерін мен көрейін,  
Елжіреп көз жасымды бір төгейін.  
Сағынып қанша ойласам, айғайласам,  
Оралмас өтіп кеткен өмір шіркін.

*08.12.1995 ж.*



*Бәтима жеңгейге*

Өмір-өзен, жүздің де ағысымен,  
Жеңгей елге танылдың әр ісінмен.  
Азаматтың көбінен биік тұрсың,  
Ұлттық және адамдық намысыңмен.

Қарындас боп үлкенге қатар жүрдің,  
Көтерген де кез болды атан жүгін.  
Қайны-бауыр боп жүрген жігіттер-ау,  
Келіп қапты алпысқа апаң бүгін.

Бойжеткен қыз кешегі жайнандаған,  
Жайлауында жастықтың сайрандаған.  
Күндер өтті, жас жігіт Сағадаттай,  
Ағамыздың жүрегін ойрандаған.

Бүгін жүрсін мәпелеп ағамызды,  
Әлпештейсін қария анаңызды.  
Сәндендіріп отбасы ынтымағын,  
Аялайсың немере, балаңызды.

Біріне – қыз, біріне – адал жарсың,  
Ана болып, әже боп жаралғансың.  
Ден сау болса, ертең-ақ немере емес,  
Шөберенің қамына аландарсың.



Ағам жақсы көреді “аппағым” деп,  
Өзіңізге арнайды тақпағын көп.  
Ұзақ өмір, шат көңіл – тілейтінім,  
Ата берсін бақытпен ақ таңың тек.

1998 жыл



### *Туған жердің бейнесі*

Туған жердің бейнесі,  
Қуантады өзінді.  
Ойға түсіп балалық шак,  
Жібітеді сезімді.

Шөбі асыл қорықтың,  
Емі ғой көп аурудың.  
Ауасын жұтсаң өкпеңе,  
Нұры жанар көзіңнің.

Суы мол ғой өзеннің,  
Ішсең қанар сусының.  
Қамысы қалың көкжасыл,  
Мекені ғой құсының.



Масақ теріп аңыздан,  
Жуа жегем тауынан.  
Шөпке оранып суықта,  
Пана тапқам талынан.

Қарабұлақ таулары,  
Қыс малдардың қорғаны.  
Береді күшін денене,  
Жылжып аққан бұлағы.

Қозғанбайдың басында,  
Тас атушы ек алысқа.  
Тазалап бидай қырманда,  
Тойюшы едік талқанға.

Тырнауышқа секіріп,  
Міндік талай алысып.  
Жұмысты аяқтап бітіріп,  
Ән салушы ек қосылып.

Қайда екен сол жастар,  
Жастай азап көргендер.  
Жетгі ме екен мұратқа,  
Арманы көп құрдастар.

Тұр ма екен аттары,  
Мұражайдың төрінде.  
Қадірлеп күтіп жастары  
Еске алса бүгінде.



### *Жұмағалиға тілек*

Келіпсің бүгін сен де елу жасқа,  
Ойың терең, ұқсайсың асыл тасқа.  
Қыз мінезді, ақкөңіл ақыным-ау,  
Жырларыңа үн қосады жел мен құс та.

Сайраған Екібастұздың бұлбұлысың,  
Еліңнің мақсатымен ой бөлесің.  
Қазақ тілін жұртыңа сөйлетем деп,  
Халық алдында ұрандап көтересің.

Үйіңе бақыт құсы келіп қонсын,  
Қыдырлар әр ісіңе көмек берсін.  
Шаңырағың жарқырап нұрға толып,  
Тең құрбыңнан бақытың үстем болсын.

Өмірдегі нәсібің таудай болсын,  
Дастарханың гүл жайнап дәмге толсын.  
Үй-ішің, жолдасыңмен аман болып,  
Ақындығың асқақтап көкке ұшсын.

*Қаңтар 1999 ж.*

*Тәбиғат,  
құтты болсын 60- жасың!*


Бір кезде бала едің еркелеген,  
Әке-шеше арқасында түк білмеген.  
Өмірдің ащысы бар, тұщысы бар,  
Қиындыққа төзем деп ойламаған.

60-жаста көрдің ғой талай қызық,  
Азапты да тарттың өмірге көніп.  
Өсірдің ұл мен қызды жұрт қатарлы,  
Шаңырағың гүлденді өсіп-өніп.

Бүгінде арманың жоқ, бала сүйдің,  
Табысын жан-жарыңның үйіңе үйдің.  
Жаныңа жинап алып туыстарды,  
Ақ-бәйбіше ақылды сыйлы болдың.

Орнын бастың атаң мен енеңнің де,  
Ұмытпайсың әкең мен шешенді де.  
Жасаған саған ұзақ өмір беріп,  
Көрсетсін көрмей кеткен қызығын де.

Өкпелеме туыстар, өкпелеме!  
Ауру болды аяққа кіргеніне.  
Қуанышқа ортақпыз, шын көңілмен,  
Бәтима мен Сағадат тілегі де.



**Қазизаға**  
**(мерейтойына балаларының атынан)**

Мерейтойың құтты болсын, Ана-жан,  
Өмірге әкеп біздерді қуанған.  
Нұрға толы жарқыраған жүзіңіз,  
Қанат беріп бізді ұядан ұшырған.

Жас кезіңнен жұмыс істеп талпындың,  
Бата алдың Әке менен шешеннен.  
Қиындыққа қарсы тұрып қаймықпай,  
Жас та болсаң еңбектеніп, шаттандың.

Тірек болдың Әкеңе жас кезіңнен  
Қандай қиындық өтсе де өз басыңнан.  
Шаршап жұмыстан үйіңе келгенде,  
Сені көріп бауырларың мәз болған.

Кездестің ғой асыл жарың Әкеме,  
Алла қосты өмірге біз келуге.  
Отауыңның шаңырағы биік боп,  
Өсірдіңдер ұл мен қызды бүгінде.

Ойламандар кетті олар алысқа,  
Көтереміз қолға ұстап аспанға.  
Төрге төсеп мамық көрпе, жастықпен,  
Күтеміз қарызымызды ақтауға.





## *Дарынды жанға береді*

Дарынды жанға береді,  
Ақылды, ойлы сөздерді.  
Жігер мен қуат бойында,  
Сабырлы, нұрлы көздерді.

Денеңде тулар қасиет,  
Алладан келсе ұлықсат.  
Ғылымның нұры жетелер,  
Жалғаннан таппақ асыл зат.

Тұңғиық ойға апарар,  
Жолыңды тап деп итерер.  
Ұста деп бақыт құсыңды,  
Еріксіз жанды жебелер.

Ұйқы да қашар бойыңнан,  
Тапқанша жолды ойыңнан.  
Еңбегің жанса егер де,  
Жұлдызың шығар алдыңнан.

Қайратың болса қажырлы,  
Іздерсің қазып тереңді.  
Жүрегін тулап секіреді,  
Ағызып бойдан терінді.

Өнердің жолы ауыр ғой,  
Сұрайды сенен терең ой.  
Ғылымның ашып беттерін,  
Өмірден көрсет сенде бой.



Абайды оқы жасыннан,  
Шығарма сөзін басыңнан.  
Сабырлы жүзің жарқырар,  
Тастамай жүрсең есіңнен.

Қаныштай болсын қайратың,  
Талантың жөйнап тұратын.  
Әлемге атың жайылып,  
Қадірлеп халқың сыйлайтын.

Күтеміз сенен ұрпақтар,  
Байлығы мол жерің бар.  
Меңгеріп терең ғылымды,  
Еліңнің даңқын қорғандар.

*12.03.1999 жс.*





### *Қаныш аға біздерге өнеге еді*

Жарқырап шақырасың “Саумал көлім”,  
Көңілді жібітесің бойлап түбін.  
Қамысың, жартаспенен күлімдейді,  
Есімде жүр ғой менің өткен күнім.

Жүрушем аралап мен айналанды.  
Терушем от жағуға қарағайды.  
Суық қыс, ыстық күнде шаршамадық,  
Шөп жинап, тазалаумен қораларды.

Ойлаушем сол кездерде көп нәрсені,  
Қалайша қиып кетем туған жерді.  
Қызықтап жүгірген аң, ұшқан құсты,  
Бұлақтан рахаттанып су ішуді.

Барушем Қаныш болған қалашыққа,  
Қойыпты оның атын “Жаңа қала”.  
Аштықта тұрғындары босып кетіп,  
Қалыпты құт-мекеннің жұрты ғана.

Жаз жайлауға көшетін Сәтбай ауылы,  
Жағалап жүрген көші Саумал көлді.  
Алдында мал айдаған салт аттылар,  
Ішінде жас жігіт бар ұзын бойлы.



Сол жігіт талай ішкен бұлақ суын,  
Көлге келіп шомылып, суда жүзген.  
Құмартып төңірекке көз жіберіп,  
Қонысқа ыңғайлы деп ақыл берген.

Ойлайтын сол күндерді үлкендерім,  
Жарысып атқа мініп күлгендерін.  
Үй тігіп Шідертінің жағасына,  
Ән салып алтыбақан тепкендерін.

Жас Қаныш қалың өскен шөпті көрді,  
Ойына Асанқайғы сөзі түсті.  
Шіркін-ай, қалай тауып айтты екен,  
“Шідерлеп қойған аттар семіреді”.

Сол жылы Сібірге асты ол оқуға,  
Оралмады талай жаз ол ауылға.  
Естідік Қаныш бопты ірі ғалым.  
Тауыпты мыстың қорын Жезқазғанда.

Айтты да Қазыкен аға ойға кетті,  
Өткенді көз алдына елестетті.  
Сендер де оқу-білім жолын қуып,  
Болындар Қаныштай ел мақтанышы.

Жылдар өтті арада оқуменен,  
Білім қуған зердеге тоқуменен.  
Хабар келді Надира апамыздан,  
Қанағам дәм татпақ - деп біздің үйден.

Сәлем бердік ағаның қолын ұстап,  
Қуаныштан лүпілдеп жүрек тулап.  
Қайта-қайта қараймыз біз жүзіне,  
Аузынан шыққан сөзін қағып тыңдап.


Сәлем беріп Қаныш аға үйге кірді,  
Артынан ақсақалдар ере жүрді.  
Үстіңдегі костюмін шешіп тастап,  
Төрге озып, жайланып демін алды.

Үй жағдайын сұрады бәрінен де,  
Көңіл айтты өмірден өткендерге.  
Ағасы мен баласын ойға алғандай,  
Күрсініп қолын салды кеудесіне.

Шәй келді, әңгіме де қызып кетті,  
Қанышқа үлкен-кіші мұңын шертті.  
Қазақтың жақсыларын еске алумен,  
Отырғанда бірталай уақыт өтті.

“Қаныш-жан” – деді отырған ақсақал,  
Көп болды естімеген дауысыңды мол.  
Қолға алып домбырамен ән шырқашы,  
Кіргізіп кеудемізге бір самал жел.

Абайдың айтып берді көп әндерін,  
Тәтінің еліменен қоштасқанын.  
Домбыраның құлағын қайта бұрап,  
Бастады Сегізсері толғауларын.



Әнді аяқтап Қанаған демін алды,  
Диванға сүйеп қойып домбыраны.  
– Ризамыз, – деді қарттар қауқылдасып,  
Көргендей болдық өткен асылдарды.

Қонаққа қонақасы тартылды да,  
Кірісті ет турауға жастары да.  
Қанышқа бас ұсынды үлкендері,  
Асатшы деп қолыңмен бастан құйқа.

Басты ұстап ризалықпен Қаныш аға,  
Көз салды байыппенен жан-жағына.  
Тураған қой басының әр мүшейін, (мүшесін)  
Өз қолымен таратты барлығына.

Еттен кейін үлкендер берді бата:  
“Қанышжан, келдің ғой сен елу жасқа.  
Денсаулық, ұзақ өмір біз тілейміз,  
Үлгі бол қазағымның баласына!”

– Ағайын келдік, міне, орта жасқа,  
Өткіздік туған күнді Жезқазғанда.  
Сіздермен жүздесіп бір қалайын деп,  
Отырмын келіп міне ортаңызға –

Деді де Қаныш аға бір күрсінді,  
Өмірдің заңы бар ғой бізден күшті.  
Адамдар ертелі-кеш кетеді ғой,  
Ішетін бітсе дәмі жалғандағы.



Ал, енді, беріңіздер рұқсат бізге,  
Жетуіміз керек бүгін Шідертіге.  
Жағасын аралауға құштарлымын,  
Атқа мініп әкеммен жүрген жерге.


Қырлары Қарайғырдың деймін көрсем,  
Аралап баурайынан жидек тергем.  
Өзенін Амантаудың жоғары өрлеп,  
Анай мен Қызылтасқа талай барғам.

Ер жігіттің бір жұрты нағашысы,  
Жиені нағашының жан еркесі.  
Ауылына анда-санда барғанымда,  
Болушы ем көргендей боп анашымды.

Соққасын Ақкелінге Баян барам,  
Сондағы туыстарға сәлем берем.  
Әкем мен шешем жатқан жерге барып,  
Басына дұға оқып, тәжім етем.

Тілеймін мен сіздерге амандықты,  
Халқыма берсін Алла тиыштықты.  
Уақыт болса, бұл жаққа келіп тұрам,  
Көруге кіндік кескен атажұртты.

Үйден шығып далаға демін алды,  
Күтіп тұрған жастарды көзі шалды.  
Қол жуып, бет сүрткен соң орамалмен,  
Жандарына олардың жақындады.



Тұрған жастар қоршап алды ағаны,  
Түсі жылы, ұзын бойлы дананы.  
Барлығы да қарап қалған бетіне,  
Тыңдауға әзір ұлы тұлға ғалымды.

Қаныш аға сұрады жағдайларын,  
Білмекке алға қойған мақсаттарын.  
Білімді, мамандықты меңгеріңдер,  
Байлығын игеруге туған жердің.


Сендерсің келешегі отаныңның,  
Тірегі үміт күткен халқымыздың.  
Істеуге алдарында жұмыс дайын,  
Ашамыз Екібастұз көмірлерін.

Жағалай үлкендермен қол алысты,  
Құшақтап туыстары төс соғысты.  
Бәріменен қоштасып болғаннан соң,  
Бұрылып маған қарап біраз тұрды.

“Салем айт Мәжікен мен Қайырбекке,  
Нөгербай, Садық және Төлегенге.  
Бәрі де Ғазизбенен құрдас еді,  
Бір кезде тірек болған төңірекке”.

Аттандырып ағаны жол болсын деп,  
Артында қала бердік тілек тілеп.  
Араға қанша жылдар өтсе-дағы,  
Қанағаң ойға оралса соғар жүрек.





Қалаға Қаныш аға талай келген,  
Жағдайын Екібастұздың өзі көрген.  
Үйлердің салынып жатқан көріп ішін,  
Халықтың тұрмысына көңіл бөлген.

Аралап үлкендерге сәлем берген,  
Жанында Әди ағай еріп жүрген.  
Сапары аяқталып аттанарда,  
Шәріп молла, ғалымға бата берген.

Бұдан бұрын Қанышты талай көргем,  
Деп айтатын кездессек Әди ағам.  
Кремльде болғанда мені іздейтін,  
Құшақтайтын бауырым деп қайран данам.

Ұмытпас Қанағанды қазақ елі,  
Жадында әр адамның дана – ері.  
Ғасырлар отанына қызмет етер,  
Ғалымның жер астынан тапқан кені.

*28.02.1999 жыл*





## *Тілек Қуанышқа*

Бұл күнде кім біледі Уақыт атын,  
Қадырлы ел сыйлаған азаматын.  
Өмірі қазағымның жақсарсын деп,  
Жинады үйренсін деп қала салтын.

Ащы су тұзы кетпес ерініннен,  
Жел өтеді үргенде өңменіңнен.  
Осы жерден қаланы саламыз деп,  
Дамыл таппай халқына еңбек еткен.

Талай түн көрмей ұйқы өткізетін,  
Қысып алып бауырына Қуанышын.  
Келешегі Екібастұз үлкен ғой деп,  
Ұрпағыма қоныс жер осы дейтін.

Сәулетті қаламызға үй салынды,  
Елуге Қуаныш та міне толды.  
Жолдасы Бақытпенен еңбек етіп,  
Ұшырды ұясынан төрт баланы.

Аурулар бойыңа сенің жоламасын,  
Күш-қуатың жақсарып арта берсін.  
Дастарханың мол болып дәмге толып,  
Қасыңа еріп Бақытың бірге жүрсін.

## Аңсаймын


Аңсаймын сәби болып жатқанымды,  
Ынырсып дыбыс беріп жылағанды.  
Әлдиін естіп жатып анашымның,  
Маужырап аяқ-қолмен керілгенді.

Аңсаймын әнмен қосып тербеткенді,  
Сылдырлатып соғатын сылдырмақты.  
Жан-жаққа көзімді ашып қарап алып,  
Кеудесінен анамның нәр татқанды.

Аңсаймын аяқ басып жүргенімді,  
Қуанып үлкен-кіші күлгендерді.  
Шәшу шашып айқайлап әжелерім,  
Тәтті нан мен ірімшік жегенімді.

Аңсаймын асық ойнап шуласқанды,  
Суға түсіп, жүгіріп алысқанды.  
Қымыз ішіп сусындап болғаннан соң,  
Ойнап-күліп білмеуші ек шаршағанды.

Аңсаймын тырнауышқа мінгенімді,  
От жағуға қараған тергенімді.  
Қуанышым қойныма сыймай-тұғын,  
Алыстап көргенімде киіз үйді.



Аңсаймын соқаменен жер жыртқанды,  
Суық қар борандарда тоңғанымды.  
Жалаң аяқ, жалаң бас, жыртық көйлек,  
Тастан-тасқа құс қуып секіргенді.

Аңсаймын әкем жүрген жерлерді,  
Ат шалдырып, сиыр баққан күндерді.  
Талай қызық әңгімелер айтатын,  
Көрген олар ашаршылық өмірді.

Күлімдеп жанымда тұр Тақу аға,  
Бұған да шүкіршілік бір Аллаға.  
Үлкеніміз, ағамыз осы кісі,  
Жасыңыз ұзарсыншы елу жылға.

Аңсаймын туған жерді ойға алып,  
Бұлдырайды көз алдымда артта қалып.  
Бүгінде жетпіс жасқа келгенімде,  
Жүрегім елжірейді, дем тарылып.

*12.2000 ж.*





### *Бақтыбайға тілек*

Бақтыбай, құтты болсын туған күнің,  
Қырық жас толықсыған өмір күшнің.  
Жан жарың, ұрпағыңмен аман болып,  
Алдыңда жарқырасын түзу жолың.

Әруағы бабалардың қолдай берсін,  
Шаңырағың жарқырап нұрға толсын.  
Денсаулығың мол болып, аман болып,  
Бақыт құсың қолыңа келіп қонсын.

Үбібай ел жұртына қамқор болған,  
Көмегін ағайынға беріп тұрған.  
Ұрпағы осы кісінің бүгін сенсің,  
Жылқы бағып халқыңнан бата алған.

Інісі Жолдыбайға жылқы біткен,  
Жылқыны он бір жаста өзі күткен.  
Бірігіп ағайындар қиын кезде,  
Мал бағып жылқыменен өмір сүрген.

Алла қолдап тілегінді қабыл қылсын,  
Басыңа кетпес дәулет бақыт қонсын.  
Бақытың қатарыңнан үстем болып,  
Жұлдызың аспандағы жәйнап тұрсын.

*Сагадат-Бәтима  
28.04.2001 жыл.*



## *Елубай Мазақбайұлына*

Мәңгілік қалу жоқ қой бұл өмірде.  
Құбылған өзгеріс көп жер жүзінде.  
Біреу келіп, біреуге кету парыз,  
Заңы ғой бір Алланың бұл біздерге.

Айналып жан-жағыңа қарасандар,  
Азайып қайда кетіп барасындар.  
Өмірден кетпейтіндей жүрген қауым,  
Бүркеніп жер жамылып жатырсындар.

Қараймын Елубайға – алып дене,  
Нәзік жүрек қайырымды қандай пенде.  
Мәйітке рахым жасап Алла алдында,  
Денесін тапсырады жұмсақ жерге.

Рахымына Алланың жүзің толсын,  
Рухы аруақтардың пана боп жүрсін.  
Тілейміз қолды жайып бір Алладан,  
Жасаған саған ұзақ өмір берсін.

Жалған-ай, жалған, жалған де,  
Қаларсың ертең бізден де.  
Қызығын көріп өмірдің  
Жарқырап жүрші кеткенше

19.04.2001 жс.



### *Өмірдің өткел жолы.*

Көктен көрдім бір жұлдыз,  
Жеке-дара түр жалғыз.  
Қараймын мен таңғалып,  
Көрмедік бұрын неге біз.

Алыс айдын аспанның,  
Қай жерінен тудың сен.  
Бір Алла ғой жаратқан,  
Көрсін деп әлем аумағын.

Таптың орын сауғалап,  
Сезесің бе сен оны?  
Күн нұрынан нәр беріп,  
Қызығар саған көк жүзі.

Аспанда көп жұлдыздар,  
Ән салады қуаныш.  
Шолпан жұлдыз, үркерлер,  
Созады қолын мәз болып.

Аспан-әлем жүзі көк,  
Өзгелерден жол бөлек.  
Қалки берші қорықпай,  
Алла ғой сенде бар тірек.

Иіліп сәлем бересің,  
Күн мен жұлдыз, айға да.  
Қиығын тастап көзіңнің,  
Қарайсың жер-анаға.



Жерді көріп таңғалдың,  
Ғажабы деп Алланың.  
Жарқыраған жүзі бар,  
Жұмағы ғой жалғанның.

Болғасын өмір ұясы,  
Күн сәулесін құяды.  
Бар тіршілік иесін,  
Құшағын ашып жияды.

Күн батады, ай туып,  
Жаз өтеді, қыс суық.  
Келіп-кетіп жатады,  
Тіршілік өмір алмасып.

Жан-жануар бәрі де,  
Тіршілігін сүруде.  
Жердің жүзі өте бай,  
Әркім рызығын теруде.

Адамзатты дана қып,  
Ақыл, ойды беріпті.  
Жердің бетін жайнатып,  
Өсірді гүл-шөп, жемісті.

Сөйлесін деп адамға,  
Тіл беріпті көрікті.  
Жерден байлық табуға,  
Ақыл мен ойды, сезімді.



Жаратқанда бір Алла,  
Жүректі салды кеудеге.  
Бар мүшесі орнында,  
Асыл-көз, қабақ көруге.


Жердің жүзі, адамға,  
Қоныс болды жалғанда.  
Еркін берді дүниенің,  
Обалдық қылмас баршаға.

– Ей адамзат, – деп Алла,  
Жылдар өтер, ғасырда.  
Сақта жерді бүлдірмей,  
Екеу емес бұл ғаламда.

Сендерді мен жараттым,  
Рахат өмір көрсін деп.  
Жүрегіне жан салдым,  
Тылсым сырын сезсін деп.

Басындағы миыңа,  
Жаздым жұмбақ сызықты.  
Өмір сүрген жылдарда,  
Көрсін деп жерден қызықты.

Рахымдық пен адалдық,  
Зұлымдық пен арамдық.  
Қатар жүрер сеніммен,  
Абай бол, қылма надандық.



Жерді бөліп ұлысқа,  
Ұлт боларсың, тіл басқа.  
Сол уақытта өзгеге,  
Жасауға зорлық тырыспа.

Ескертемін адамзат,  
Алла жолы саған хақ.  
Ауытқыма сол жолдан,  
Күтеді сонда алдан бақ.

Аманатын Алланың,  
Ұмытты бұл адамзат.  
Байлық қолға түскесін,  
Қалмады мида ар-ұят.

Сайлады өз патшасын,  
Тұрғызды көп қаласын.  
Әскер жинап жан-жақтан,  
Қолына алды қылышын.

Үстемдігі байлардың,  
Кедейлерге заң болды.  
Үкімімен патшаның,  
Түрмеге қамап, айдады.

Бір-бірімен соғысты,  
Қанға бояп даланы.  
Зар жылатты сорлатып,  
Аналар мен баланы.



Сорлаған жұрт жылауда,  
Алладан һәм сұрауда.  
Құтқар бізді азаптан,  
Деп, күні-түні зарлауда

Мұндай зорлық азаптан  
қазақта шет қалмады.  
Малын алып ел-жұрттың  
Соғыс өрті кеп жалмады.

Талай батыр ел үшін,  
Қан майданда мерт болды.  
Азалап асыл ерлерін,  
Халық көзіне жас толды.

Қазақ жері асыл деп  
Малға жөйлі өріс көп.  
Қалмаққа қол жиғызды  
Қарулар беріп, соғыс деп.

Айласына патшаның,  
Қалмақ көніп жауласты.  
Жоғалтып көп адамың,  
Еліне қарай, бос қашты

Жан-жақтан жау қаптады,  
Кең дала боп арманы.  
Оңтүстікке қызығып  
Аждаһар да құр жатпады.



Бөлмек болды жерлерін,  
Сұрамай-ақ қазақтан.  
Өртеп, жойды ауылды,  
Айдап кетіп малдарын.

Жаудың бетін қайтарған,  
Абылайдай хан болмаған.  
Көкшетауды қоныс қып,  
Еліңе тыныштық орнатқан.

Көріп елдің айбарын,  
Онай тізе бүкпесін.  
Соғысам деп қазақпен,  
Жоғалтты патша көп күшін.

Берілмесін білген соң,  
Патша көшті айлаға.  
Боламыз дос біздер тең,  
Сүреміз өмір достықта

Болыс сайлап халықтан,  
Қолына мөр ұстатты.  
Қағып мәз қып арқадан,  
Ырқына қарай жұмсады.

Алдап-сулап болысты  
Елге солдат кіргізді.  
Қорғаймыз деп жаулардан,  
Әкелді елге босқынды.



Қорған салды сұрамай,  
Көңілі сүйген жерлерге.  
Сайрандады қиналмай,  
Жүргізді үкім елдерге.

Патша тақтан құлады,  
Халық болып қуанды.  
Орнын басқан қызылдар,  
Биілікті өзіне қаратты.

Үкіметті қолға алған  
Большевиктер бүлінді,  
Ұрандары бос жалған  
Ісінен халық түңілді.

Жер аударып байларды,  
Дүние мүлкін таратты.  
Зар илеген қалың ел,  
Өзектерін от жайлады.

Ауылды біз жоямыз,  
Колхоздарды құрамыз.  
Жер де ортақ, мал ортақ,  
Жұмылып еңбек істейміз.

Голощекин желпінді,  
Арам ойды ойлады.  
Малын алсақ қазақтың,  
Қытайға ауып көшеді.



Малын алып қыс айда  
Аш қалдырды халықты.  
Ашаршылық кеп ауылға,  
Сорлы қазақ қырылды.

Қашты халық Сібірге,  
Жеуге қабық картоптың.  
Көлігі жоқ жетуге,  
Жемтігі болды қасқырдың.

Қуанды арсыз аюлар,  
Болды жемі қазақтар.  
Босады кең даласы,  
Соғыссыз келіп жәйландар.

Қорғайтындай кімі бар,  
Партия Алаш жойылды.  
Күштері жоқ дауласар  
Береміз оларға, шөл жерді.

Тауда қоныс, қора сап,  
Қой баққызып қоямыз.  
Қаладан шет шығарып,  
Қара жұмысқа саламыз.

Сол-ақ екен зұлымдар,  
Ойлап тапты сұмдықты.  
Жалалы болған ерлерді,  
Түрмеге қамап зарлатты.



“Халық жауы” – атанып,  
Сан боздақтар атылды.  
Көнбегенге қолданып,  
Қорқытты олар өзгені.

Көлдей ақты көз жасы,  
Әйел, еркек, баланың.  
Сыммен қоршап қораны,  
Көрсетті өмір азабын.

Ойрандалып шаңырақ,  
Қазақ қалды аңырап.  
Дала қара жамылды,  
Түнекке батып атырап.

Қазақ көрген тарихта,  
Аз ба шіркін қиянат.  
Құлап барып ес жиып,  
Нәубеттен шықты қиялап.

Колхоз, совхоз құрылып,  
Ел еңбекке жұмылып,  
Еңсесі елдің жазылды,  
Қайғы етегі түріліп.

Бейбіт тірлік алайда,  
Көп ұзамай бұзылды.  
Аттануға соғысқа,  
Жарлық шықты құзырлы.



Үрейленді адамдар,  
Көздеріне жас алып  
Аттанады ертендер  
Ерлер қолға қару ұстап.

Кетпей қалған ауылдан,  
Жұмысқа білек сыбанды.  
Қатын-қалаш майданнан,  
Келген хатқа жұбанды.

Орнын басып әкенің,  
Еңбектенді жас бала.  
Егін орып, мал бақты  
Таң атып, күн батқанша.

Құлақ түріп батысқа,  
Бір Аллаға сиынды.  
Бәрі жеңіс үшін деп,  
Жұдырықтай боп түйілді.

Болып қабыл Алладан,  
Ақ тілеуі халықтың.  
Жау жеңіліп, жер азат,  
Басылды оты соғыстың.

Ерлер қайтты ауылға,  
Қуантып ел-жұрттарын.  
Денесінде оқ-жара,  
Көрсетпейді көз жастарын.





Оралмады көп адам,  
Қанды қасап соғыстан.  
Үміт үзбей көп күтті,  
Жесірлер ерін жорықтан.

Аман келген ерлердің,  
Сиреп қалған қатары.  
Опат болған достарын,  
Ойласа жанға батады.

Жауынгердің жүрегі,  
Тілім-тілім жаралы.  
Көңіл айтып, жұбатты,  
Жүдеген елді қаралы.

Сырғып уақыт сынаптай,  
Ел енсесін көтерді.  
Мөлдіреген бұлақтай  
Шаруасы елдің түзелді.

Мамыражай бұл тірлік,  
Тағы кәңет бүлінді.  
Халқына көсем-әкесі,  
Сталиннің көзі жұмылды.

Көме сала көсемді,  
Шенге талас басталды.  
Көнбей, бермей есені –  
Хрущев қасқа тақты алды.



Тойып алып араққа,  
Сөз сөйледі лепіріп.  
Коммунизмге он жылда,  
Жетпек болды секіріп.

“Хан кеселі” – асқынды,  
Ойсыздық жеңіп ақылды.  
Жүгері ек, шошқа өсір,  
Деп жұртына шатылды.

Ен байлықтан алашқа,  
Ептеп қана жалатты.  
Ұлан-байтақ далаға,  
Көк көзін тігіп алартты.

Игерем деп тың жерді,  
Бұзықтарды қапталтты.  
Балта шауып дәстүрге,  
Бейіттерді кеп тапталтты.

Араға сына қағылды,  
Мектебі қазақ жабылды.  
Жағадан дұшпан алғанда,  
Шалғандар іштен табылды.

Шенқұмарлар жорғалап,  
Иліп табан жалады.  
Шаш ал десе, бас алып,  
Шекеден елге қарады.

Бастықты қойды басқадан,  
Орысша сайрап қақсаған.  
Елінде өгей күй кешті,  
Қазақтың тілі аңсаған.

Жиылыс өтті орысша,  
Сөйлесу қалды қазақша.  
Қарсы болсаң бұл заңға,  
Алмайды сізді жұмысқа.

Үкімет қолына тигесін,  
“Сүм” қағынды ойы мен.  
Істедім мен көп істі,  
Патша қолынан келмеген.

Қазақ жерін бір оқсыз,  
Алдық, міне, қараңыз.  
Жіпсіз байлап қолдарын,  
Өлтірсек құны сұраусыз.

Деп күшейді сөзімен,  
Кездесе алмай есімен.  
Тақтан құлап жылады,  
Пәлесі кетсін өзімен.

Бас хатшы болды бір сабаз,  
Сабырлы, түрі тым маңғаз.  
Топтасты оның маңына,  
Өңшең жылмаң, жағымпаз.



Астық шықты, жер жайнап,  
Қоймасы жоқ, тұр қурап.  
Қырман толған ақ бидай,  
Болды ғой сонда көп сырап.

Өтірік ақпар ағылды,  
Бәрі де оған жағынды.  
Жыл құрғатпай кеудеге,  
Алтын жұлдыз тағылды.

Сөйтіп көзін шел басты,  
Сексенге келіп алжасты.  
Ши жүгірткен сөзге еріп,  
Қазаққа салды қармақты.

Ерейменді сыйлыққа,  
Бермек болып неміске.  
Жерің көп деп қазаққа,  
Аяғын басты теріске.

Естігенде бұл ісін,  
Тындамады сөз иесін.  
Бермейміз деп жерімді,  
Көрсетті халық бар күшін.

Жанартаудай бұрқылдап,  
Ашу-ыза кернеген.  
Тарихта ер ел едік,  
Ешкімге ырық бермеген.



Жығылып жүні Мәскеудің,  
Пиғылынан бас тартты.  
Бірақ сөйтсек залымдар,  
Сұмдықты артқа сақтапты.

Қалт-құлт етіп қартайған,  
Брежнев өтті өмірден.  
Таққа келді жас басшы,  
Асау аттай боп тебінген.

Мандайында қалы бар,  
Қасында қалмас жары бар.  
Көбік сөзге тым әуес,  
Тыңдаған жұрт жалығар.

Ә, дегеннен Димеңе,  
Шұқшиды ол бүркіттей.  
Жақпағасын өзіне,  
Жан-досын қойды Колбиндей.

Мұндай оның ісіне,  
Қарсы болды қазақтар.  
Көнбейміз деп бұл іске.  
Көшеге шықты адамдар.

Әкет дейді Колбинді,  
Бағынбаймыз біз оған.  
Ойлап істе ісінді,  
Алдыңда сенің Қазақстан.



Жас өркені елімнің,  
Жиылды жастар алаңға.  
Талап қойып Мәскеуге,  
Басты кекті қадамға.

Көнбейміз енді илеуге,  
Бекіндік басты имеуге.  
Еркіміз бар біздің де,  
Елді өзіміз билеуге.

Тәуелсіз ел болуды,  
Ата-бабам аңсаған.  
Аянбаймыз сол жолдан,  
Қажет болса жан құрбан!

Тапжылмады аланнан,  
Көкөрім жас серттескен.  
Қасқайып тұрды ажалға,  
Осал емес жау белдескен.

Бет қаратпай жастарды,  
Желтоқсанның ызғары.  
Жендет жетті жан-жақтан,  
Өлтіру болды арманы.

Алаң қанға боялды,  
Қып-қызыл боп күн батты.  
Жаныштады осылай,  
Жасөспірім ұрпақты.

Қазақ ұлтшыл көнбейді,  
Деп әлемге жар салды.  
Тыңшыларын қаптатып,  
Қоршады ауыл, қаланы.

Санап барлық жастарын,  
Тізіп алды қалғанын.  
Күнде ашып жиылысын,  
Қамауға алды барлығын.

Түрмеде өлді Қайрат,  
Артынан кетті Ляззат.  
Қолдарына кісен сап.  
Жазаланды көп азамат.

Зарлады ата-аналар,  
Жалынды бір Аллаға.  
Көздің жасы сорғалар,  
Жүрегі күйіп, сыздаса.

Не болды деп қарайды,  
Бала-шаға жылайды.  
Ертең келіп жендеттер,  
Түрмеге бізді қамайды.

Кетпеді ғой қазақтың,  
Басындағы азабы.  
Дәмін таттық аштықтың,  
Енді не пәле жазғаны.



Соғыссыз біз қырылдық,  
Арсыздардан тығылдық.  
Тумады ма азамат?  
Халқына болар шымылдық.

Халық болып күйінді,  
Қорлық жанды шыдатпай.  
Қайғы-қасірет көбейді,  
Өлгендерді таба алмай.


Дұға оқып, Алладан,  
Әділ тілек сұрады.  
Зорлығына сұмдардың  
Көз жасын төгіп жылады.

Алла айтты бір аят,  
Тындап ал ей адамзат.  
Аспанда бар бір жұлдыз,  
Арызыңды соған айт.

Жұлдызы ол қазақтың,  
Нұры, өткен бабаңның,  
Жігіт туған жұлдыздай,  
Сақтар сені азаптан.

“Сабыр түбі сары алтын”,  
Деген мақал халықта.  
Күтсең шыдап ақырын,  
Жақсылық келер, асықпа.





---

Жұлдыз сүйген жігіттер,  
Ақылы зор кемеңгер.  
Әділдікті арқау қып,  
Соғыссыз өмір әкелер.


Айтам саған адамзат,  
Асылыңды сыйлап өт.  
Бірігіп бас бір жерге,  
Сыйласын сені басқа ұлт.

Жігіттердің ішінде,  
Жарқырайды біреуі.  
Ақылы оның өзгеше,  
Артынан ерер ел-жұрты.

Бостандықты еліне  
Әперетін сол болар.  
Аман сақтап жерін де,  
Ақталар арман күн туар.

Жүзі оның жанарлы,  
Көзінде бар күн нұры.  
Адаспауға өмірде,  
Жол көрсетеді жұлдызды.

Ойлайды ол жалғанда,  
Бақыт, байлық жұртына.  
Мәңгі теңдік тиыштық,  
Аянбай құрбан жаны да.



Қазақтың ер қорғаны,  
Көрер әлі ел-жұрты.  
Ұлтын танып басқалар,  
Халқының өсер абыройы.

Шұғыл хабар тез жетті,  
Құлады деп үкімет.  
Аң-таң болып дүрлікті,  
Бұл күтепеген ой, керемет.

Қайда екен Горбачев,  
Қашты дейді теңізге.  
Орнында қалды ие боп,  
Ельцин келді үкіметке.

Совет деген енді жоқ,  
Кетіндер өз жөйіңа.  
Қосылмаймыз біздер тек,  
Бөлеміз енді шекара.

Жәрөйді деп қазақтар,  
Егеменді жар қылды.  
Ту көтеріп ағалар,  
Ел болып бәрі тойлады.

Елбасы боп Нұрсұлтан,  
Сайланды ол халықтан.  
Үкіметте құрылды,  
Республика Қазақстан.



Колхоз, совхоз жойылды,  
Тарады мал халыққа,  
Совет деген болмайды,  
Еркің өзіңнің қолында.


Жалқау қашты қалаға,  
Мүлкін тастап далаға.  
Қирады үй, қоралар,  
Ажары кеткен ауылда.

Малды сатты, пұл қылды,  
Туған жұртын аямай.  
Трактор, комбайн қиратты,  
Ертеңгі күнін ойламай.

Бәрі кетті арзанға,  
Ақша толды қалгада.  
Қызығы өмір осы деп,  
Машина мінді астына.

Жастары жүр қаңғырып,  
Жұмыс іздеп сандалып.  
Ұрлық деген көбейді,  
Кісі өлтіру жалданып.

Ойламайды содырлар,  
Халқының хал өмірін.  
Аңдығаны тек базар,  
Мақтаныш етіп жегенін.



Құлағанда советтер,  
Бас көтерді көп қулар.  
Байлығына халықтың,  
Болды ғой қарық аждаһар.

Өндірістің басында  
Отыр әлі келімсек.  
Қазақ барса жұмысқа,  
Жауабы дайын, орын жоқ.

Көбі ашты банкті,  
Тықты оған ақшаны.  
Күзет қойып әр жерге,  
Көтерді көкке кеудені.

Басына іс түскенде,  
Аққан жасты көргенде.  
Сұраймыз бір тәңірден,  
Құлынды келтір тәубеге.

Елі жүдеп тозғанын,  
Елбасы да ойлайды.  
Түзетуге жағдайын,  
Халқына сөзін жолдайды.

Халқым менің жүдеме,  
Шыда уақыт тезіне.  
Түзеледі бұл жағдай,  
Дұшпанның сөзін елеме.



Өтпелі заман өтер,  
Қиналған уақыт кетер.  
Ел түзеліп, мал өсіп,  
Заман жақсылығы келер.

Шығарамыз ақшаны,  
Көзін ашып мұнайды.  
Қазынаға алтын сап,  
Өсіреміз көп бидайды.

Жер жүзіне қазақтың,  
Шығарамыз ел атын.  
Сауда жасап бәрімен,  
Көрсетіп жердің байлығын.

Бізді танып басқа ел,  
Жіберсін көп елшісін.  
Үйреніп бізден ана тіл,  
Қазақтың білсін тарихын.

Хан Абылай ордасы,  
Көкше болды қонысы.  
Болжағаны бабаның,  
Сарыарқа ғой ел күші.

Жерімізді қорғаймыз,  
Кірмесін деп аш-жауыз.  
Сарбаз қойып бар жерге,  
Ел тыныштығын сақтаймыз.



Салынады Астана,  
Жаңа ғасыр ішінде.  
Ағып Есіл қасында,  
Сарыарқаның төсінде.

Он жыл өтті білінбей,  
Тәуелсіз ел болғаны.  
Қазақтың бақ жұлдызы,  
Мандайға қонып жанғаны.

Қадам бастық дәуірге,  
Көк байрағым желбіреп.  
Азат елді аспаннан,  
Күн сипайды елжіреп.

Қайтты көші шет жерден,  
Тарап кеткен жан-жаққа.  
Моңғол, Қытай, Ираннан  
Келді ағайын қонысқа.

Көрсетілді көп құрмет,  
Ойда жоқ бұл керемет.  
Орта толды қуаныш,  
Келмеске кетті сұм бейнет.

Қорқам ала-ауыздық,  
Өріс алып кете ме?  
Қолға түскен бостандық,  
Содан азапты шеге ме?


Жау көп бізге, қарасаң,  
Іште, сыртта аңдыған.  
Есіңе ал, ей, қауым,  
Баспасын дұшпан қапыдан.

Берік болсын босаған,  
Егемендік өмірде.  
Болашақ берсін жасаған,  
Ерікті, еркін еліме.

Ел болуға тәуелсіз,  
Қол жеткізді ағалар.  
Өзіңе бердік армансыз,  
Аманат саған, ұрпақтар.

Байытындар елінді,  
Еңбек етіп ерінбей.  
Сақта жаудан жерінді,  
Жарқырап тұрған көзіндей.

*8 тамыз-август 2001 жыл*





### *Ағалар армандайды*

Көртаймайды, ағалар көртаймайды,  
Өткен өмір зорлығын ойламайды.  
Бүгінгі күн өткенмен тең емес деп,  
Ауырса да жүрегі қиналмайды.

Қалса-дағы аз өмір – күлімдейді,  
Ойлы-қырлы жерлерге сүрінбейді.  
Ұрпағына ақыл мен жігер беріп,  
Жақсылықты Алладан көп тілейді.

Таяқ ұстап көшеде Әке жүрсе,  
Басын иіп жастары сәлем берсе.  
Халқымыздың дәстүрі етек алып,  
Жастарымыз бақытты өмір сүрсе.

Сәні келіп ауылдың кеш құлпырса,  
Қыз бен жігіт қосылып өлең айтса.  
Көрі-жасы жүгіріп үйден шығып,  
Думан құрса көңілді, таң атқанша.

Қарсы алса дәрігерлер ауырғанда,  
Керек дәрі өзінен табылғанда.  
Төлем ақы жаныңды қысса-дағы  
Не жетеді аурудан жазылғанда.

Арақ пенен анаша тез жойылса,  
Кісі өлтіру, ұрлық пен ол қойылса.  
Жұмыс істеп барлығы қуанышта,  
Жүдеп кеткен адамдар бір тойынса.





Тез байыған байлары ақша ойлап,  
Қалталарын толтырды елді алдап.  
Ток пен жылу бағасы тез өседі;  
Халықты жылатты ғой қолын байлап.

Халық мүлкін таратып байығандар,  
Бүгінде олар болды шенеуніктер.  
Өзі қазақ болса да қысқартады,  
Жұмыссыз жүдеп жүрген қазақ жастар.

Бұл күнде қайда кетті ол күндерің?  
Тоз-тоз боп жатыр әнж ел-жұрттарың.  
Ойлайтын кез келді ғой, ей, әкімдер,  
Таякпен жер шұқуда көп қарттарың.

Бұлттар тарап күн шығып күліп тұрса,  
Ұрпақ өсіп өрістер малға толса.  
Егін шөптен аңқыған жұпар иісін,  
Жұтып тұрып ағалар қайран қалса.

Ағалардың арманы осы болар,  
Орындалса қапасыз өмір сүрер.  
Жұмыссыздық жойылып ел көркейсе,  
Халқымыздың ауызы нанға толар.

*08.01.02 ж.*



*Қабыл Айтқалиевқа  
(туған күніне арнау-тілек)*

Қыз мінез жарқын жүзді жігітім-ай,  
Келіпсің жетпіс жасқа дүние жимай.  
Еңбекті халқың үшін көп атқардың,  
Көмірдің жігін аштың Қаранардай.

Адалсын жолдастыққа мөлдір судай,  
Қиясын жаныңды да, көп ойламай.  
Тұрасың тұлғаң биік тұстасыңнан,  
Алтайдың жарқыраған, шың құзындай.

Кәртайдым деп ойлама, қадырлым-ай,  
Жүре берші алдымда бұрынғыдай.  
Жан жолдасың Мәстура аман болып,  
Жүз жасаған тойыңда қатыссам-ай.

Қос қанатың тірегің екі балаң,  
Қосылыпты жанына екі қыран.  
Немерелер өзінді аймаласын,  
Өмірдің шырағы ғой үйде жанған.

Жарты ғасыр өткіздік Екібастұзда,  
Шыдадық қарсы келген қиындыққа.  
Ойнап-күліп қызықпен той тойладық.  
Өтіп кетті шіркін-ай, сол күн қайда.

Сиреді арамызда күннен күнге,  
 Жар шетінде тұрмыз ғой бәріміз де.  
 Думандатып тойлайық осы тойды,  
 Қалатындай мәңгі боп есімізде.

*Сагадат-Бәтима Әбікеевтер*  
 09.02.2002 ж.



### *Көрдің бе “Асыл дананы”*

Алладан күшті ешкім жоқ,  
 Әлемді өзі жаратқан.  
 Сия ма миға ойласақ,  
 Жерді сұлу ғып жайнатқан.

Жұлдыздар қалқып аспанда,  
 Ойнайды күліп ұста деп.  
 Тұратын жерің алыста,  
 Ойынды айтшы жерге кеп.

Түсіндір не бар ғаламда,  
 Шеті қайда, көрдің бе?  
 Тұңғыық түпсіз шыңырауда,  
 Күн нешеу оны білдің бе?



Күнді айналдың қашаннан,  
Көп уақыт оған болды ма?  
Кетпейсің құлап аспаннан,  
Алла әкеліп қойды ма?

Күнді айналып жан-жақтан,  
Қанша жұлдыз ағады.  
Бақытын ойлап алыстан,  
Шамдарын кімдер жағады.

Жерге үксайтын жұлдыздар,  
Бар ма солардың ішінде?  
Топтанып тұрған үркерлер,  
Білетін шығар бәрін де?

Сұраймын барлық жұлдыздан,  
Кім жаратты бұл ғаламды?  
Жайылған күннің нұрынан,  
Көрдің бе “Асыл дананы”?

14.02.02 ж.





### *Мәдина мен балапан*

Балапан-ау, балапан,  
Қанатың жоқ қатайған.  
Шырылдайсың шыңқылдап,  
Мұнда әкеп кім тастаған.

Қашпа менен ұстайын,  
Қолыма кел қыспайын.  
Тары беріп тойғызып,  
Ұяңа апарып тастайын.

Бұғасың сен тығылып,  
Тасқа қалма соғылып.  
Жүгіресің жан-жаққа.  
Ұйықтап алшы тынығып.

Менің атым Мәдина,  
Серік болам ойнауға.  
Баптап күтіп анандай,  
Дайындаймын ұшуға.

Болайық дос екеуміз,  
Күнде бірге жүреміз.  
Ойын ойнап қызықпен  
Үлкен болып өсеміз.



Өсіп жетті балапан,  
Қанаттары қатайған.  
Жібер мені далаға,  
Қалып қоям торғайдан.

Бар деп аштым есігін,  
Қимай тұрды ұясын.  
Аузын ашып шикылдап,  
Кетті қағып қанатын.

02.2002 ж.





## *Екібастұздың Нартұлғалары*

Естіген, көргенімді мен жазайын  
Өлең қылып ырғақпен мен толғайын.  
Әруақтар риза болсын бұл жердегі,  
Біразын өткендердің мен қозғайын.

Ақшахта, Қарашахта арасында,  
Жатыр ғой байлықтар мол жер астында.  
Ғасырлар қасіретін көрсе-дағы,  
Қазақтар сақтады ғой ұрпағына.

Екі көл көрінетін ат басындай,  
Алыстан қарағанда көк айдындай.  
Құмдары шағылысып күн көзімен,  
Топырақ уыстасаң сары алтындай.

Бұл жердің тарихы көп біз білмейтін,  
Айтатын қария жоқ жыр шертетін.  
Заманның толқынына шыдап келген,  
Тастары сыр айтса ғой не болғанын.

Үйіліп тастар жатыр қора салған,  
Манында күл топырақ жермен-жексен.  
Үйлердің қаңқиып тұр қабырғасы,  
Бір кезде адамдарға пана болған.



Алыстан көрінеді қу моласы.  
Жатыр ғой сонда ұйықтап ер бабасы.  
Азабын арқалаған сол өмірдің,  
Артына қалдырмапты бір қағазды.

Қоныс қып осы жерді қазақ тұрған  
Біртіндеп үлкен-кіші ауыл болған.  
Құдық қазып су іздеп жүрген кезде,  
Көмірдің қабаттарын олар көрген.

Сондықтан көмір барын халық тапқан,  
Пайдасына жәрәтіп өмір сүрген.  
Алтын, күміс, сырға мен түзіктерді,  
Көмірдің қызуымен өмірге келген.

Жерін қорғап қолына қару алған,  
Қылыш, найза, қалқандар елде болған.  
Жаулар әкеп қолына берген емес,  
Қазақтың өнерпазы солар соққан.

Жалыны қызған көмір шапшығанда,  
Балқытқан темірлерді ұсталықта.  
Көрігі дамыл таппай үрлеуменен,  
Ұсталар қару соққан жанталаса.

Өмірі бабалардың жорық болған,  
Күндіз-түні қорғаған елін жаудан.  
Алланың бойға берген күшіменен,  
Бет қаратпай дұшпанға ойран салған.



Таңқаламын жер шолып жан-жағыма  
Ойпатқа көзім түсті кең далада.  
Суы мол қаңқылдаған құстары көп,  
Жүр жайылып малдары көк шалғында.

Бұл жерді «Қарабидай» деп атапты,  
Жазды күні жан-жағын ел жайлапты.  
Жаугершілік кезінде осы жерге,  
Қол бастаған батырлар жиылыпты.

Алыс емес шайқастың болған жері,  
Халық үшін жан беріп аққан тері.  
Қол бастаған батырдың құрметіне,  
«Қалқаман» – деп аталды жазық жері.

Көмір барын білген соң Екібастұзда  
Келімсектер қаптады қарақұртша.  
Майқайынның алтынын алу үшін,  
Завод салды ауылдың маңайына.

Шөріп молла айтатын кездескенде,  
Бастан өтті қиындық бұл өмірде.  
Жастай істеп жұмысты олар үшін,  
Тойып тамақ ішпедім, жас кезімде.

Күні-түні дамылсыз жол салдырды,  
Өз теңіндей көрмеді басқаларды.  
Керекудің темір жолы жетпегендей,  
Бару болды арманы Қарағанды.



Бітіре алмай кетті салған жолын,  
Бүгінде көріп жүрміз топырағын.  
Мостысы өткен өмір куәсі боп,  
Көңілге ой шертеді қазып түбін.

Алғашқы қайла ұстап көмір қазған,  
Қошағанов Қасым ғой бастап түскен.  
Ағайынды Елубаев Дүйсен, Оспан  
Бастығы екі шахты олар болған.

Көмірді алу үшін жол ашатын,  
Бөлекбаев Рымжан алда жүретін.  
Қасында Жұмат, Масаын, Бейсембай  
Тар жерді кенітуге күш салатын.

Қайратты еңбек сүйгіш көміршілер,  
Қуаныш, Құсайын, Мұханмадияр.  
Тарғымбай, Торғай, Шайт, Нұрымдармен,  
Жұмысшы сол кездегі кеменгерлер.

Бейсембаев Рахымбай шам таситын,  
Сиқымбаев Бекбосын ат жегетін.  
Кенжебаев, Омаров, Асановтар,  
Тіреу қойып бос жерді бекітетін.

Көмірдің қызулысын дәл табатын,  
Білетін анадайдан жер қабатын.  
Барлығы бір кісідей жұмыс істеп,  
Ұрпақ үшін жұмсады күш-қайратын.



Жабылды Екібастұз шахталары,  
Советтің шықты үкім-қауылылары.  
Бала-шаға асырау қиын болды.  
Жұмыссыз қалды ауыл адамдары.

Осылай өтіп кетті талай жылдар,  
Ауылда бой көтерді жаңа үйлер.  
Егін салып, мал өсіп ел көңілді,  
Ойда жоқта басталды қу соғыстар.

Соғыс өрті әкелді көп қайғыны,  
Кетіп жатты азамат ел қорғаны.  
Шал мен кемпір, әйелден басқа жан жоқ,  
Күрек ұстап олар да, шөп жинайды.

Халыққа қиын кезде болды ауқат,  
Жұмыс істей бастады шыны завод.  
Ай сайын уақытында ақша алды,  
Алланың бергені ғой бұл бір нәубат.

Заводта бар болғаны бір- ақ қазан,  
Ағылшын тастап кеткен жұртта қалған.  
Халықтың мұқтажына жәрәйді деп,  
Ел болып түзеткізіп іске қосқан.

Тұтатты көмірменен пештің отын,  
Лаулап жанып қыздырды салған құмын.  
Шыңының өнімдерін шығаруға,  
Дайын болды қалып та күні бұрын.



Зейнолла Қашағанов бас маманы,  
Көрсетті барлығына көп айланы.  
Қолына ұстап алып саймандарын,  
Шығарды қалыптан шыны стақанды.

Ел қуанды көргенде ыдыстарды,  
Шам мойны мен керекті жиһаздарды.  
Жан-жақтан сұраныстар көптеп түсіп,  
Бөгелтпей жіберуде табыстарды.

Күні-түні қазанда шыны еріді,  
Жұмысты ықыласпен бәрі істеді.  
Еңбегінің жемісін көргеннен соң,  
Алғысына елінің жұрт бөленді.

Ер жүрек шыны құю мамандары,  
Бәрім, Жұпар, Бәуеш ел ақсақалы.  
Жанында Кеңжегүл, Әсет, Уәшовтар,  
Жасады неше түрлі өнімдерді.

Шыңғыс, Мәсіғүт, Танат пен Қабыкен,  
Құм тасыды алыстан ат-арбамен.  
Әди, Жықы, Мұғыди, Жәнібектер,  
Көмір қазып шығарды қол қайламен.

Алдымда куәсі отыр сол уақыттың,  
Көргені көп өмірде ол кісінің.  
Жолдыбайдың келіні Мәнзиля ғой,  
Жастай жетім төгіпті көздің жасын.

Соғысқа аттандырды жолдасын да,  
Көрмеді көзімен моласын да.  
Баурына қысып алып Бәтимасын  
Қара жұмыс істеді күм тасуда.

Дәмдес болдым сол қайран туыстармен,  
Бір барақта тұрып ек осылармен.  
Барлығымыз бір кісінің баласындай,  
Бөлісушіек бір нанды ықыласпен.

Нұртай, Рая, Қанапия ел ардағы,  
Қимас жандар олар ғой ойымдағы.  
Бұғыбай мен Кәмен те сабақ берген,  
Қайратты жандар еді сол жылдағы.

Ауыр жылдар кезінде ел басқарған,  
Қадырлеп Шалабайды жұрт сыйлаған.  
Жан аямай тер төгіп қысы-жазы,  
Әр адамға қамқорлық ол жасаған.

Сельсоветтің бастығы Саспанов еді,  
Завод тоқтап жүрекке күдік кірді.  
Үлкен қала салуға үкім алып,  
Поссоветке бас болып Уахит келді.

Ақшахтыдан көшірді барлық елді,  
Келімсектер әкелді неше түрлі.  
Олардың бабын табу оңай емес,  
Басқарып жүрген істі Досан болды.



Елу екінші жылдардан үй салынды,  
Барақтар бірте-бірте бой көтерді.  
Көмірдің бет қабатын ашу үшін,  
Жан-жақтан техниканы көп әкелді.

Екібастұз ертеден өсіп-өнген,  
Жастары өнер менен білім қуған.  
Зікірия, Мәуия, Рәуия, Максұт, Ерхан,  
Барлығы әр салада маман болған.

Ауыр жұмыс істеді қыс далада,  
Тас тасып, кірпіш қалап қабырғаға.  
Зекен, Құрмаш, Белгібай, Қомшабайдың  
Еңбектері көлдей ғой бұл қалада.

Пазыл ұлы Сыздық пен Тұрғымбек те,  
Жастай жұмыс істеді өндірісте.  
Ұжымдарды басқарып үй салдырды,  
Еңбегі зор қаланы көркейтуде.

Жер өлшеумен жүреді геологтар,  
Қолында Өскеменнің көп қағаздар.  
Жексен, Кәкім, Кабылдың көмегімен,  
Жасап шықты жоспарын, жер ақтарар.

Жол салғанның ішінде қазақтар бар,  
Аянбаған жауса да жаңбыр мен қар.  
Туркісібте жол салып терін төккен  
Мақаш ұлы Әбілдә ағамыз нар.



Елу төртте қазақ мектебі бітіп,  
Орта толды көп мұғалімдер келіп.  
Нәкен, Қабыш, Зәбира, Ахметқали,  
Барлығы қуанышта сабақ беріп.

Директоры Шәймерденов Тәжібай,  
Сабырлы, салмақты да, сөзге де бай.  
Асылдар жанында бар Рахметолла,  
Ғалымбек, Қазбек, Дінше, Қабырдай.

Екібастұз 1957 жылдары,  
Қала болып, халық келе бастады.  
Келіп жатты көп адамдар әр жерден,  
Сонда да жұмысшы саны жетпеді.

Келгендердің арасында қалаға,  
Бар еді Нөгербай менен Жаппас та.  
Екеуіне қосылып Сатыбалды,  
Ақылшы, қамқор болды көп жастарға.

Табысты бір-бірімен ағайындар,  
Аймағанов Ерғали, Бейсембайлар.  
Өнеге болып еді алдымызда,  
Мұқатаев Ахмет міне осылар.

Жұмысы Екібастұздың өрге басты,  
Қабылдайтың маманды Кәркен болды.  
Қабдырахманов Баян менен Жұманда,  
Қаланың өсуіне үлес қосты.



Көшіп келді Жансары, Түсіпхандар,  
Мүсілім, Тәуекел мен Қайыржандар.  
Үй алып осы жерде қоныс тепті,  
Күтуде келеді деп көп жолдастар.

Бітіріп институтты Еркін келді,  
Мағлумбек пен Жәсікен бірге түсті.  
Арада біраз уақыт өткеннен соң,  
Құраш, Рашид, Серіктер қоныс тепті.

Сұратып мамандарды теміржолдан,  
Сыздықов Қинай келді Россиядан.  
Ташкенттен Әбікеев Сағадатта,  
Жоғарғы білімі мол техникадан.

Қаланың бір топ тума жігіттері,  
Дүйсетай мен Бөрәмның Құралысы.  
Кәрібай мен Болаты Мәсіғұттың,  
Оқуларын бітіріп ел қуантты.

Еңбек жанды жұмыскер ерлеріміз,  
Қос батыр сол жылдар көргеніміз.  
Сүтжанов Бәйзен құбыр жүргізгенде,  
Кеніште Сәбит болды алдағымыз.

Олармен тең жүретін тарланымыз,  
Жұмысқа қажымайтын қайраттымыз,  
Зияден, Төлеш, Қыпшак, Құдайберген,  
Қажымұрат, Нығымет ардағымыз.



Қалада баға жетпес бар еңбегі,  
Жұмысты істегенде жоқ теңдесі.  
Бейсембин Ермек пенен Серікбайдың,  
Кенішті жүргізгенде көп үлесі.


Мамандықты алады тез меңгеріп,  
Төлеубайға тұрады ел таңғалып,  
Техниканың біледі бар мүшесін  
Жүргізгенде тұрады жер дірілдеп.

Ағасы Әрбиев ұлы Шәмен де,  
Көрді талай қиындықты өмірде.  
Әкімбек Байтановпен бірге істеп,  
Жол салып еңбегі жанды елінде.

Қаланың тыныштығын сақтау үшін,  
Басқарды Дауылбаев тәртіп ісін.  
Шапенов пен Мұсабаев Сәрен де,  
Меңгерді ауыр жұмыс, жұмсап күшін.

Ертеден еңбек етті көп жастары,  
Үлгі боп мамандыққа жол бастады.  
Оқуларын бітіріп бір топ дәрігер,  
Артында өшпейтіндей із қалдырды.

Алдымен айту керек Иғанатты,  
Тумасы осы жердің ол қайратты.  
Аурудан сақтаймын деп елі-жұртын,  
Емдеумен туған халқын бір қуантты.



Халықты сауықтырды көп аурудан,  
Бердалы, Асылханмен бірге Күлпан.  
Аурухана аштырып жұртты емдеп,  
Алып қалды оларды сұм ажалдан.

Жас өспей көркі келмес қаламыздың,  
Ұрпақтың сақтау керек денсаулығын.  
Мәстүрә мен Сәуияның еңбегі бар,  
Мазасыз өмір сүрді емдеуменен.

Талай қорлық көрді ғой ағалар да,  
Келімсектер отырды іс басында.  
Қазақ көрсе қабағын тыржитады.  
Жауап бермей ұстады босағада.

Ол күндерге шыдадық жігерменен,  
Тілімізді сақтадық сөйлеуменен.  
Бабалар қанын төккен жер-ананы,  
Жеткіздік Егеменге қорғауменен.

Жазуды 1962 жылмен аяқтаймын  
Өленді ұрпақтарға мен сыйлаймын.  
Еске алсын бабаларын Нартұлғалы,  
Ұстатқан қолдарына жер байлығын.

*28 наурыз 2002 ж.*

## *Мынау менің бай елім, байтақ жерім*


Мынау менің бай елім, байтақ жерім,  
Аспаннан бұлт төгеді нұрлы терін.  
Жайқалып шөп өседі неше түрлі,  
Гүлдері күлімдейді ашып бетін.

Таулары биік іші қарағайлы,  
Көресің неше түрлі көп аңдарды.  
Сарқырап ағып жатқан бұлақ суы,  
Шөлінді бір жұтқанда қандырады.

Аспанда қырандары шарықтайды,  
Көлінде үйрек-қазы қалықтайды.  
Жерде жүрген жәндіктер бәрі-дағы,  
Тіршілік өмір нұрын қызықтайды.

Жер асты байлығы көп, алтын сандық,  
Халқыма Алла берген үлкен байлық.  
Біртіндеп бетін ашып, кен балқытып,  
Мұнайды өндіруге құрылыс салдық.

Шөп қурайды көгінен, қыс келгенде,  
Қар ериді шамасыз, жаз келгенде.  
Адамның өмір бойы бір арманы,  
Ұрпақ керек күтуге, жас келгенде.



Ақылды ұрпақ заманды түзеп алар,  
Сомданып, көзі жайнап от боп жанар.  
Өткір ой, парасаты артық болса,  
Егеменді еліміз мәңгі жасар.

*2002 жыл, мамыр*



### *Екібастұз гүлденеді әлі де*

Екібастұз өрендері міне біз,  
Жаңа ғасыр аяқ басып барамыз.  
Өркениет, егеменді туымен,  
Қазақ жері қасиетті еліміз.

Тойла халық қала болған күніңді,  
Табысың мен қуанттың ба еліңді.  
Бүгінгі күн саған міне үлкен сын,  
Айтшы бізге естімеген ойыңды.

Жұмыс орнын жастарыңа тапты ма?  
Ауыл қалай, қара малға толды ма?  
Ұрлық-қарлық барлығы да жойылып,  
Қалаң таза, гүлдей жайнап өсті ме?

Білеміз біз үлкендердің еңбегін,  
Ұрпақ үшін талай үйлер салғанын.  
Адал еңбек, Алла берген қасиетін,  
Айтып бізге ақыл, терін төккенін.

Қолға алып кемшілікті жоямыз,  
Салауатты өмір салтын құрамыз.  
Емдеу орны ашылып ел ішінде,  
Денсаулығын халқымыздың сақтаймыз.

Өкінбейік өтіп кеткен өмірге,  
Нарық кезі қайғы салды көңілге.  
Алыс емес өркендеуі елімнің,  
Екібастұз гүлденеді әлі де.

*01.05.2002 ж.*





### *Қырқынышы жылдың қыздары*

Екібастұзда өстіндер,  
Қиын заман кезінде.  
Жоктықты сендер көрдіндер,  
Балалық шақ өмірде.

Балалық асыр салмадың,  
Соғыстың отын көргенде.  
Жылынып, тамақ ішпедің,  
Көмірді басып жүрсең де.

Тер төктің қинап жаныңды,  
Қалмаймын деп теңіңнен.  
Аяйсың жүдеу халқыңды,  
Өмірді сүрген қорлықпен.

Кеттіндер бір күн жан-жаққа,  
Оқу іздеп қалаға.  
Артында қалған ел-жұртты,  
Тапсырып бір Аллаға.

Сүрінбей берген сұрақтан,  
Жақсы өтті барлығы.  
Кіріп ғылымның төрінен,  
Маман болу арманы.

Бітіріп оқу орынын,  
Келді бәрі ауылға.  
Жағдайын көріп елінің,  
Көмек берді жұртына.

Кімдер екенін білiндер,  
Суреттеп мен көрейiн.  
Есiңе сақтап жүрiндер,  
Аттарын үк, айтайын.

Қыз ауылдың гүлi ғой,  
Қыз ауылдың сәнi ғой.  
Халқына жаны ашитын,  
Қыз ауылдың көзi ғой.

Дәригерлiк еңбек iстейдi,  
Оспанқызы Мәрияш.  
Аурудан жазып адамды,  
Жүзi толған қуаныш.

Қаншама адам қаладан,  
Жазылып кеттi алдынан.  
Халық өзiн сыйлайды,  
Емдерi күштi дәриден.

Ата-анасын мәпелеп,  
Борышын һәм ақтады.  
Еңбектенiп, еркелетiп,  
Балаларын баптады.

Көмiр өндiру iсiнде,  
Туған жердiң төсiнде.  
Жамбекқызы Бәтима,  
Даңқы шықты елiнде.



Әділеттік іс көкседі,  
Адал қызмет істеді,  
Мұқтаж болған адамға,  
Аяп көмек береді.

Өтпелі заман кезінде,  
Істеді жұмыс Советте.  
Көшелерге асфальт сап,  
Көрсетті көмек кәріпке.

Ақылшы болып жарына,  
Қамқоршы болып балаға.  
Үй шаруасын реттеп,  
Көп көңіл болды анаға.

Көмегін беріп кісіге,  
Ұрпағын баулап ісіне.  
Жалған сөзге жаны қас,  
Жүрегі гауһар ішінде.

Мұғалім болып мектепте  
Қадырлы болды еңбекте.  
Мәсұғытқызы Рауза,  
Ақылды, абзал өмірде.

Ардақтап күтті Әкесін,  
Қадірлеп өсті шешесін.  
Сыйлы болып туысқа,  
Өсірді күтіп ұрпағын.





Көрсетпеді көз жасын да,  
Ерте кетті жолдасы да.  
Белін буып бекініп,  
Қондырды ұл-қыз ұясына.


Қабыштың қызы Мәкітай,  
Істеді жұмыс аянбай.  
Еңбек түбі жеміс деп,  
Бітірді оқуын тастамай.

Оқытты бала мектепте,  
Қиындық көріп өмірде.  
Балаларын өсіріп,  
Қызықты өмір сүруде.

Мекемеде болып маман  
Белгібайқызы Үміткен.  
Есептеумен өнімді,  
Алғыстар алды ұжымнан.

Болып пана туыстарға,  
Өсірді ұрпақ қорғаумен.  
Сыйлап күтіп жолдасын да,  
Көрсетті көмек қолдаумен.

Ардақтап халқы сыйлайды,  
Күзембайқызы Нәркенді.  
Медбике болып қалада,  
Істеді еңбек жемісті.



Мінезі нәзік асылды,  
Біледі жұрттар бұл жерде.  
Ауруын жазып баланы,  
Күтеді баппен төсекте.

Ұрпақ өсірді ардақтап,  
Жолдасыменен екеуі.  
Немерелерді құшақтап,  
Қызыққа тоймай күледі.

Сыпайы мінез сабырлық,  
Бойына біткен адалдық.  
Шіркін, қазақ әйелі,  
Күннің нұрына ылайық.

Қырқыншы жылдың қыздары,  
Қайда екен бұл күндері  
Ауыр жылғы балалық,  
Аңсатып жүр ме жүректі.

Бүгінде болдың сен Әже,  
Бауырыңа басып немере.  
Асыл жүрек жандарсын  
Жастарың жетсін жүзге де.

02.07.2002 жыл



## *Ауылдастарыма*

Ассалаумағалейкум, туыстарым,  
Сәлем беріп келіп тұр ағаларың.  
“Елу жылда ел жаңа”- деген сөз бар,  
Өмірден өтіп кеткен үлкендерің.

Қызылтас, Ақшименен жалғасатын,  
Айналасы мектептің ши болатын.  
Үлкендері ауылымның жиылып кеп,  
Қызықты талай думан той жасайтын.

Жайлаған бұл өңірді Талас ауылы,  
Қай үйіне барсаң да қонақжәйлі.  
Қотанында малдары күйсеп жатат,  
Жарқырап көрінетін киіз үйі.

Бір шегі Қарабұлақ қойға жәйлі,  
Жазы, қысы қатпайды бұлақ сулы.  
Қара мал: түйе менен сиырлары,  
Жусайды Амантауда, шұрайлы жері.

Біліпті бабаларым жердің бабын,  
Іздепті ұрпағына нұр суларын.  
Ұрпақ үшін терін төкті, ашықты,  
Шыдады да шығармады көз жасын.



Дұға оқиық бабалар аруағына,  
Қағазға тізіп алып аттарын да.  
Жандары жұмақтан орын алып,  
Алланың нұры жаусын қабырына.

Бүгінде мен қараймын жан-жағым,  
Ешкім жоқ үлкендерден бұл жалғанда.  
Қоршайды айналамды жастар келіп,  
Қуанам артта өскен ұрпағына.

24.08.2002 ж.



***Ауырсаң да ойыңда мен боламын.***

Ауырсаң да ойыңда мен боламын,  
Менің-дағы ойымда сен боласың.  
Жас ұлғайып кәрілік келген кезде,  
Сенсіз өмір сүруді қаламаймын.

Аман болсын арттағы балаларым,  
Өмір сүріп жинаған зор байлығым.  
Екеумізді көргенде құшақтайды,  
Жас алып көздеріне құлындарым.

Жүректің ауырғанын ерте сезгем,  
Ауырғанын сездірмей саған жүргем.  
Алда бар ғой көретін қызығымыз,  
Сен жазылып әлі де өмір сүрсем.

Қонакпыз ғой бәріміз бұл өмірде,  
Қызықтадық сайрандап нар төрінде.  
Өкінбеймін өмірді сүрген кезге,  
Аралап қызықтадым бар жерін де.

Бар тілегім жан жарым амандығың,  
Ада болып аурудан жазылғаның.  
Сенсіз қызық болмайды шаңырақта,  
Жалғанда теңдесі жоқ сүйген жарым.

*Астана қаласы  
01.10.2002 жыл.*





## *Күздің соңғы кезінде*

Күздің соңғы кезінде,  
Суытты күн желдетіп  
Көрінбей күн көзі де  
Жаңбыр жауды селдетіп.

Түтін шықты будақтап,  
Үйдің жаққан пешінен.  
Жерді құшып құшақтап  
Тұман басты төсінен

Мал шықпады далаға,  
Жаз күніндей жайрандап  
Көрінбейді аспанда.  
Ұшқан құстар сайрандап.

Көшеде жоқ балалар,  
Асық ойнап таласқан.  
Атқа мініп ағалар,  
Далада мал қайырған.

Толып жүрген аңдар да,  
Жүгірмейді тауларда.  
Інге кіріп тығылыш,  
Балаларын қорғауда.

Ағаштар түр сарайып,  
Бұтақтары қатайған.  
Жапырағы сарғайып,  
Қабықтары қарайған.


Тұрды әжем ертемен,  
Күнге карап әйнектен.  
Бәрімізді тұрғызды,  
Жылы жатқан төсектен.

Атам болып намазын,  
Қолына ұстап таяғын.  
Біраз тұрып далада,  
Жамылып кірді шапанын.

Бүгінгі күн ызғарлы,  
Ақырғы күздің күні ғой.  
Дайындайық қораны,  
Малдың жәйлі орны ғой.

Жинады күрек, айырды,  
Кіргізіп үйге қиларды.  
Малдарға су беруге,  
Құдыққа қойды астауды.

Шешем жинап төсекті,  
Ашты тұрған жәшікті.  
Ішінен алып біздерге,  
Берді жылы киімді.



Айрылып қалма жылқыдан,  
Болмасын алыс ауылдан.  
Деп атам айтты Әкеме,  
Жауады көп қар түнімен.

Таңертең тұрып қарасақ,  
Даланың бөрі қар аппақ.  
Атам айтқан сөздері,  
Дұрыс боп шықты ойласақ.

*10.2002 ж.*





## *Ойратты еске алу*

Өмірден кеттің бүгін міне сен де,  
Жалғанның қызығына тоймай күнде.  
Жарқыраған өмірің біткен кезде,  
Қараңғы жерге барамыз ертең біз де.

Әкең, шіркін, көрмеді қызығыңды,  
Бала сүйіп, үй болып жүргенінді.  
Артында балаларың аман болып,  
Ойға алар өмір сүріп кеткенінді.

Өмірде шарықтадың ағамын деп,  
Дарияның толқындарын қағамын деп.  
Күш-қайратың таусылды міне бүгін,  
Ойладың ба? Жүрек тоқтап өлемін деп.

Тілейміз, жаныңа біз жәннәт төрін,  
Мәңгілік сенің орның жарық болсын.  
Қабырыңның жан – жағы гүлге толып,  
Алланың рахымы жауып нұрға толсын.

*6 қазан 2002 ж.*





## *Желтоқсан жігер берген қазағыма!*

Желтоқсан жігер берген қазағыма,  
Көнбеді көп жаулардың азабына.  
Егемен ел болуды арман етіп,  
Түсірді аждаһарды сабасына.

Жеткізді Алла бізді Егеменге,  
Иеміз байтақ жатқан жерімізге.  
Әлемге қазақ аты таныс болып,  
Астана бой көтерді төрімізде.

Арманы халқымыздың ел байыту,  
Токтаған өндірісті тез жүргізу.  
Меншікке жерді беріп, ұжым құрып,  
Құнарлы байтақ жерге дән өсіру.

Халықтың денсаулығын тез түзету,  
Ол үшін дәрі-дәрмек көп өндіру.  
Ауырған адамдарды құрметтеумен,  
Дәрігерлік уақытында көмек беру.

Күзетіп, жерімізді жаудан қорғап,  
Жанарған қару-жарақ қолға ұстап.  
Сарбаздар күні-түні ел қорғауда,  
Қасиетті Отанын көздей сақтап.

Желтоқсан оятты жастар санасын,  
Меңгерді олар мемлекет саласын.  
Отанды күшейтуге үлес қосып,  
Ауылға аттандырды көп жастарын.

Он жыл сүрдік өмірді бостандықта,  
Меңгердік бар байлықты жер астында.  
Өркениет елдермен қатарласып,  
Туымыз желбірейді көк аспанда.

Жеріміз гүлденеді еңбекпенен,  
Ащы тер денемізден төккенмен.  
Төрт түлік ауылдарда мал көбейсе,  
Қуатты ел боламыз байлықпенен.

12.12.2002





### *Топтанып біздер жүруші ек*

Топтанып біздер жүруші ек,  
Көшені басқа көтеріп.  
Атқанын таңның білмеуші ек,  
Алысып, ойнап, сырласып.

Бүгінгі күнге қарасам,  
Ауырлап денем қатайған.  
Аяқты басып жүгірсем,  
Қысады жетел алқымнан.

Сонда да өзім көнбеймін,  
Киемін алып тонымды.  
Алыс-ау жерді демеймін,  
Қуанам көріп жиынды.

Қатарым сиреп барады,  
Бармасқа менде ерік жоқ.  
Көрмесе олар айтады,  
Ағамыз қайда, неге жоқ.

Өмір – жұмақ, ешкімнің таласы жоқ,  
Үзіп же алмаларын аралап бақ.  
Еңбек ет гүлдендіріп жердің бетін,  
Мәңгілік үйің осы Аллаға һақ

*18.12.2002 ж.*



### *Мағжан мен Әмина*

Алғыс айтып жазайын мен өленді,  
Арамызда жандар бар жылы жүзді.  
Күлімдеп үлкен келсе сәлем беріп,  
Көңілді жібітеді жылы сөзі.

Бұл айтқаным Мағжан мен Әмина ғой,  
Жақсылығы адамға салады ой.  
Жайдары жарқын жүзі өз алдына,  
Жаны жайсаң қазақтың қыздары ғой.

Не айтсақ та сыйғандай бойларына,  
Әке-шеше тоқытқан ойларына.  
Кішіпейіл, сүйкімді, сызылып тұр,  
Мінездері өнеге жастарыма.

Тілейміз сендерге біз бақыт гүлін,  
Өмірде жадырай берсін нұрлы жүзің.  
Қызықтап ұрпағыңды жанұянда,  
Той менен қуанышқа толсын күнің.

Бақытты өмір сүрсін балаларың,  
Нұрланып өсе берсін көңілдерің.  
Қосағыңмен бірге жасап өмірді,  
Орындалсын ойлаған армандарың.

12.11.03 жыл





### *Ерейменді көргендегі қиял*

Ереймен Бөгенбайдың туған жері,  
Халқына пана болған қиын күні.  
Бауырында Қоржын көлі жарқырайды,  
Барсаңыз қарсы алады қалың шөбі.

Таулары көз тартады таңқалдырып.  
Бойына күш береді тамсандырып.  
Ішке тартып ауасын жұтқанында,  
Кеуденнен ән шығады толғандырып.

Бауырында ақ қайындар қоныс тепкен,  
Алыстан ұшқан құстар көзін тіккен.  
Құлпырып ағып жатқан бұлақ суы,  
Жағалап әр томарды дыбыс берген.

Таулары көсіледі құшак жайып,  
Тауына Нияздының сәлем беріп.  
Ығына қоныс тепкен ел мен жұртын,  
Қорғаған жауларынан пана болып.

Андары тауларында сайрандаған,  
Құстары жартасына ұя салған.  
Төрт түлік мал өрісте жайылып жүр,  
Суын ішіп, шөбін жеп рахаттанған.



Көзбен сүзіп қараймын жан-жағыма,  
Елестетем батырды көз алдыма.  
Тұлпар мініп аралап Қоржын көлді,  
Шатырын тікті екен қай араға?

Жауды жеңіп жеңіске жеткен кезде,  
Думанды той жасапты Ерейменде.  
Ат жарыс, қыз-қуу мен көкпар тартып,  
Ән салған бозбалалар тау ішінде.

Қара керей Қабанбай, Ақтамберді,  
Жәнібек, Құттыбай мен Бөгенбайды.  
Халықтар қуанышпен қарсы алған,  
Жауды жеңіп қуантқан байтақ елді.

Абылай басы болды батырлардың,  
Ел үшін аямады қанын-жанын.  
Қысы-жазы соғысты жерін қорғап,  
Асырғанша Алтайдан ата-жауын.

Ер еңбегін ел-жұрты ардақтады,  
Орта жүз хан көтерді Абылайды.  
Хан ордасын қондырды Көкшетауға,  
Үш жүз қазақ еліне ұрандады.

Той бастаған Үмбетей жырау болған,  
Бұқар жырау келіпті Қазбек бимен.  
Көп ақындар айтысқан тойға келіп,  
Женгендері бүліштен шапан киген.



Үш жүздің басын қосқан мұндай тойлар  
Болмаған Сарыарқаның төрінде.  
Тігілген аппақ қардай киіз үйлер,  
Жетіп жатқан бір шеті Өлеңтіге.

Жиырма төрт қанат ақ үй ортасында,  
Жан-жағына үй тіккен ауылдарда.  
Адамдар бір-бірімен құшақтасып,  
Барлығы бір кісідей қуануда.

Соғыста шәйіт болған батырларға,  
Дұға мен Құран шықты әруақтарға.  
Жоғалтып қимай-тұғын бауырларын,  
Жоқтау айтып жылады аналар да.

Ел жақсысы елімнің отыр төрде,  
Әңгімесі ел қамы, ел өмірі.  
Жау тимейді енді деп орта жүзге,  
Ойын айтқан халқына Ақтамберді.

Келеді деп Абылай хан осы тойға,  
Ақ шатырын тұрғызды жеке-дара.  
Төріне отыратын тағын қойып,  
Төседі мамық кілем жүрер жолға.

Қарасын келе жатқан ханды көріп,  
Қарсы алуға жиналды адамдар көп.  
Көргенде көрі шал мен аналарды,  
Сәлем берген Абылай аттан түсіп.



Елжіреп көзіне жас алады Абылай,  
Көздері жауғандайды жас баладай.  
Көргендей туыстарын Ерейменде,  
Тулайды іш-құрлысы асау тайдай.

Жасын сүртіп бұрылды үлкендерге,  
Халқы жүдеп, ауыр күнді көргендерге.  
Бірі би, бірі жырау ел ақыны,  
Ел көсемі осылар орта жүзде.

Ассалаумағалейкүм, Әкелерім,  
Ақылшым, арқа сүйер даналарым.  
Жүздерің жарқырайды биік шыңдай,  
Сіздерді көргеніме қуанамын.

Абылай сәлем берді қарт Бұқарға,  
Қаз дауысты Қазбек пен Үмбетайға.  
Батыр жырау Ақтамберді ру басы,  
Жиналған ел жақсысы адамдарға.

Амандасты бұрылып батырларға,  
Жау қамалын бұзатын дарындарға.  
Бірге жүріп, жауларын бет қаратпай,  
Алтай асырып дұшпанды қуғандарға.

Ағасындай бұрылып құшақтады,  
Қол бастаған батыры Бөгенбайды.  
Айлакер, жауды қапы қалдыратын,  
Дарабоз қара керей Қабанбайды.



Халқына қарап иіліп сәлем беріп,  
Шатырына бұрылды аяқ басып.  
Кіргесін есік ашып билерменен,  
Тарқасты тұрған халық ыриза болып.

Қонақасына семіз жылқы сойылды,  
Ет асуға дайындады қазанды.  
Ойын-сауық кызып кетті ауылда,  
Өлең айтып жаңғыртты кең даланы.

Ертеңінде алаңға жұрт жиналды,  
Көруге қадырлы хан Абылайды,  
Ерлігімен аты шыққан жұлдыздай,  
Ел басшысы, ақылды, ер батырды.

Халқы жасап сый-құрмет ардағына,  
Мінгізді Абылайды арғымаққа.  
Ертоқымын қаптатып күміспенен,  
Алтындатып кигізді шапандыда.

Абылай халқына арнап сөз сөйледі,  
Кең арқа жаудан азат ел көңілді.  
Қасымда ер батырлар, жыраулар тұр,  
Жанын беріп қорғаған туған жерді.

Халық болып елімізді көркейтеміз,  
Әрдайым бірге болсын ниетіміз.  
Ардақтап анамыздай жерімізді,  
Ел жанды ұрпақтарды өсіреміз.



Ел қорғаған жауынгер батырлар да,  
Қалмады сый-құрметсіз барлығы да.  
Бір-бір тұлпар мінгізіп хан Абылай,  
Алмас семсер ұстатты қолдарына.

Сый алды Малайсары мен Олжабай,  
Қарасай мен Баян батыр, Құттыбай.  
Жау көрінсе сақадай-сай тұратын,  
Алып денелі Сары менен Сағынбай.

Жауға қарсы арасында халықтың,  
Ұран тастап соғысуға шақырдың.  
Әрі жырау, әрі батыр ақылшым,  
Қорғадыңдар туған елдің намысын.

Бетке айтып әділетті қорғаған,  
Бұқар жырау ел қамын көп ойлаған.  
Үмбетей мен Тәттіқара отаншыл,  
Ақтамберді жаудан беті қайтпаған.

Жырауларға сый көрсетті Абылай да,  
Кигізіп қасқыр ішік барлығына.  
Ел үшін көп жасаңдар кемеңгерлер,  
Жырларың шарықтасын ел алдында.

Алла өзін қуат бер деп Абылай хан,  
Алдына үлкендердің тізе бүккен.  
Асыл жырау, ақылшым Бұқар аға,  
Халқыма берші бата шын жүректен.



Қолын жайып Бұқар жырау тіледі,  
Халқына бақыт пен ұзақ өмірді.  
Ұрпақтар өсіп бабаның жолын қуып,  
Қарашықтай сақтасын туған жерді.

Той тарады Ереймен бауырынан,  
Баба ісі кетпейді халық ойынан.  
Ұрпақтарға тән болар ұлы істері,  
Жүгіріп жидек терген тау қойнынан.

Қараймын жан-жағыма биік қырдан,  
Сұлу жер шығармайды мені ойдан.  
Тұрғызған хан шатырын осы жерге,  
Іздерін көрсем екен аяқ басқан.

Көркі ғой бұл Ереймен төңіректің,  
Жаз жайлауда ұясы бар халықтың.  
Суы мен шөбі нәрлі, ауа нұрлы,  
Секілді жұмағындай бұл жалғанның.

Үмбетей қыр жырлаған осы жерде,  
Шалқытып шабыт алған жүрегіне.  
Таулары қуат беріп, аспандатып,  
Батыр жырау атанды байтақ елге.

Арыстандай асыл туған ерлерім,  
Аямаған ел үшін жандарын.  
Қара керей Қабанбай мен Бөгенбай,  
Ертіс асып талай тіккен шатырын.

Жауды қуып Алтай таудан асырған,  
Шыңғыстау мен Арқа жерін босатқан.  
Осы жерді қоныс қылып мәңгілік,  
Арғын менен Наймандарға қалдырған.

Жырға қосты аманатын батырдың,  
Шықпасын деп естерінен ұрпақтың.  
Ойға алып батыр менен жырауды,  
Көріп жүрсек әр қалада бейнесін.

Ертісте өмір сүрген қала Қимақ,  
Ежелден тұрған қазақ сауда жасап.  
Өркөкірек жат жандар өзімсініп,  
Қала атын өзгертті сұрамай-ақ.

Петропавел, Павлодар, Устькомендер,  
Жойылса қалаларда осы аттар.  
Есіл мен Сарыарқа, Алтай болса,  
Күлімдеп көздеріміз нұр боп жанар.

Ақмоланың ортасы ауыл толған,  
Қазақтар сол ауылда өмір сүрген.  
Келімсектер ел билеп тұрған кезде,  
Орыс атын қаптатып қоя салған.

Зорлығын түземедік әлі күнге,  
Келмей жүр ғой шамамыз бүгінде.  
Түрмесінің азабы сол заманның,  
Соққысы өтіп кеткен денемізге.



Алғасын Егемендік біз қуандық,  
Батыс пен Оңтүстікте қазақтандық.  
Солтүстікте барлығы сол қалпында,  
Әкімдер сөйлетпейді осы зорлық.

Астана деп аталды ел ордасы,  
Өткендердің ойы еді, ел арманы.  
Қарасаң көз тартады әсем үйлер,  
Жиналған ақылдылар ел ардағы

Ұрпағы ақтап жүр ғой аманатын,  
Ойында ақыл-сөзі бабасының.  
Өнерлі білімді де әр салада,  
Бүгінде жастары көп ел ұстайтын.

*12.04.2003 ж.*



## *Орындалса арманым*


Мақтанамын мен қалама тұратын,  
Зәулім үйлер кеш шамдарын жағатын.  
Үлкендері ақылды да сабырлы,  
Ұрпақтары ұшты қағып қанатын.

Көміріңмен атың шықты әлемге,  
Ата-баба қаны тамған жерінде.  
Суын ішіп, қуат алған бойына,  
Батыр, Ақын, Даналар мен Әкім де.

Көтересің ұрпағыңды биікке,  
Адал бол деп Егеменді еліңе.  
Ақтап жүр ғой аманатын халқының,  
Алғыс айтам Даниалдай ініме.

Еңбегіңнің ізі жатыр қалада,  
Жақсылығың ағалардың ойында.  
Қайда жүрсен тілеуқормыз біз саған,  
Асыл ұлын ұмытпайды халқы да.

Екібастұз жарқырайды әлі де,  
Набитовский қолға алды бәрін де.  
Көше таза, гүл егілді жағалай,  
Қуануда жастары мен көрі де.



Тойлап жатыр облыстың мейрамын,  
Ертіс суы кең құшағын жайғанын.  
Күтудеміз күнде сұрап Алладан,  
Елдің атын қазақшалап қойғанын.

Өлке өсті, құлпырады бүгінде,  
Ұл-қызының аты шықты елінде.  
Ғылым менен өнер, білім дамыған,  
Көк байрағы желбіреді төрінде.

Арманы жоқ кеткендердің өмірден,  
Ұрпағының ісі шықса көңілден.  
Тұлпар тұрса қаласының төрінде,  
Екі батыр жүзіп өткен Ертістен.

Ойға алар ұрпағының данасы,  
Жетеді ғой әкімдердің шамасы.  
Ел мен қала қазақша ол аталса,  
Орындалар көптен күткен арманы.

28.04.2003 ж.







### *Сөнгенше нұрлы жанарым*

Жетпіске келдім,  
Асамын белден,  
Өмірдің жолын байыптап.  
Боламын ойда,  
Қараймын алға,  
Жүремін қанша шарықтап.  
Ауырады жүрек,  
Балалар тірек,  
Сүйеді мені құшақтап.  
Ағайын бар көп,  
Сөйлеймін ептеп,  
Артыма қарап жалғастап.

Аралап қала,  
Ізденіп пана,  
Туысқан санап ұлттарын.  
Әдемі үйлер,  
Таза көшелер,  
Сыйлайды екен достарын.  
Суларын іштім,  
Теңізде жүздім,  
Ауласып жедім балығын.  
Таттым бал дәмін,  
Тыңдап ән сазын,  
Үйрендім өнер, ғылымын.



Ну орман көрдім,  
Ішінде жүрдім,  
Жұпар исіне тамсанып.  
Тауға да шықтым,  
Арқарын көрдім,  
Қарадым шыңға таңғалып.  
Жиында болдым,  
Мәжіліс құрдым,  
Үлкен-кішімен сыйласып.  
Балалы болдым,  
Немере сүйдім,  
Достарымменен сырласып.

Қызық қой жалған,  
Алда бар арман,  
Жетер ме екен өмірім.  
Ыриза болып,  
Жетпіске кіріп  
Жүдемей тұрса көңілім.  
Дүние қызық,  
Таусылса сызық,  
Сұрамай тоқтар жүрегім.  
Күлейік ойнап,  
Жүрейік жадырап,  
Сөнгенше нұрлы жанарым.

*Маусым 2003 жыл.*



## *Ауылымның ардақты асылдары*

Ауылға бара жатқанда,  
Арайлы таң атқанда.  
Толғаныстың шегі жоқ,  
Қуаныш бойды алғанда.

Күлімдеген жер жүзі,  
Тербетеді жүректі.  
Ойға түсіп жас кезін,  
Оятады сезімді.

Өскен жердің шуағы,  
Көл мен қамыс құрағы.  
Қарағанда соларға,  
Жас көзімнен шығады.

Қараймын мен жан-жаққа,  
Төбе менен тау-тасқа.  
Бәрі сол жас кезімдей,  
Өзгермеген маңайда.

Қоңыр салқын далада,  
Жайылып жүр малдар да.  
Көзіме жылы көрінеді,  
Ұшқан құстар аспанда.

Сыбырлайды шөптері,  
Жарқырайды көлдері.  
Үлкендердің бәрі жоқ,  
Есіңе алып жаз дейді.



Айтайын ойға алып үлкендерді,  
Мазасыз өмір сүріп кеткендерді.  
Аштықта бірін-бірі тастамады,  
Қадірлеп көмген олар өлгендерді.

Тірлігін ойлап өтті ұрпақтардың,  
Жемеді, ішпеді де тапқандарын.  
Жетектеп қыстың қатты боранында,  
Көз жұмып, сақтап қалды балаларын.

Аштықта не жемеді аталарым,  
Жоғалтты жылауменен қатарларын.  
Жеткесін жаз күніне, тау аралап,  
Жуа жеп бойға жиды қуаттарын.

Бір күні жиды ауыл үлкендерін,  
Сөз қылды қалай қыстан шығуларын.  
Үлкені Мүтәл бастап сөз сөйледі,  
Егін ексек қаламыз қыстан аман.

Бір ауыздан келісті тары егу,  
Ол үшін поселкадан тары іздеу.  
Шөріп айтты танымын орыстарды,  
Барайын салт атпенен бүгін дереу.

Бір қап тары әкелді орыстардан,  
Соқаға сиыр жекті бар үйлерден.  
Бір Алла берем десе береді ғой,  
Тарыны жия алмады аңыздардан.

Ауылым қарық болды тары нанға,  
Артылғанын таратты басқаларға.  
Келесі жылы егеміз бидайды деп,  
Сөзге келмей келісті барлығы да.


Қыста халқы ауылдың тарықпады,  
Егінге соқаларын жабдықтады.  
Жаз шыққанда үлкендер басы болып,  
Бидай егетін жерді анықтады.

Сай-сайды аралады көзбен көріп,  
Байқады топырақты қолға қысып.  
Амантау мен Құстастың арасына,  
Соқаның жүзін салды ел қуанып.

Бұл отыз бестің жазы болса керек,  
Үлкендер жастарына болып тірек.  
Бидайды Мұқан менен Қасен септі,  
Бата берді Ысқақ пен Омар келіп.

Қорыққа су жайылып шөпті болды,  
Арасы Қызылтастың суға толды.  
Шөп шабуға қолшалғы дайындауға,  
Ұсталықты Төлеубек қолға алды.

Шөп шабуға кірісті көп адамдар,  
Ішінде Төлеш, Мәжікен, Ақандар.  
Шилібай, Әбіжан, Төлеу, Бүркітбай,  
Кенжебай, Нұрғали, Мұса, Тақандар.



Тапал, Қылан, Түсіпбек, Шалабайлар,  
Ақылбек, Қалтай, Бәйбек, Әшім, Шекер.  
Исабек, Бөкей, Мәдікен, Ербота,  
Қазанбай, Сламбек, Шәбден, Тікіректер.


Шөп тасыды: Әбділ, Игіш, Бесінбай,  
Нұрмағанбет, Ермағанбет, Көшербай.  
Рахымжан, Серғали, Кәржан, Көдебай,  
Жанбота, Досмағанбет пен Нөгербай.

Ауылсовет бастығы Сартай келіп,  
Егінді бақылауға алындар деп.  
Аяпберген, Кәбіжан, Жәміндерді,  
Атандырды күзетке қару беріп.

Қуанды үлкендері егін көріп,  
Көздеріне жас алды аштық түсіп.  
Кемпір-шал, бала-шаға нанға тойды,  
Халықтар мол бидайды жинап алып.

Ақылды ақсақалдар сол кездегі:  
Тұңғышбай, Қазыкен, Мамыт, Әбділдәні.  
Ілияш, Сқақ, Әбітай, Жәмбөкір,  
Қомыт, Омар, Ыбырай, Шәріп еді.

Әйелге бидай тарту болды ауыр,  
Қолдары дирменнен болып жауыр.  
Омар-атам орнатып жел диірменді,  
Көп жеңілдік жасады, бұл да тәуір.



---

Жақсарғасын ел жағдайы ауылда,  
Кеткендер кері қайтты жұртына.  
Үйлер салды көмегімен елінің,  
Дайындалды келе жатқан қысқа да.

Ел түзелді малдар өсіп далада,  
Аң көбейіп жүгіріп жүр тауларда.  
Сәбилердің үні шығып әр үйден,  
Ойын-тойлар болып жатты ауылда.

Жаз көшетін ауыл тегіс жайлауға,  
Суы мол, жері жазық, жайлы малға.  
Киіз үйлер қырлы жерге тігіліп,  
Ұсақ малдар қамалатын қоршауға.

Кеш болса жиылатын ел жастары,  
Тартатын құбылжытып домбыраны.  
Ойын-сауық қызған кезде барлығы,  
Қосылып айтатұғын “Қамажайды”.

Үлкендер жиылатын киіз үйге,  
Әйелдер үлкен-кіші бәрі бірге.  
Әңгіме аяқталып болғаннан соң,  
Ұсыныс, көшейік деп енді әнге.

Алды да Омар атам домбырасын,  
Үндестірді бұраумен құлақтарын.  
“Қыз емес, қыздың аты” – деген кезде,  
Тыңдай қалды тоқтатып дыбыстарын.



Дауысынан селк етті отырғандар,  
Жиналды үй маңына естігендер.  
Өлеңі бабалардың қандай жақсы,  
Деп айтты ескі әнді сағынғандар.

Уф... деп демін алды Омар-атам да,  
Кезекті берейік деп басқаларға.  
Отырған жолдасы мен Сағира да,  
Гармонын қолға алды ән шырқауға.

Түн жаңғырды апамның өлеңінен,  
Әндетіп айтқан кезде гармонымен.  
“Айгөлек алтын кірпік” – деген кезде,  
Дауысы шықты жұрттың көңілінен.

Сыңғырлап айтқан кезде “Майра” әнін,  
Шырқады аспандатып созып үнін.  
Естісе бұл дауысты Майра өзі,  
Құшақтап сүйер еді сіңілісін.

Кезек берді Кәбіжан ағамызға,  
Сұрады тіл бітір деп домбыраға.  
Күй шіркін мұрасы ғой қазағымның,  
Көңілді көтерейік көк аспанға.

Тартып берді Құрманғазы күйлерін,  
Тәттімбеттен шертпе күйдің түрлерін.  
Домбыраның құлағын қайта бұрап,  
Баппен тартты “Қос алқаның” үндерін.





Келетін демалуға ағаларым:  
Бодаубек, Жанайдар, Халық, Абдрахман.  
Смағұл, Жәнәбіл, Шакарбек, Ибрайым,  
Кенжалы, Жанғазы, Қали мен Балпан.


Сәске түсте тұратын ауыл халқы,  
Киіз үйден шығатын саба дауысы.  
Қымыздарын қотарып, сапырумен,  
Есік ашық күтетін қонақтарды.

Ағалар жүретін үйлерге кіріп,  
Үлкендерді құшақтап сәлем беріп.  
Әжелерім көргенде күлімсіреп.  
Қуанатын көзіне жасты алып.

Қолдарында өсірген балалары,  
Көруге асығатын туыстары.  
Демалысқа келгенін қыстай күтіп,  
Сақтайтын қарта менен қазыларды.

Елімнің қаладағы тіректері,  
Ініге аға болған кемеңгері.  
Жастарын ауылымның білім ал деп,  
Жол бастап үлгі болған асқар тауы.

Бодаубек басқарып еді районды,  
Абдрахман облыстық оқу бөлімді.  
Балпан аға қызметі Алматыда,  
Смағұл аға басқарған шахтыларды.



Үлкен қызмет істеді Жанайдар да,  
Басқарып сауда орнын ол қалада.  
Жәнәбіл, Қали менен Кенжалылар,  
Әртүрлі жұмыс атқарды облыста.

Бір айдай той болатын ауылымда,  
Кезекпен шақыратын дәм татуға.  
Ағаларды құрметтеп күту үшін,  
Жиылатын сол үйге жастары да.

Кетерге аз күн уақыт қалған кезде,  
Атқа мініп жүретін тау ішінде.  
Аң аулап, тазы қосып қояндарға,  
Жарысатын атпенен өздері де.

Балалық күндері де ойға түсіп,  
Кететін жаяу жүріп, қыстау барып.  
Жағалаумен өзеннің жиектерін,  
Шомылатын алысып суға түсіп.

Кетерде құшақтайтын үлкендерді,  
Сезгендей жүректері бір нәрсені.  
Аллаға аманат деп туған жұртын,  
Егіліп сүйюші еді үлкендерді.

Тоқтайтын Батпақ көлдің бұлағына,  
Қарайтын артта қалған Амантауға.  
Басына төбешіктің шығып алып,  
Сағынбастай жұтатын ауасын да.

1940 жылдың қызықты өтті жазы,  
Ақырғы көргеніміз сол жыл осы.  
Таластың азаматы, асылдарын,  
Ойласам шығып кетет көздің жасы.

Көп жастары оқып жүрген қалада,  
Жаз ауылда болатын каникулда.  
Кешке жақын жиылып мал сауғызып,  
Алтыбақан құратын ауылымда.

Қыздар мен бозбалалар ән салатын,  
Қызық көріп жұрттар да жиналатын.  
Әжелер мен аталар үй жанында,  
Жас шағын ойға алып толғанатын.

Басқарып ойындарды жүретіндер,  
Әбдікәрім, Қизатай, Әбдіғапар.  
Тұрлыбек, Нұрмағанбет, Бозыкендер  
Рахымтай, Жандарбек пен Ілдәбайлар.

Өленді бастайтұғын Мұқан, Шәкім,  
Қасында Уәли, Әшім, Қани, Рахым.  
Қосылып қыздарменен ән айтқанда,  
Түн ішін дауыстары жанғыртатын.

Өнерлі, өнегелі барлығы да,  
Балалары Қаржас, Талас олар да.  
Ақылия, Қыдырғали, Такуменен,  
Бас болып жүретұғын арасында.



Көргенім бала кезде қалды есте,  
Барлығы да көз алдымда қалмай әсте.  
Ұрпақтары олардың өсіп-өніп,  
Ойынан шығармасын келешекте.

Сыбанып кірісетін жұмыс десе,  
Білмейтін шарпағанды күн төсінде.  
Үлкендердің көңілін қалдырмайтын,  
Елгезек көп осындай бала өссе.

Ауылым өсіп-өнді жан-жағынан,  
Егіні жақсы пықты ел тойынған.  
Шілдехана көбейіп бала туып,  
“Қызылтасты” қоныс қып үй салдырған.

Басқарған ауыл халқын Бекен еді,  
Ол кетіп әскерге Төлеген болды.  
Малдарды ауылдағы емдейтіндер,  
Жәмін мен Текебайдың Төлегені.

Айтайын тағы бір топ үлкендерді,  
Жолдасбек, Жәмәнтік, Кәрім, Әкілді.  
Ағылшын, Боранбек, Нұрым, Жәнібек  
Мұқыш, Төкіш, Боқан, Ақан, Қалтайды.

Қайырбек, Садық, Жылқыбай, Әлдешпен,  
Ақытай, Тету, Әбділ, Шәкәрбекпен.  
Қасен, Қиба, Әбігер, Қапсалықтар  
Еңбегімен ауылды гүлдендірген.

Меңгерген техниканы сол кездері,  
Айтжанов Төлеубек пен Қазыкенді.  
Жастардың алды болып, жігерленіп,  
Жүргізді трактор мен комбайнды.

Әлі есімде жұрттың қуанғаны,  
Алдынан балалардың жүгіргені.  
Үлкендер айтып еді көріп тұрып,  
Жыртпаймыз көлікпенен енді жерді.

Шәймерден жүргізетін машинаны,  
Көшербай ол кісінің көмекшісі.  
Қатынас қалалармен көп жақсарып,  
Істеген жақсылығы таудай еді.

Осылай ел жақсы болушы еді,  
Мал бағып, шөп шауып жүруші еді.  
Ауыл іші көңілді жұмысы көп,  
Суық хабар мүлдем де күтпеп еді.

Хабар келді ауылға азалы үн,  
Бұлт басқандай көрінді ауыл үстін.  
Соғыс өрті келді деп ел шетіне,  
Халықтың алып жатты үрейлерін.

Күні-түні жылады әжелер де,  
Қосылып бала менен әйелдер де.  
Отан қорғау ерлердің парызы деп,  
Орталыққа жинады бәрлерін де.



Еркектердің бәрі кетті соғысқа,  
Аурулары қалды аздап ауылда.  
Мал бағуға жетпей жатыр адамдар,  
Жұмыс істеу әйелдердің мойынында.

Кеткендердің барлығы да қадырлы,  
Жылап қалды арттарында балалары.  
Кей біреуі жалғыз еді атаның,  
Төгілді талай әкелердің көз жасы.

Есімде жылағанын Тұңғышпайдың,  
Кісенін мойнына салып боздағанын.  
Шәкім-ау деп плашына жармасып,  
Талықсып қара жерге құлағанын.

Жүретін ала атты баптауменен,  
Хат күтіп жан-жағына қарауменен.  
Сондай халде болатын Жөкіш атам,  
Әшімін күтіп өтті жылауменен.

Ауылдың жағдайлары ауыр болды,  
Зардабынан соғыстың қорлық көрді.  
Киетін киімі жоқ, тамақ нашар,  
Көп адамдар өмірден көшіп кетті.

Ағайын бір-біріне қамқор болды,  
Барын беріп, дәмдерін бөліп жеді.  
Қыс кезінде қиындық болған кезде,  
Ақсақалдар бірігіп көмек берді.

Ауырғанды емдеді Нөгербай да,  
Жаз жүретін шөп іздеп қорықтарда.  
Дәріні өз қолымен, өзі жасап,  
Көп адамға тигізді шипасын да.


Ағайын құрметтейтін Рахымжанды,  
Адамның төресі еді ауылдағы.  
Соғыс бойы мазасыз өмір сүріп,  
Қаладан әкеп тұрды керек затты.

Обалдық жасамайтын бір адамға,  
Аянышпен қарайтын балаларға.  
Алдынан келе жатқан, шыққан кезде,  
Бір-бір қант ұстататын қолымызға.

Досмағанбет, Әбіжан бақты жылқы,  
Жылатпады әйелдерді қиын жылы.  
Еркектері соғыста жүрген кезде,  
Жылқыларын өлтірмей сақтап берді.

Төлеубек пен Жәнібек маман еді,  
Ұсталықта сөнбейтін көріктері.  
Баулайтын балаларды ұста бол деп,  
Жандарынан қалдырмай бәрімізді.

Ойға алам Аялберген мен Қыланды,  
Жұмысқа үйрететін балаларды.  
Қарнымыз ашқан кезде, кешке қарай,  
Отты жағып, пісіретін тамақтарды.



Бір аяғы жоқ болса да Қылаң марқұм,  
Аяйтын күлімсіреп, жүзі жарқын.  
Айырды бізге бермей өзі ұстап,  
Жырылып қалады деп жұқа шабын.

Әділ ғой Мұқан мен Қазыкен атам,  
Балалықпен болған шығар көп қатем.  
Ұрыспай жөй айтатын ақылдарын,  
Кең пейіл, арқа сүйер, асыл затым.

Жақыбайдың Қасені мен Мәжікен,  
Шөп шабатын қорықта шалғыменен.  
Екеуі де бай еді әңгімеге,  
Біздерге өнеге сөз көп айтатын.

Бала мінез ақкөңіл Тапал марқұм,  
Жанынан тастамайтын ол-Өмірін.  
Біздерді жиып алып отырғызып,  
Қамшы мен жүгенді өргізетін.

Момын еді Ыбырай атам, ақкөңіл,  
Жаңғызы Қани ол да кішіпейіл.  
Ақылы, сабырлығы бойына төн,  
Жастай көрді аурудың азабын ол.

Жолдасбек атамызды шешелерім,  
Жотан деп сыйлаушы еді үлкендерім.  
Соғыс жылы басқарды колхоздарды,  
Халқына тигізіп еді көп пайдасын.



Қали атам сымбатты, ол-ақылды,  
Баласы Қайыры да өзіне тартты.  
Жиылып Аулабайдың ұрпақтары,  
Бүгінде “Қарабұлақ” қоныс болды.

Ойға алайын қымбатты әжелерді,  
Бөпежан, Күлжәмила, Күлбәкішті.  
Күлжамал, Күлкен-апа мен Зейпінді,  
Зайда-апа, Жәкіш-апа, Бикенді.

Ұмытыпшын аттарын өзгелердің,  
Кешірсін мені бүгін аруақтарың.  
Соғыс жылы қамқор болып біздерге,  
Қуат беріп өсірген аналарым.

Мұғалім мектептің сол кездегі;  
Шапағат, Әмбия, Тақу еді.  
Білім алып балалар әр класта,  
Жаз колхоздың жұмысын істеп жүрді.

Көп қиындық көріп еді Тәрмізи де,  
Сағадат, Қапен, Абзал, Құдайберген де.  
Аймаш, Анай, Сағымбек, Бағаш, Әлім,  
Асан, Ілдебай, Камал, Жұмабек те.

Шарамазан, Нұрғали, Сатайменен,  
Қанапыш, Қаныш, Қали, Кәпкешпенен.  
Еңбек, Қамзе, Төлен, Сапар, Едіге,  
Жастары ғой Қызылтас – Ақшменен.



Аталмай қалғандары ғафу етер,  
Есімде кейбіреуі бұлдыр тартар.  
Уақыт аққан судай ағып кетті,  
Біреулер қалам алып еске салар.

Соғыстан ерте келді Көкіжан да,  
Ленинград түбінде болып қоршауда.  
Жүрегіне оқ тиіп ауыр халде,  
Дәрігерлері ем жасады ауылда.

Көмек берді ол халқына ерінбей,  
Жүрегінің жарасына қарамай.  
Күндіз-түні жұмыс істеп фермада,  
Еңбек етті елі үшін аянбай.

Соғыс бітіп қуанышта ел іші,  
Сұрап жатыр келгендерге сүйінші.  
Жабырқаған көңілдері сейіліп,  
Барлығының лүпілдейді жүрегі.

Болып жатты жеңіс тойы әр үйде,  
Келгендерді құшақтайды бәрі де.  
Аман келіп ел мен жұртын көргендер,  
Еркелетіп балаларын сүюде.

Жастар кетті қала жаққа оқуға,  
Кейбіреуі орталыққа ауданға.  
Армандары, алу болды мамандық,  
Барып түсу, үлкен оқу орнына.



Дәрігерлік жол бастаған Анай еді,  
Аурудан жазамын деп бүкіл елді.  
Еңбегімен аты шығып қалада,  
Ғылыми атақты да оған берді.


Інісі Сапар жалғап оның ісін,  
Ғылыммен аты шықты оның бүгін.  
Жемісті еңбегінің арқасында,  
Қадырлы азаматы қазағымның.

Еңбегі Тәрмизидің таудай еді,  
Ұшқыш болу жасында арманы еді,  
Көп жылдар солтүстікте еңбек етіп,  
Қызықтап балаларын өмір сүрді.

Көмір өндірісінің мамандары,  
Асан, Бағадат, Еңбек қаладағы.  
Айрықша жаңалықты ашқан үшін,  
Асан да ғалым атағын ерте алды.

Мемлекет қауіпсіздігін қорғауда,  
Еңбек етті Едіге мен Камал да.  
Борыштарын адал өтеп Отанның,  
Полковник атағын алды олар да.

Ауылды күшейтуге атсалысқан,  
Көп жастары жоғарғы білім алған.  
Төлеубектің Кәпені депутат болып,  
Туған жердің намысын ол қорғаған.



Білім беру саласында еңбек еткен,  
Ауыл мен қалаларда сабақ берген.  
Талантты еңбегінің арқасында  
Абзал ғалым атағына ие болған.

Оқуын бітіріп келді Ташкенттен,  
Мамандығын теміржолдың меңгеріп.  
Азаматы Сағадат та Таластың,  
Жас кезінде мал қайырған жүгіріп.

Адал еңбек арын сатпай біреуге,  
Өзі істеді, жұртты үйретті еңбекке.  
Адал бол деп айтқан оған үлкендер,  
Аманатын орындады өмірде.

Күлкен-апам қолға алып сүйетін,  
Өзіне тартқан сезімтал жиенін,  
Білім алып ақын болды Есентай,  
Өлең жазды жасөспірім оқитын.

Тәрбие беріп жастарын қадірлеген,  
Көрінетін биік-биік белестерден,  
Ортаңда Шайқы-ағаң, Бұқарбекпен,  
Бабанның көзін көріп ардақтаған.

Бұлар көрді өмірдің қиындығын,  
Халқы жүдеп әйелдің жылағанын.  
Ауырса дәрі де жоқ, дәрігер де жоқ,  
Қолдан келер шаманың таусылғанын.



Бүгінде жағдай ептеп өзгеріпті,  
Жеке меншік санаға ол кіріпті.  
Өз малыңды бағатын өзің болсаң,  
Есепте табысыңды күнделікті.


Елден өсті талай дарын адамдар,  
Халық үшін жанын қиып кеткендер.  
Бүгінгі күн сендер үшін көп сынақ,  
Аталардың жолын қуып өсіндер.

Талас жері гүлденеді сендермен,  
Егін өсіп су ағады өзеннен.  
Тауда қаптап аңдар жүрер жүгіріп,  
Күн күлімдеп, жаңбыр жауар аспаннан.

Еңбек етер бала менен үлкендер,  
Жер-ана тебіренер, толғанар.  
Ұрпағының еңбегіне қуанып,  
Кемпірқосақ, аспан әлем нұр төгер.

Қарабұлақ, Амантаудың арасы,  
Малға толар ауылымның қорасы.  
Жылжып аққан бұлақ суы мөлдіреп,  
Тау басына қаптап шығар жуасы.

Көл жағалай ауыл қонар жазында,  
Қаз қаңқылдап балық ойнар суында.  
Үйір-үйір жылқылары құлындап,  
Тұлпар туып бөйгі алар жарыста.



Бала туар батыр болып Дүйсендей,  
Жыр төресі, асқақ ойлы Бұқардай.  
Өнер иесі Сағира мен Кәбіжан,  
Биік тұлға жиеніміз Қаныштай.

Ойға алар осы жазған сөзімді,  
Жаттап айтар жастарымыз өленді.  
Тілеп кеткен ата-бабаң сіздерге,  
Олар асыл, дана болған төзімді.

*22.VIII. 2003 жыл*





## *Ауыл кеші*


Жер жүзі көгеріп тұр,  
Аспаннан төгіліп нұр.  
Аксақал аталары,  
Мал қайырып өрісте жүр.

Шығады бала дауысы,  
Қайырған қозыларды.  
Апалап жүгіреді,  
Көргенде аттыларды.

Желіде құлындар тұр,  
Енесі жайылып жүр.  
Шұркырап кісінейді,  
Ойнақшып тебініп ол.

Киіз үй маңайында,  
Шулайды балалар да.  
Ойнап жүр асық тігіп,  
Кезекпен атысуда.

Кеш болды, малдар келді,  
Қотанға у-шу кірді.  
Қозы, лақ маңырайды,  
Жаутаңдап екі көзі.



Сиырлар мөңіреді,  
Желінге толып сүті.  
Бұзаулар жұлқынады,  
Емем деп емшекті.

Қойшы мен балалар да,  
Жұмысын атқаруда.  
Қозыны көгендеумен,  
Қойларды сауғызуда.

Сүт тартып, қаймақ алды,  
Қымызды пісіп жатты.  
Кешкі асты дайындауға,  
Қазанға тамақ салды.

Қайнаған жұмыс арты,  
Біткесін тынышталды.  
Жан-жануар бөрі де,  
Ұйықтаумен демін алды.

25.06.2003 ж.







### *Алдымда асылым бар шыңда тұрған*

Алдымда асылым бар, шыңда тұрған  
Кешегі қазақтар жоқ, ойда жүрген.  
Өркениет елдермен қатарласып,  
Ұлдары көп, әлемге аты шыққан.

Елбасы Нұрсұлтаным, ел көсемі,  
Халқына әкеп берді Егеменді.  
Қолынан келмеген іс талай ханның,  
Соғыссыз, тұтасты ғой барлық жері.

Қиындық болды аздап өзімізде,  
Ақша жоқ, жұмыс та жоқ елімізде.  
Нұрсұлтанның ақылы арқасында,  
Орны толды, куәміз бәріміз де.

Істерін үкіметтің қадағалап,  
Тұрмысын ел-жұртының күнде ойлап.  
Халықты тойындыр деп, киіндір деп,  
Тілек қойды алдына, нық шегелеп.

Көмекшісі Даниал ол білімді,  
Қолдайтын жастары көп, ел тірегі.  
Өнерлі, өнегелі жігіттер бар,  
Мақтанышы елімнің Егеменді.



Күннен-күнге жақсарып ел келеді,  
Әлі де адамдар бар жүрген кері.  
Ауылға жастар барса, орын тепсе,  
Жұртымыз жаңарады, шығып шөбі.

Әкімдер ауылдағы әкімшіктер,  
Жол салып балаларды оқытыңдар.  
Бас болып көмектесіп Елбасына,  
Көтер елді еңбекке, көгерсін жер.

*28.08.2003 жыл*



## *Астанада Пушкин тұр*

Мүсіні Астанада тұр Пушкиннің,  
Қарайды маған қарап қайдан келдің.  
Көзіне көзім түсіп танысымдай,  
Мүсіннің қолын ұстап сәлем бердім.

Мен Абайдың ұрпағы қазақ болам,  
Өлеңіне құмармын, қайран қалам.  
Ұлы халық ішінен шықтың сен де,  
Біледі деп мені ертең барлық әлем.

Сені жат деп айтпаймын көрмесемде,  
Абай қосып кетіпті сені әнге.  
Қалайша сыйламаймын сені бүгін,  
Өлеңнің үні жатыр жүрегімде.

Астана жаңа болған Астанамыз,  
Шығады жер жүзіне енді атымыз.  
Ел ордасы салынып болған кезде,  
Тұрады биік жерде мүсініңіз.

Тілейміз жақсылықты халқымызға,  
Туғызған асыл ұлын Шоқанды да.  
Қазақ пен Орыс халқы ертеден дос,  
Сыйлайды, ұмытпайды асылын да.

*24.08.2003 жыл*



### *Үлкендер айтқан екен.*

Өмір өтті судай ағып біздерден,  
Жанары аз жас шығады көздерден.  
Тұрамын деп ұмтыламын гауқар жоқ,  
Екі аяғым дірілдейді тізеден.

Сал-сал болған буындардың күші жоқ,  
Жалтыраған бас шулайды пашы жоқ.  
Ұйықта дейді екі көзім жұмылып,  
Басқалардың меніменен ісі жоқ.

Тамақтарды шайнап жейтін тісім жоқ,  
Жараланса қызыл иек қаны жоқ.  
Шұрқырайды асқазаным жел толып,  
Жас күнімдей асап жейтін шамам жоқ.

Екі қолда еттері жоқ құр сүйек,  
Ұстай алмай ыдыстарды мен әлек.  
Шайқалады, төгіледі шайларым,  
Қуанамын жұтсам ішке бір қасық.

Дене ыстық кеш болғанда төсекте,  
Ауыр болды жамылатын көрпе де.  
Таң атқанша аунап-қунап жатамын,  
Күн сәулесін терезеден көргенше.

Кәрілікті көресіндер сендер де,  
Жылжып өтер белгісіз боп өмірде.  
Асау тайдай жұлқынатын жас күнің,  
Сағым болып көрінеді түсінде.


Ойлан, балам, өмірдің сен қаталын,  
Мәңгілік жоқ кеуде соғып жүретін.  
Сақтау керек денендегі мүшенді,  
Екеу емес ауыстырып салатын.

Сақтан, балам, темекі мен арақтан,  
Анаша деген жылан бауыр пәледен,  
“Сақтанғанды сақтаймын” – деген Алла,  
От пен су, түн азабы, міне, содан.

Жақсы оқып адал болсаң өзінде,  
Қатарыңа үлгі болар сөзің де.  
Бір Аллаға таза болса жүрегің,  
Халық сыйлап өрге шығар ісің де.

Жер-ананы күтіндер өңдеуменен,  
Аналарды құрметте сыйлауменен.  
Әкелердің тірегі сендерсіндер,  
Өміріңді жалғастыр ұрпақпенен.

Келем міне тоқсан беске бүгінде,  
Жемісі ғой сақтанғанның өмірде.  
Алла жар боп орындасаң айтқанды,  
Жетерсіндер аман болып жүзгеде.



## *Абылайхан Талғатұлына*

Абылайхан атым менің, руым төре,  
Нағашым Исабек-ишан осы жерде.  
Тілегі әкем Талғат қабыл болып,  
Тышқан жылы келішпін мен өмірге.

Жақсы оқып, ғылымға қол сермеген,  
Боламын мен ардағы ел аңсаған.  
Өсемін отан жанды жігіт болып,  
Халқымның болашағы, ертеңгі мен.

*шілде 2003 ж.*





## *Екібастұз тіректері*

Бір кезде жалтақтадық кейбіреуге,  
Орын бердік қорыққаннан көбіне.  
Бас бермесен көңілдері хош болмай,  
Кеңсесінде айқайлайтын тебіне.

Қолында бар үкіметтің қағазы,  
Билігінің шегі жоқ деп жазғаны.  
Самолеттен шыға келіп гүрілдеп,  
Есімізде, бізді аяққа басқаны.

Кеңсесіне мамық диван құрылды,  
Орындықтар жан-жағына қойылды.  
Дем алуға жеке бөлме дайындап,  
Шкафтарын асыл дәмге толтырды.

Өз тілінде сөйлемей сен жүресің,  
Айтқанына қарсы келмей көнесің.  
Қазақ тілде сөйлейтұғын хақың жоқ,  
Орыс тілді қазақ енді боласың.

Көнбейміз деп бұл қорлыққа жастары,  
Істерін бір Алла оңға бастады.  
Бұзып шығып темір торын одақтың,  
Бостандықтың туын қолға ұстады.

Одақ тарап кетті бәрі жан-жаққа,  
Ауыр жағдай түсті халық басына.  
Жойылғасын колхоз, совхоз өмірден,  
Көп адамдар көшіп келді қалаға.



Өндірістер тоқтап қалды көп жерде,  
Жұмыссыздық орын басты өмірде.  
Түзетуге әл-аухатын халықтың,  
Жастар алды өз қолына бәрін де.

Халқы үшін сатып алды ұжымды,  
Тауып берді көп адамға жұмысты.  
Дамыл таппай күні-түні өздері  
Басқа жерден керек затты алдырды.

Қалада жол мен үйлер қирап жатты,  
Түрбалары жарылып сулар ақты.  
Көрілер ішетұғын су таба алмай,  
Аралап көшелерді зығыр қақты.

Осындай халде еді қала сонда,  
Әкімнің қолында жоқ керек ақша.  
Жастары еңбектеніп ақша тауып,  
Аянбай көмек берді көрі-жасқа.

Ақылдысы солардың ішіндегі,  
Исанов Сапарұлы Мирон еді.  
Базардың ғимаратын ол тұрғызып,  
Халыққа көрсетті ғой көп көмекті.

Қаланы көркейтуге күш салысты,  
Аямай мол қаржыны ол шығарды.  
Тап-таза, көше түзу жарқыраған,  
Ісіне қала жұрты қайран қалды.





“Болашақтың” ішіне кірсең егер,  
Ойлайсың салды мұны қандай шебер.  
Жап-жарық, тазалығы өз алдына,  
Көргенде жиһаздарды көңіл толар.

Моншасы, шаштаразы, киім пішу,  
Дүкені, асхана мен нан пісіру.  
Барлығы орналасқан ғимаратта,  
Мақсаты халықтарға жағдай жасау.

Ұшатын жолын оңдап ұшқыштардың,  
Жөндеді іші мен сыртын вокзалдың.  
Жан-жаққа кететіндер қуануда,  
Жақсылығын көргенде азаматтың.

Айтайын Апақанов Бағадатты,  
Ісіне ұқыпты да ол қайратты.  
Қиын кезде қалада ұжым құрып,  
Жұмысқа көп адамды қабылдапты.

Ондады көп үйлерді істен шыққан,  
Есіктері қираған, сулар аққан.  
Жан ұшырып жан-жаққа жүгірумен,  
Кірпіш пен цементтерді өзі тапқан.

Машиналар дал-дал боп істен шыққан,  
Ондайтын нәрселер жоқ талап алған.  
Ғимаратта есік те, терезе жоқ,  
Станоктар өр жерде шашылып жатқан.



Осындай көріністен қорықпай ол,  
Жинады мамандарды жанына мол.  
Бүгінде қарасаңыз жұмыс қызған,  
Өмір ауыр болса да, батыр ғой қол.

Ауылды тастамайды ол ойынан,  
Мал жанды болып өскен жас кезінен.  
Жинаған ақшаларын малға салып,  
Ұжым құрды ауылдың маңайынан.

Үлгі болар істері Тасболаттың  
Еңбегімен қорғауда ел намысын  
Жұмыссыз жүрген жастар қиын кезде,  
Асырады көмегімен жанұясын.

Совет қажы бас болды бала ісіне,  
Үйретті әр жұмысқа жас кезінде.  
Адамға қайырымды болсаң шырағым,  
Бөленесің Алланың құрметіне.

Міне бүгін Тасболат ел баласы,  
Кемтарға көмек беру ол арманы.  
Мол қаржыны шығарып өз жанынан,  
Жөндеп берді “Нұр”-ды, бала Ордасы.

Айту керек жақсының жақсылығын,  
Халықтың жағдайын көп ойлағанын.  
Досмұрат Ақанұлы ер азамат,  
Қиын кезде көп көмек жасағанын.

Сатып алып өзіне ғимаратты,  
Жабдықтаумен іштерін жанталасты.  
Жан-жақтан келіп жатқан адамдарға,  
Жұмыс орнын табуға атсалысты.


Кәсіпкерлік маманның қатарында,  
Істеп жүр көп қазақтың жастары да.  
Оспанұлы Болаттың көмегімен,  
Жұмысқа орналасқан көп жандар да.

Жұмысты тез жүргізді мамандары,  
Өндірді керек-керек көп заттарды.  
Шығарған зат сұрау тауып қалада,  
Ұжымдардың келіп жатыр хаттары.

Нарық кезі қысып жатты барлығын,  
Дәрігерлер де көрді соның азабын.  
Перзентхана жөнделуден кеш қалды,  
Әкімдердің көмегі жоқ болғасын.

Бас дәрігер Ғалымжан қызы Гүлнәрға,  
Жөндету жұмысы түсті қиынға.  
Істі алды өз қолына мойымай,  
Іскерлігін көрді бүкіл қала да.

Бізде осындай азаматтар кәсіпкер,  
Ізін басып келе жатыр көп жастар.  
Шағын бизнес етек алып қалада,  
Орналасты жұмысқа көп адамдар.



Екібастұз тіректері бұл күнде,  
Қомақты үлес қосты бюджетке.  
Қала таза, жарқырайды көшелер,  
Сауда орны толды тауар-өнімге.



### *Кең далам*

Кең далам, сұлусың ғой көз тоймайтын,  
Тау-тасың көрінеді, мен ойлайтын.  
Кіруге асығамын құшағына,  
Желіңнен қоңыр-салқын бір жұтатын.

Бұлдырап көрінеді ағаштарың,  
Айнала жүгіріп жүр арқарларың.  
Көде шөп төбелерде желбірейді,  
Теңіздей шайқалып тұр бидайларың.

Аспанда қалықтап жүр бүркіттері,  
Шоқиып інінде отыр суырлары.  
Шыңқылдап хабарлайды бір-біріне,  
Сақ бол деп, көрсе егер қырандарды.

Жұтқанда таза ауа, кең даладан,  
Тазартат бас миыңды көп ойлардан.  
Денеңді елжіретіп, тамсандырып,  
Жазады қуат беріп, бар аурудан.

Кең далам, құшағыма келші кіріп,  
Сырынды, қасиетіңді өстім көріп.  
Әлпештеп, асырадың жас баладай,  
Өмірдің жұмағынан дәм таттырып.

Суыңды Тас бұлақтан іштім күнде,  
Денеме нұр толтырып бұл өмірде.  
Ризамын бір Аллаға күні-түні,  
Жүргізген, екі аяқпен жер бетінде.

*24.01.2004 жыл.*





## **Ұлыстың Ұлы күнінде**


Жаңа жыл ғой бүгін деп,  
Балаларым күлімдеп.  
Құшақтады біздерді,  
Ұлыстың ұлы күні деп.

Бетінен сүйіп бәрін де,  
Тіледім бақыт өмірде.  
Ақылды бол өскенде,  
Үлкенді сыйла, бар жерде.

Үйдің ішін жинандар,  
Көмектесіп анаң.  
Дастарханды жайындар,  
Толтырып тағамға.

Айытқаныңды істедік,  
Жаңа киім киіндік.  
Жүрші өке бізбен,  
Қызығын тойдың көрейік.

Ұлықсат сұрап анамнан,  
Қалмаймыз деп қатардан.  
Қолға ұстап бір-бір гүл,  
Тойлауға кеттік әкеммен.



---

Араладық халықпен,  
Ойын-сауық бар жерді.  
Көрдiк үйдiң iшiнен,  
Ілулі тұрған жиһазды.


Үлкен-кіші бәрі де,  
Қуанышта бүгінде.  
Қолтықтасып күлісіп,  
Қызықтап тойды көруде.

Көше толған адамдар,  
Гүлдей жайнап киінген.  
Ортасында балалар,  
Өлеңді айтып билеген.

Үйге қайтып келгенде,  
Қазан ыстық тұр жерде.  
Тойдан келген біздерді,  
Тойғызды анам көжеге.

Анашымның көжесін,  
Ішіп көрдiк бергесін.  
Тендесі жоқ сүйкімді,  
Кетпейді дәмі көмейден.

Жеті нәр бар көжеде,  
Ішсең жанар жүзің де.  
Деп айтады анашым,  
Жайнайды нұрың көзінде.



Ұлыстың күні келгенде,  
Жан кіреді жерге де.  
Аспан бұлты су төгіп,  
Шығады шөптің бөрі де.

Қуанады бұл күнде,  
Аң да, құс та, жөндік те.  
Күннен алып қуатты  
Жұмылды бөрі еңбекке.

*15 наурыз 2004 ж.*







## Ағаларым

Ассалаумағалейкум, ағаларым,  
Алдымда тірек болған асылдарым.  
Соғысып, жауды жеңіп өз жерінде,  
Жеңістің туын тіккен батырларым.

«Алпыс жыл» келе жатыр сенің тойың,  
Алыстап кетіпті ғой, жастық күнің.  
Сонда да қажымадың, қайыспадың,  
Кеуденде жарқырайды алған сыйың.

Қатарың сиреп қалған, қарап тұрсам,  
Қолдарың дірілдейді сәлем берсем.  
Жүресің таяқ ұстап, тірегім деп,  
Қуанам көшелерде сізді көрсем.

Көрем бе сіздей жанды келешекте?  
Қажымас қайраты мол денесінде.  
Ұрпаққа үлгі болар көп істерің,  
Жүре бер, кемеңгерлер ел ішінде.

Айырылып қалмайықшы, қалғандардан,  
Өмірдің зор азабын көргендерден.  
Сендерсің, өтіп кеткен өмір ізі,  
Жастарға айтары көп өткендерден.

Көне-көз, асыл мұра, ағаларым,  
Үйреткен өнер-білім, асқар тауым.  
Өсірдің елжанды ғып ұрпағыңды,  
Ұстатып қолдарына көк байрағың.

24 наурыз 2004 ж.



## *Аққуды өлтірме*

Бір Аққу көлде жүзіп қаңқылдаған,  
Қонады ұшып келіп көк аспаннан.  
Дауысы аянышты, әрі ащы,  
Сабалап қос қанатын ол зарлаған.

Аққудың қайғы даусын естігенде,  
Қаз, үйрек мұңаяды су ішінде.  
Жел тоқтап, шуламайды қамыстар да,  
Толқындар көрінбейді көл бетінде.

Жатқан жер алыс емес серігінің,  
Құлап түскен жаны жоқ денесінің.  
Енді жоқ бірге жүріп, ұшып-қону,  
Төгуде шырылдаумен көздің жасын.

Аққуды атып кеткен қандай адам,  
Мұз жүрек, қайырымы жоқ нендей надан.  
Сұлу құс серігімді өлтіргенде,  
Мен өлмей бұл өмірде қалай қалам?

Деп жылап ұшты Аққу көк аспанға,  
Жылады жалбарынып бір Аллаға.  
Киелі періштелер көмек беріп,  
Жібермеді зұлымды көп алысқа.

Естіді күңіренген Аққу даусын,  
Қашты ол мініп алып машинасын.  
Қуып жетіп қаңқылдап Аққу байғұс,  
Үш айналды қашқынның кесіп алдын.

Алыста қойшы жүрді малын бағып,  
Көк шөпке жаңа шыққан малды жайып.  
Естігенде атылған мылтық даусын,  
Айналаға қарады қорқып қалып.


Таңырқап қойшы шықты биік жерге,  
Көрем деп әлдекімді бұл өңірде.  
Көрінді көл жағынан бір машина,  
Келеді шаң боратып жолсыз жерде.

Қалмайды айналып құс машинадан,  
Ащы даусы шығады саңқылдаған.  
Жүргізуші көлігін бұрған кезде,  
Аударылды соғылып тасқа жатқан.

Зарлады не пәлеге қалдым мен деп,  
Аққуды неге аттым мылтық көздеп.  
Жаралы денелерін көтере алмай,  
Талып кетті ақырғы демін алып.

Құлағанын қойшы көріп жүгірді,  
Құтқарам деп құлап жатқан адамды.  
Машинаға жеткен кезде жақындап,  
Жаны жоқ денесінде, қайран қалды.

Дұшпанының өлгенін сезген Аққу,  
Қайрылды көлге қайтып досын көру.  
Өшінді алдым жарым, қош енді деп,  
Арманым сеніменен бірге өлу.



Қаңқылдап сұлу Аққу көлде жүзді,  
Шомылды, малтыды да жүнін жуды.  
Аспанға қанат қағып көтеріліп,  
Соғылып тау тасына жан тапсырды.

Қойшы тұр қарауменен жан-жағына,  
Күтпеген мұндай істі ол жалғанда.  
Жүрегі қорқыныштан дірілдейді,  
Аққудың даусы шықса көл жағында.

Бабалар айтып еді ұрпағына,  
Аққуды өлтірмендер бұл жалғанда.  
Киелі құс патшасы, сұлу көркем,  
Қарасаң көз тоймайды қылығына.

Жаратты сұлу қылып Алла өзі,  
Жанына қосып берді періштені.  
Жазықсыз зұлымдықпен өлтірсеңдер,  
Ұзаққа жібермейді қасиеті.

Зарлаған талай адам Аққуды атып,  
Жеймін деп тәтті етін тамақ істеп.  
Жеген ет бойға жұқпай қинағанда,  
Көзіңді жоғалтады нұрын алып.


Жүреді Аққу келіп көлге қонып,  
Сайрандар кешке жақын құсты жиып.  
Білместен қасиетіне қолың тисе,  
Өмірде қиналасың қапа болып.



Ұрпағың азаяды өмірді көрмей,  
Жүрмейді жақсы ісің, алға баспай.  
Кетпейді Аққу сенің түсіңнен де,  
Әр күнің дозақ болар бой көтертпей.

Күтсеңіз Аққуды сіз көлге барып,  
Көрсеніз сұлулығын қарап тұрып.  
Өмірдің бақыты мен бар байлығы,  
Алдыңда төселеді кілем болып.

*2004 жылғы 30 сәуір*





## *Қаржас кім, білесіз бе?*

Бәсентиін көсемі аға сұлтан Қазанғап, Саққұлақ биден шежіре туралы мынадай сұрақ қойып хат жазды:

*Орта жүз Аргын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман,  
Төртеуі туган екен Қотан байдан.  
Ошбай Жаубасарлар кірме болса,  
Керей, Уақ біздің жаққа келді қайдан?  
Адамды адастырмай шындықты айтсаң,  
Біз түгіл ұрпақтарға тиер пайдаң.  
Қаржасты асыранды бала дейді,  
Сагеке, бастаңызшы осы жайдан.*

– Осы аға сұлтан Қазанғаптың хатына Саққұлақ би жауап бермеген. Ағайынның бірлігін ойлап өсекке ермеген.

Шежіреге таласқан адамдарға Мәшһүр Жүсіп марқұм сол кездегілерге мынадай деп өлең шумағын жазып, шатасуды қойындар деген:

*Аргыннан әрі барсаң адасасың,  
Ми жетпес көп дүниеге шатасасың.  
Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,  
Несіне шежіреге таласасың.*

Қаржас туралы жұрт әр саққа жүгірте берген соң, Мәшһүр Жүсіп Қаржасты Мейрам сопының өз



баласы екенін және өлең шумағымен дәлелдеп, қысқа мінездеме беріп жазып кеткен екен, ол мынау:

*Дақ туган бір анадан Қаржас едің,  
Ақ сүйек, алтын сандық, алмас едің.  
Бақ қонып, дұға дарып, дәулет біткен,  
Бабамның Мейрам сопы баласы едің.*

Осыған қарағанда, мен ойлаймын рулардың арасында бақталастық болған болу керек, қазақ баласы бірінің етегінен екіншісі тартпаса болмайды ғой, қанға біткен ауру. Сталин заманында бірін-бірі көрсеткен кім? – әрине өзіміз. Не істемеді Қаныш ағаға бай, кулак – деп. Міне қазірдің өзінде Егемен алдық дейміз. Бірақ кейбір ағайын өзін орыс ұлтымын деп, қазақтан анадай қашады.

Колбин заманында бізді қойша санап жатқанда ол менің бабушкам орыс деп шыға келді. Егеменді елімізге сенбейді. Қандай адам, не боламыз?

Ал енді мен өзімнің Қаржас бабамыз туралы естігенімді жазайын:

Кейбір деректерде, Қаржасты Сүйіндік баласы деп жазады, кейбір жерде асыранды дейді. Сонда дұрысы қалай? Ол Олжакелді ме аты, әлде асыранды ма? Осы уақытқа шейін неге жұмбақ болып келген? Мейрам сопыға, оның балаларына қалай жақын? Міне осы туралы әңгімемді әрмән карай өрбітемін. Қазанғап айтқандай, келе жатқан ұрпақтарға пайдам тиер, кім екенін білер.

Жас кезімде ауылдың ақсақалдары кешке жақын



мал алдынан шығатын. Шамасы 2 (екі) сағат ерте. Сонда барлығы көгалды жерге отырып, көп әңгіме айтатын. Әкем мені үлкендердің әңгімесін тында деп ертіп апаратын. Бір күні олар Қаржас бабамыз туралы әңгіме бастады, сонда естігенім мынау:

Ертеде осы жақтың ауқатты байлары малдарын Самарқан базарына апарып сатып, сол жақтан керекті нәрселерін сатып әкелетін көрінеді. Малы көп Мейрам сопы бабамыз, бір сапарда Самарқанды өзі барып көргісі келеді, ол үшін жаз шыққан кезде дайындық басталып, апаратын малды, баратын адамдарды дайындапты. Кіресшілермен бірге малды жайғызып отырып, жүдетпей жеткізеді екен. Самарқанға жету үшін 3-4 ай жол жүретін көрінеді. Саудамен барғандар сол жақта қыстап, келесі жылы елге қайта-тын көрінеді. Ол кезде Самарқанды көру әр адамның арманы болса керек.

Ол заманда Самарқан өнердің де, ғылымның да орталығы, саудамен адамдар жан-жақтан келеді екен. Кіресшілердің түйісетін жері болған.

Сонымен бабамыз Мейрам сопы жанына балаларын алып, кірені өзі басқарып Самарқанға жол жүріп кетеді. Ол кезде бабамыз Мейрам сопы сексенге жасы таянып қалған кезі болса керек. Жолдың ұзындығы сондай, күз болған кезде жетеді екен. Әкелген малдарын сатып үлгере алмай, ауылға қайтпай сол жақта қыстайтын болады.

Бабамыз Мейрам сопы, жасына қарамай жүрісі ширақ, кәрілікті әлі мойындамаған кезі, денсаулығы мықты, әлді, таяқсыз жүреді екен.



Шаһардың ішінде бір өзбектің үйін жалға алып, келген адамдармен сонда тұрып жатады. Күндердің күні сол үйде жүрген 16 жасар қыз көзіне түседі. Бабамыз Мейрам сопы өзбектің қызын ұнатып, балаларымен ақылдасып, қызға құда түседі. Әкесінің сұраған заттарын беріп қызға үйленеді.

Сауда жақсы жүріп, әкелген малдары сатылып, алатын заттарын алумен болады. Сонымен қыс өтті, жаз да өтеді. Күздің басында елге қайтуға қамдана бастайды.

Бабамыз Мейрам сопы жас әйеліне кетеміз, елге қайтамыз деп жолға дайындалуды сұрайды. Мұны естіген анамыз: мен бармаймын сіздің жақ суық, қысы қатты боран, мен шыдамаймын өліп қаламын, әрі ая-ғым ауыр деп азарда-безер болады.

Бабамыз Мейрам сопы жолдастарымен, балаларымен ақылдасып, қалдырсақ қалдырайық, шынында да біздің жақта өмір сүре алмайды, обалына қалмайық деген тұжырымға келеді.

Мейрам сопыны ойландырған қыздың аяғым ауыр деген сөзі болды, көп ойланыпты. Қалдыратын ойларын сездіру үшін, әйелін шақырып алып, мына сөздерді айтады:

Біз келістік сенің қалуыңа, мен саған өміріңе жететіндей ақша, керек заттар тастап, қолыңа беремін. Бірақ сенен сұрайтын тілегім бар, ол мынау:

Аяғың ауыр екенін білемін, ал біз болсақ кетіп бара жатырмыз. Бұл жаққа келу-келмеу екіталай, жас та келіп қалды, жол алыс, қалай болатынын бір Алла

біледі. Сондықтан егер қыз бала көрсен, өзіңнің жаныңда болсын, өзіңе серік болады. Егер ұл бала көрсен, өсір, азамат болсын. Мені сұрайтын болса кім екенімді жасырма. Өскесін мені іздеймін десе, біздің жақ-қа барам десе, сен ұстама. Аналық батанды беріп жібер. Ол жақта – Сарыарқада – ағалары, туған-туысқандары бар, солармен таныссын, сол жақта қалам десе ұлықсатыңды бер, бөгет болма. Егер мені іздейтін жағдай бола қалса – жол табу үшін, мен мына күміс кісенімді төрге іліп кетем. Бұл кісенді біздің жақтың адамдары менікі екенін біледі, баланы ертіп жіберсең, ауылға алып барады. Баланың кетуіне қарсы болма. Біздің жақтан саудагерлер жылда осы жаққа келіп тұрады. Анамыздың ата-анасына және туған-туыстарына да осындай тұжырымға келгендерін білдіріп, олардан көздерінің қырын салуын сұрап, ең әуелі бір Аллаға, содан кейін сіздерге тапсырамын деп, баталарын алып, ұлықсат сұрап жол жүруге дайындалған көрінеді деп айтады үлкендер.

Анамыздың әкесі сол кездегі, – деп айтатын әңгіме айтқан адамдар, көзі ашық, білімді, өзіне жетерлік білімі болса керек. Өзбек тарихын және Самарқан туралы деректерді көп білетін кісі екен дейтін үлкендер.

Сонымен Мейрам бабамыз балаларымен, жолдастарымен ауылға олжалы қайтады. Туыстары, мұндағы бәйбішесі қарсы алып, аман-есен келгендері үшін той жасап, жетімдерге садақа берген екен, – деп айтады үлкендер.



Уақыт өтіп жатады білінбей, Мейрам бабамыз болса Самарқанға барып келген адамдардан ұл туғанын естіп, бұл жақтан қаражат жіберіп тұратын болған. Баланың туғанын бәйбіше де білетін болған, бірақ тарлық жасамаған, ол кездерде баланы пір тұтады ғой үлкендер.

Тоқсан жасқа келген Мейрам сопы ауырып қайтыс болады, ал Самарқанда бала әкесін білмей, қазақ екенін білмей, нағашыларының қамқорымен шешесінің қолында өсіп жатады. Күндердің бір күні өзбек балаларымен асық ойнап жүріп, олар ұтылып қалады да асыққа таласады. Ол кезде бала 13-ке қараған кезі екен. Бала жас болса да Мейрам әкесіне тартқан, иықты және денелі, күшті болып өседі. Асыққа қызған балалар кейде төбелесетін әдеті ғой. Асықтарынан ұтылған өзбек балалары төбелес ашып, сол төбелесте жеңілген біреуі, сен өзбек емессің, қазақсың, егер күшті болсаң әкенді неге тауып алмайсың, – дейді.

Соны естіген бала, ұтып алған асықтарын лақтырып тастап, жылап үйіне қарай жүгіріп кетеді. Үйіне жылап келген баладан шешесі – кім тиді деп сұрайды. Сонда бала, балалар мені қазақсың, егер сен күшті болсаң әкенді тауып ал дейді. Менің әкем кім, ол қайда деп жылайды. Айтыңыз мен әкемді тауып алуым керек деп жылай берген соң, шешесі айтайын жылауынды қой деп уатады.

Иә, сенің әкең қазақ, аты Мейрам сопы, руы арғын, Сарыарқада тұрады. Өте бай, еліне қадырлы адам, ағаларың да бар сол жақта, ол жақ суық. Менің бармай қалғаным, суық болған соң.

Әкең айтқан, егер ұл бала болып мені іздейтін болса, кісен арқылы табады деп. Күміс кісені өне төрде ілулі тұр. Жылама әкеңе барғың келсе, ертең базарға барып, сол жақтың адамдарымен кездесеміз, — деп баланы уатады.

Бала кісенді қолына алып, беліне тағып, кісенге қайран қалып отырды да жылағанын қояды.

Ертеңінде пешесімен Самарқан базарына барып, Сарыарқадан келген кісілерді іздейді. Содан іздеп жүріп, ақыры бір саудагер бұларды тоқтатып кісенді қайдан алдыңыздар, бұл кісен біздің Мейрам сопы бабамыздікі ғой, сатасыздар ма деп сұрайды.

Сонда баланың анасы тоқтаңыз, мына жаныңызда тұрған бала Мейрам атаңыздың баласы, міне өскесін әкеме кетем деп сіздерді іздеп жүр, — дейді. Егер күндердің бір күнінде балам мені іздесе, осы кісен арқылы табады — деп әкесі аманат қылып кісенін тастап кеткен.

Саудагер баланы құшақтап көзіне жас алды. Балаға әкесінің қайтыс болғанын айтпайды. Естімегенін сезіп, біраздан кейін сұрапты, бізбен бірге кеткін келе ме? — деп.

Бала айтты, әрине, кеткім келеді, ол жақта әкем, ағаларым, туыстарым бар көрінеді, соларды көріп, қастарында жүргім келеді, мені алып кетіңіз деп жармасады. Жарайды апарам, үйіріңе қосам деп, шешесіне қарап, ертең Алла жазса қайтамыз, баланың киім-кешегін дайындап алып келіңіз, — деді.

Шешесі үйіне келгесін және баласының кететі-



нін білгесін, аяғын баса алмай жүрегі дірілдеп көзіне жас алумен болды. Кешке қарай киім кешегін дайындап баласының ұйқыға кеткенін көріп, көп уақыт баласына қарап тұрып, жылап алды. Төсекті баласының жанына салып, құшақтап, сүйемен болды. Жүрегі дірілдеп, не істерін білмей, баласын иіскеп уфілеумен танды атырды.

Ертеңінде баланы шығарып салуға шешесімен бірге нағашылары келді. Барлығы да баланы құшақтап тілектерін айтып, анадан ойлама мұнда біз бармыз, жүдетпейміз деп жатты. Керуен соңына еріп отырып барлығы қаладан шығарып салды. Жүргенше түкті де сезбеген бала, керуен алыстап, анасының қол бұлғап тұрғанын көріп, біраз жылап алды, көзін сүртіп, артына қарап: Хош бол, анажан, сені Аллаға аманат қылып тапсырдым, – деді.

Сонымен керуен Сарыарқаға бет алып Ташкентке қарай жүріп кетеді. Ташкентке жеткесін біраз күн дем алып Таразға қарай керуен жылжи береді. Таразда бір жұма демалып, базарынан азық-түлік алып, көліктерін тынықтырып, Балхаш көлін бетке ұстап Сарыарқадағы Баян-ауылға қарай, Қарқаралыны басып Мейрам сопы ауылына жетуге бір жұмалық жер қалады. Балаға Қарқаралы жері өте ұнаған екен.

Мейрам сопы ауылына бір күндік жер қалғанда керуен басы, бір кісісін шақырып алып, ауылға бар Мейрам сопының кенже баласы келе жатыр деп, – Мейрам бәйбішесі Нұрфаядан сүйінші сұра.

Ауылға жіберген жігіт осы хабарды бәйбішеге


жеткізді. Бәйбіше күллі ауылдың адамдарын жинап, барлығына хабарлап былай деді: Мына хабарды естіп, менің есім кетіп қуанып отырмын, өйткені бүгін Мейрам бабаларың келе жатқандай болып, жүрегім ұшып, орнына тұрмай тұр.

Мейрам аталарың тірі кезінде осы бала туралы анда-санда әңгіме айтып, аузына алып отырушы еді, Алла өзіне кенжесін көруге жазбады. Сондықтан аталарың келе жатқандай қуаныштамын, маған ат ерттеп әкеліндер және барлығың еріндер. Мен алдынан шығып, құшағыма қысып қарсы алайын. Әкесінің жоқтығын ойына алғызбайын, кілемге салып әкесінің үйіне кіргізейік, —депті.

Мейрам сопы қайтыс болғаннан кейін, бәйбіше барлық билікті өз қолына алып еді. Ауыл-аймақ бәйбішемен ақылдаспай еш нәрсе істемейтін. Балалары, немерелері, ағайын туғантуысқандары бір жерде, жіктері бөлінбеген болатын.

Баланың келе жатқанын лезде ауыл жанындағы барлық ауыл естіп, Мейрамның кенжесі Самарқаннан кірешілерге еріп келіпті деген хабар, жан-жаққа тарап та кетті.

Нұрфая бәйбіше кірешілер көрінген кезде аттан түсіп, көзіне жас алып, қолына таяғын ұстап қарсы жүрді. Осыны көрген кірешілердің жетекшісі баланы қолынан ұстап, кірешілерді тоқтатып бәйбішеге қарсы ол да жүрді. Жап-жас баланы көрген бәйбіше құшағын ашып, жаулықтың етегін иығына тастап, алға ұмтылды. Кіре бастығы балаға міне сенің үлкен



шешен деп баланы бәйбішенің құшағына берді. Бәйбіше баланы екі қолымен құшақтап, бауырына қысып, біраз жылады да, көзінің жасын жаулығының етегімен сүртіп, баланың түріне қарап: көзің тостағандай, әп-әдемі бала екенсің деп, қайта өзіне тартып, бетінен бірнеше рет сүйіп, қайта-қайта қарай берді. Дене құрылысың Мейрам әкеңнің өзіне тартқан екен, ал түрің шешене тартқан сықылды, аққұба екенсің, – депті.

Баланың үстінде өзбектің ала шапаны, белін орамалмен байлаған, басында өзбектің тақиясы еді. Бәйбішенің құшағына енгенде бала да көзіне жас алды. Ойына жылап қалған анасы мен нағашылары түсті білем. Жан-жағына қарап, оң қолын жүрегіне басып, барлығына иіліп сәлем беріп, өзбек тілінде рахматын айтып, ризашылығын білдіріп жатыр.

Жиналған жұрт көп, маңай у-шу, барлығы бәйбішеге қайырлы болсын айтып, көңілдерін білдіріп жатыр.

Әлден уақытта бәйбіше жан-жағына қарап: әлгі жігіттер қайда, кілемді әкеліндер де көтеріп әкесінің үйіне кіргізіңдер баланы деп айтты да, баланы тағы құшақтады. Шаршады ғой, алыс жолдан келеді ғой, демалсын, тынықсын, – деді.

Жігіттер кеткен кезде, бәйбіше де ауылға қарай таяққа сүйеніп жүрген кезде, келіндері келіп шаршаныңыз ғой, көлік алдырайық деді.

Бәйбіше – жоқ, өзім аяндап барам ғой, бүгін қуанғаннан жүрегім лүпілдеп әлі басылмай тұр.



Бүгін өзім, шалымды қарсы алғандай болып тұрмын. Жарықтық шалым, алыстан келгенде, осындай қуанышта болушы едім, жатқан жері мамық болсын жарықтықтың. Мына баланы құшақтап сүйгеннен кейін, қатып қалған емшегімде иіп тұр. Бұл өте жақсылық қой, бақытты бала болар әкесі Мейрамға тартқан. Өзінің жүзі жылы екен, адамды өзіне тартып тұратын көрінеді, иман жүзді бала. Көзінде оты жанып тұр, тегі ұрпағы өнегелі, болар, талай асылдарды өмірге, халқына берер. Жас қой, әлі тәрбиелеу керек, қайтейін бұрынғыдай күнім жоқ, бір күн сау болсам бір күн аурумын. Жағдай жасап, шамам келгенше тәрбиелеймін ғой, қазақша білмейді, үйрету керек, өзбекше жақсы сөйлеп тұр. Әдет-ғұрпымызды да үйрету керек, атқа мінгізіп ағайындармен таныстыруым керек, ауыл-ауылды аралап көрсетуім керек.

Сонымен, баланы әкесінің үйіне кіргізіп той жасау қамына кіріседі. Жан-жақтан атты кісілер келіп бәйбішеге қуаныштарын білдіріп, баланы көріп, бата беріп жатты.

Бәйбіше баланың атын айтпай, балам бері кел деп, құшағына қысып, жанына отырғызып, келген кісілерді таныстыратын көрінеді балаға.

Той жағын ағалары басқарып, керек малды өрістен әкеліп, келіндері ауылдың келіншектерімен келгендерді күтумен болды. Кеш болғанда жастар жиылып, алтыбақан құрып, домбыра тартып, өлең айтып, баланың көңілін көтеріп, бауырларына тартып, ойын-сауықтың ішіне алды.



Той тараған соң бәйбіше балаларын, келіндерін жиып алып, балаға барлығын таныстырып сөз бастады: енді барлығың да туыссындар, мына жас бауырларыңды ренжітпедер, бауырларыңа тартындар, анау-мынау сөз болмасын, бірлікті ойлаңдар деп ақылын айтты. Әкесін көрем деп келген екен, оған Алла жазбады. Әкенің орнында, мына ағалары сендерсіңдер. Баланы ренжітсеңдер мені ренжіткендей көріңдер. Осы сөзді естігеннен кейін, барлығы баланы күтумен болды. Жандарына ертіп ел мен жерді таныстырды. Әкесінің басына апарып, дұға оқып, жатқан жерін көрсетті.

Бір күні бәйбіше келіндерін жинап алып мынадай тілек қойды: Сендер мына балаға қазақша киім тігіндер, ол үшін қолынан іс келетін әйелдерді жинаңдар. Балаға құндыз бөрік, қыс киетін түлкі тымақ пен қасқыр ішік, саптама етік, тағы қандай киім керек, соны ойластырып істеңдер. Дайын болған кезде маған айтыңдар мен өзім көрейін, – деді.

Бұл кезде Мейрамның бес баласының аты шыққан кезі еді. Олар Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік және Қаракесек. Бес Мейрам бірлігінен Абылай да аса алмаған, – дейтін үлкендер. Енді міне соларға өзбек қызынан туған он үш жастағы жас бала келіп қосылды. Бұл бала қосылып өскеннен кейін ел алдында Мейрам балаларының беделі бұрынғыдан да артып, жоғарылайды.

Киім тігіліп болғаннан кейін келіндері Нұрфая

бәйбішеге хабар береді. Бәйбіше баланы шақырып алып, киімді кигізіп, денесіне қонғанын көріп, көңілі толып, келіндеріне алғысын айтып, баланы жүргізіп көреді. Бәйбіше балаға қарап, осы киіммен енді сен жүріп тұрасың. Ал мына киіп келген өзбекше киімдерді, жуғызамын, содан соң төрге іліп қоямыз. Бұл киімде анаңның қолының ізі бар ғой, сағынғанда киініп бала кезінді ойына алып тұрасың. Анаң да сені ойлап, іші күйіп жылайтын шығар, шешенің аты шеше ғой, қалқам! Шешенді өмірде ұмытушы болма. Мойнында борышы бар, саған ақ сүтін беріп асырап, өсірді ғой.

Енді, деді бәйбіше балаларын шақырып алып, келесі жұмада ауылдың үлкендерін жинап бір мәжіліс құрайын деп едім. Әкелерінді ойға алып дұға оқытайын, бірге жүрген үлкендермен сырласып, өткен-кеткенді ойға алып бір жасайын деп отырмын. Өзім де ауырамын, ажал деген сұрап келмейді ғой, қалқаларым. Сол жиынға дайындалындар, ауылдың үлкендеріне хабар беріндер. Мына жас бала да таныссын әкесінің тұстастарымен, қазір қазақша сөйлеп айтқаныңды жақсы түсінеді. Атқа мінгізіп әкесінің қыстауын көрсетіндер, малдарды аралатындар, жылқыларды көрсетіп, әкенің мінетін атына мінгізіндер.

Ауылдың ақсақал адамдары айтқан уақытта бәйбішенің үйіне жиналды. Бәйбіше жылы жүзімен барлығын қарсы алды. Жиналғандарға ең әуелі ет берді, содан кейін сары аяқпен барлығына қара



сабадан қотарып алып қымыз таратты. Қымызды бір-неше күн сабада жинап, бабына келтіріп, әкелген екен. Ішкендер қымызды мақтап “қымыз болса осындай болсын”, – деп жатты.

Ауылдың үлкендері болса өткен-кеткен әңгімелерді айтып күлісіп жатты. Әкесі Мейрам сопының жақсы істерін ойға алдық, көңілімізді бір көтердік, деп бәйбішеге рахматтарын айтып жатты. Тамақты ішіп дастарханға бата жасағаннан кейін, бәйбіше сіздерге айтатын сөзім бар деді. Туған-туысқандар, қадірлі ағайындар деп біраз демін алып алды да:

– Сіздерді мына Мейрамның үйіне жинаған себебім, кешегі өткен Мейрам біреуіңе аға, біреуіңе тұстас, қадірлі азамат еді. Сіздер білесіздер, әрі таныстыңыздар, сонау Самарқаннан келген кенже баласын. Бұл бала мұнда уақытша келген жоқ, біздің қолымызға, әкесінің орнына, әкесінің өмірін жалғастырам деп келген, осындағы ағаларымен қоян-қолтық өмір сүрем деп келді, бұл Мейрамның ойлап кеткен ойы еді. Сондықтан менің сіздерден сұрайтыным, осы балаға қазақша ат қойып, баталарыңызды беруін сұраймын.

Бәйбішенің сөзін естіген жұрт, біраз уақыт үндемей отырып қалды. Оларға күтпеген мәселе еді. Олар біресе бәйбішеге, біресе балаға қараумен болды. Бала әп-әдемі, көзі үлкен, акқұба өңі бар, мінезі салмақты, барлығына жалтақтап қарай береді.

Қарттар бірімен-бірі ақылдасумен болды. Әлден уақытта, ортада отырған ақсақалды адам тіл қатты.

Бәйбіше, деді ол, дұрыс айтасыз, кешегі дүниеден өткен ағамыз Мейрам сопы, елге қадірлі, ағайын-жұртқа қамқоршы еді, өзі үш жүзге белгілі адам еді. Енді сол ағамыздың мына кенже баласын көріп, балаға көңіліміз тойып отыр. Былай қарағанда жас та болса, ағамыз Мейрамнан аумай тұр. Атын қой деп тілек айттыңыз, біз көп ойланып-толғанып мынадай тұжырымға келдік.

Бабамыз Мейрам баланың анасымен қосылғанда сексенге таяп қалған қарт адам екен, ал баланың анасы болса он алты жастағы жас қыз екен. Бұл іс өмірде қайталанбас жағдай, кейінгі ұрпақтарға жеткізу аңыз сияқты. Сондықтан екеуінің де аты қалу үшін, біз көп ойланып, баланың атын, қарт адам мен жастан туғаны үшін Қаржас деп қойғымыз келіп отыр. Ендігі сөз өзіңізден, қалай көресіз.

Бәйбіше көп ойланып отырды да, ойларың дұрыс екен, кейінгі ұрпақтар да көрсін қарт пен жастан асылдардың туатынын. Маған Қаржас деген аты ұнады, әдемі ат екен. Енді сіздер, Қаржас балама бата беріңіздер деді.

Ортада отырған үлкен адам қолын жайып:

– Балам Қаржас бақытты бол, өмірің ұзақ болсын, өкең Мейрамдай ел-жұртыңа қадірлі, қайырымды адам бол, ұрпағың білімді, ғылымды болсын деп батасын аяқтады, отырған жұрт иллаһи амин деді.

Қаржас бәйбіше Нұрфаяның қолында бірге тұрып жүріп жатты, ал Нұрфая болса балаға әбден



бауыр басып алды, туған баласынан артық көрмесе кем көрмеген. Бетінен қақпай ақылын айтып отыратын болыпты.

Өйткені, өзінен туған балалары, немерелері Қаржастан үлкен болған. Сол кезде Қуандық жетпісте, Сүйіндік алпыс жетіде, Бегендік алпыс бесте, Шегендік – алпыс екі жас шамасында. Ал Сүйіндік баласы Оразкелді – отыз бесте, соған қарағанда Қаржас, Оразкелді баласы Мамықпен жасты болған деп үлкендер айтатын.

Ақырғы кезде бәйбіше Нұрфая жатса да, тұрса да ойлайтыны Қаржастың жағдайы болды. Олай-бұлай болып кетсем, кімнің қолында қалады. Ағалары өз балаларындай күтсе жақсы ғой. Сонда да бас-көз болатын біреуін таңдауым керек, және сонымен еншілес етіп қойғаным дұрыс болар еді. Мәжік пен Мамық атасы Сүйіндікке тартқан жуас, ақылды балалар ғой, Қаржаспен тіл табысып кетер еді деген ой, өзін мазалай берді.

Қаржастың Нұрфая бәйбішенің қолында тұрғанына бір жылдан асты, бәйбіше әбден бауыр басып алды. Бірақ, жас та ұлғайып, ауру да көбейе бастап еді.

Мейрам сопы ауырып жүрген кезде, бір күні бәйбішесіне қарап отырып, мына сөзді айтқан екен.

– Нұрфая, менің бойымдағы ауру жаман мазамды алып барады, тегі мені алмай қоймас. Менің ойым, қазір күшім бар кезінде балалардың еншілерін берейін, малдарды бөліп, соған сіз қалай қарайсыз?

Соны білгім келіп отыр. Жарайды, мұның дұрыс ақыл екен. Өз тиесілерін әр балаға бөліп бер. Оған мен қарсы емеспін. Мейрам сопы біраз үндемей отырып, саған да енші тиеді деді. Маған не керек балаларға бөлгенің дұрыс шығар дегенде. Жоқ деді де ойында бар ма, өзбек әйел ұл таптым дегені. Біздің сөзіміз бойынша, егер әкемді іздеймін десе ұлықсатынды бер деп кісенімді тастап кеткем, егер келіп қалса сол балаға арнарсың деген. Шалының осы айтқаны ойында еді, соны орындағысы келетінінің түрі бар. Қаржас болса жас, әлі буыны қатпаған.

Осы оймен ол Мейрам сопының балаларын жинамақ болды. Айтқан уақытында барлығы және туыстары жиналды. Нұрфая бәйбіше тамақ үстінде сөз сөйлемей, тамақ ішіп болғаннан кейін сөз бастады.

— Қалқаларым, мен сендерді тамақ берейін деп шақырғам жоқ, менің ойымда айтылмай жүрген бір арманым бар, соны сендерге айтайын деп, және ол менен сендерге өмірлерінде аманат. Мен аманатымды сендерден Алла алдында сұраймын. Мен міне өкеңнің жасына жақындап қалдым, оған қоса ауру деген мені әл-сірететін түрі бар. Өмірге келгенімде мәңгі өмір сүрем деп келгенім жоқ, сондықтан Аллаға ризамын, құдайға шүкір, немере түгіл, шөберені де сүйдім. Енді ойлай-мын, сендер аман тұрғанда өкеңнің жанына барып жатсам деп, сендерге Алла ұзақ өмір берсін. Сендердің алдарыңда алса арманым жоқ



деп санаймын. Деді де Нұрфая бәйбіше отырған балаларына, келіндеріне қарап біраз дем алып “Уф, Алла” деп әрман қарай сөзін жалғастырды.

Мені көп ойландырып жүрген мына жас, әкелерінің кенжесі Қаржас – не болады мен өмірден кетіп қалсам. Сендердің өз балаларың бар, ал бұл жас баланың әзірше арқа сүйейтіні тек мен. Міне осы баланың жағдайы маған күні-түні ойыма дамыл бермейді.

Өздерің білесіңдер, әкелерің сендердің еншілерінді бергенде, менің артында қалатынымды біліп, маған да, менің үлесімді қалдырған. Міне сол маған тиесі малдарды мен осы жас Қаржас балама беремін, оған сендер қарсы болмауларың керек, Алла алдында, әкеңнің аруағының алдында менің арым таза, өйткені бұл баланың қазір әкесі де, шешесі де менмін. Егер мен өліп қалсам не болады, ол кімнің қолында қалады, кім пана болады. Әлде малын тартып алып қаңғытып жібересіңдер ме? Не Самарқанға қуып жібересіңдер ме? Әлде біреуің әке орнына әке болып, қамқоршы боласындар ма?

Бұл жас бала Қаржас сендердің немерелеріңмен жасты. Буыны әлі қатпаған. Менің байлығым өзіне жетеді, одан кемшілік көрмейді. Ал бұл балаға керек қамқоршы адам.

Ал келіндерім, ана орнына ана болындар, өз балаларындай көріңдер. Менің келіндерден сұрайтыным, мені қалай сыйладындар солай сыйландар. Бала жас, жүзі жылы, өскен кезде сендердің жақсылықта-



рынды қайтарады, әлі көрерсіңдер, ақыл иесі болады. Әлде болса барлығыңа ескертемін мына Мейрамның шаңырағы Қаржастың қолында қалады, үлкен үйлерің.

Ал Қаракесек болса жақсы үй болып кетті. Анасы марқұм тірі болса қандай қуанар еді, немерелерін алдына алып сүйер еді, Алла оған оны көруге жазбады. Ал енді деді Нұрфая бәйбіше менен туған мына төртеуіңнің қайсың осы балаға ие боласындар соны білуім керек. Қуандық сен бе? Сүйіндік сен бе? Бегендік сен бе, Шегендік не айтады. Көне ойланыңдар – деп балаларына қарап, қатаң да, аналық жігерлі жүзімен әрқайсысына қарап шықты. Балалары білетін, аналары айтқан сөзінен қайтпайтын және істетпей қоймайтын.

Біраз отырды да, ойланыңдар ақылдасып бір ойға келіп шешіндер. Сендердің бірігіп шешкендерің керек, деді бәйбіше. Бірақ балалары бірімен-бірі сөйлеспей еңкейіп отыра берді. Өйткені барлығы да алғысы келеді, бірақ сыртқа шығарып айтпай отыр. Оған себеп бәйбіше Нұрфая өзіндегі күллі малды жас Қаржасқа берем деген сөзі себеп болды.

Бір уақытта Бегендік тұрып маған берсеңіз мен алайын, не мына кіші балаңыз Шегендікке беріңіз дегені сөз-ақ екен, отырған Қуандық жоқ, жол менікі мен алам, өзім асыраймын деді. Ол кезде Сүйіндік малдан келіп, киіз үйдің босағасына сүйеніп тұр еді. Ол да үндемей тұрған бетімен тұра берді.

Нұрфая бәйбіше балаларына қарап алды да, со-



нымен сендер бір ауыздан шешім таба алмадыңдар, өйткені баладан әрқайсының ойың бар екен. Онда мен өзім шешем, соған көнесіңдер, – депті. Отырған келіндерінің біреуіне, қалқам үйіңе бар да маған балалардың асығының ішінен бір асық әкеп бер, деді.

Әкелген асықты бәйбіше қолына алып. Міне мен қолыма асық ұстап отырмын, мына асықтың төрт жағы бар: бүк, шік, тәйке және алшы, әрқайсың өзіңе ұнайтын жағын алыңдар. Менің алдыма текемет әкеп төсеңдер деді, келіндеріне қарап. Мен асықты иіремін қай жағы тандағандарыңның түссе, ол кімдікі болса, сол Қаржасты еншісіне алады деді.

Бір кезде отырған Қуандық, асықтың төрт жағы да менікі, мен аламын деді. Бегендік пен Шегендік ағасына қарсы келмей отырған бойымен үндемеді, ал Сүйіндік босағада сүйеніп тұрған бетімен тұрып қалды.

Бәйбіше бала Қаржасты, баласының ішіндегі жуасы Сүйіндік алса екен деп ойлайтын. Ал сол үйдегі келіні Жолбике өте ақылды, адамгершілігі мол адам еді. Сыпайы мінезімен бәйбішеге өте ұнайтын. Бәйбіше екеуін де өте жақсы көретін еді. “Ата-ана ба-лаларына сыншы” – деген сөз міне осы.

Бәйбіше Нұрфая отырған балаларына қарап алып, Сүйіндікке: – Жуасым-ай! Мыналар таласып жатқанда сен үндемей тұрсын. Жарайды Қуандық асықтың төрт жағында менікі деп отыр, оған мына екі інісі қарсы емес көрінеді. Ал сен осы асықтың “омпасы” бар соны алсаң қайтеді, бұйырса сол да

тұрып қалуы мүмкін. Анасына қарап біраз тұрды да, ақырын солай болсын жарайды деді.

Бәйбіше келіндеріне ұсталмаған текемет әкеліндер. Мына менің алдыма және жұрт көретіндей етіп жайыңдар – деді. Текемет жайылып болғаннан соң, Нұрфая бәйбіше текеметтің шетіне көрпе жайғызып, таяғына сүйеніп орнына отырды да жан-жағына қарап алып, ақырын дауысымен: таласатын Қуандық пен Сүйіндік қой, асықты өз қолыммен иірейін деді де асықты дізесінің үстіне қойып дөңгелете бастады.

Отырғандарда үн жоқ, барлығы бәйбішенің қолына қарап, қашан асықты домалатып жібереді деп тыйышсызданып отыр.

Бір кезде бәйбіше “О Алла, оң жол” – деп асықты дізесінен кілемге домалатып жіберді. Асық кілем үстінде домалап ортасына барды да “Омпасынан” тұрды. О жаратқан Алла, өзің жар болдың ғой, деп Нұрфая бәйбіше, әй Сүйіндік жас Қаржас енді сенікі болады, қайырлы болсын балам, бірге қызық көріңдер, бақытты болыңдар.

Жұрт тарағаннан кейін бәйбіше Нұрфая Сүйіндік пен келіні Жолбикені шақырып алып. Ал қалқаларым, менің сендерден сұрайтыным мына жас баланы ренжітпендер, әкеңнің кенжесі ғой. Әке орнына әке, шеше орнына шеше болыңдар, ол сендердің немерелерің Ма-мықпен жасты ғой. Сүйіндік, саған ол әрі іні, әрі балаң сықылды, өсір ақылмен, ер жеткесін үйлендір. Енді жас Қаржасты сенің қолыңа берген-



нен кейін менің арманым жок, өкеннің әруағы маған риза шығар. Енді орныма барып, шалыммен бірге жатуыма болады.

Куандық болса текеметтің ортасында “Омпа” боп тұрған асықты көріп, ашуланып қамшысымен жерді бір ұрып, үндемей орнынан тұрып, есікті қатты серпіп, үйден шығып кетіпті.

Нұрфая бәйбіше қайтыс болғаннан кейін Қаржас, Сүйіндікті әке ретінде, әрі аға ретінде, әрі ақылшысы ретінде өте қатты сыйлаған. Оның айтқанын орындап отырған және қарсы келмеген – дейді үлкендер. Сүйіндіктің балалары да Қаржасты жақсы көріп, сыйлаған. Қаржас болса ағаларынсыз еш нәрсе шешпеген. Өзі денелі, салмақты, елге қадірлі болған. Кейін әйел алып, үй болып шыққанда да Сүйіндіктен еншісін бөлмеген көрінеді, ең тұңғышы Құлеке, Сүйіндіктің шөбересі Құлболды, Жанболды, Жолболдылармен шамалас бірге өсіп, бір адамның баласындай болған көрінеді.

Сондықтан Сүйіндік елінің өркендеуі оның бірлігінде, бөлінбеген, қоныстары бір жерде болған, бірін-бірі тындаған, үлкенін сыйлаған, көмек сұрағандарға көмегін беріп отырған.

Шәкәрім қажы жазған: “Сүйіндіктің үш немересі – Жанболды, Жолболды, Құлболды және асыранды інісі Қаржас”. Осы төртеуінің нәсілі Төрт ауыл аталады” – делінген.

Ал Мәшһүр Жүсіп бабамыз былай деп жазған: Қалай десек те “Сүйіндік – сүбелегім, елдің көркі”

болған соң, оның балалары да, інісі де осы рулы елдің мерейіне мерей қосып тұрған жоқ па? – деген.

Қаржас ұрпақтары, ағасы Сүйіндік ұрпақтарын “Аға” – деп кеткен, міне қазіргі кездің өзінде Қаржас ұрпақтары Құлболды ұрпағын аға балалары деп құрмет көрсетеді.

Міне қандай татулық, бұл татулықты бабалар салып кеткен жол, бір жерден сөздері шығатын, бірін-бірі сыйлап, үлкенін тыңдайтын заман еді. Жас кезімде, мен түсінбей үлкендерден сұрағанда маған былай деп түсіндіретін: Барлығымыз бір Мейрам сопының баласымыз. Ал біздің бабамыз Қаржас өз балаларына – Аға балаларының жолын кеспендер, сыйландар деп қатаң сұраған екен дейді. Ал Қаржас әйел алып, балалы болған кезде, ағасының баласы Құлболдыға серік болсын деп тұңғышының атын Күлеке деп қойған дейді.

Көзінің тірісінде Нұрфая бәйбіше жас Қаржастың ойына: адам болуды оның жолдарын, ағаларын сыйлауды, үлкендерді сыйлауды, алдарынан кесе-көлденең өтпеуді, тілдерін алып қарсыласпауды, өсекке берілмеуді, нендей жағдай болса да ақылға салып шешуді талап еткен, ал Қаржас болса Нұрфая бәйбішені анасынан да артық көрген және сыйлаған, айтқандарын орындайтындарына сертін берген – дейді үлкендер. Және өзі өмірінің ақырына дейін барлығын орындаған. Жаулары оны келекелеп: асыранды бала, тауып алған бала, деген адамдардың сөздеріне мән бермеген, кең пейілді адам болған – дейтін Омар атам.



Омар атам Мәшһүр Жүсіптің жанында көп жүрген адам. Мәшекең ойын-тойға, не жиынға барғанда қасынан Омар атамды тастамай ертіп бірге апарарды екен. Омар атам Мәшекеңнің өлеңін жатқа айтып жұрт алдына шығады екен. Мәшекең жұртқа “жаман молланың аятынан менің мына Омарымның өлеңі жақсы”, – деп айтады екен.

Қуандық туралы үлкендер былай дейтін: Қаржасты иемденуден жеңілгеннен кейін Қуандық анасына өкпелеп Ақмола жаққа, жақтастарымен көшіп кетті деп айтатын. Төрт ауыл болып аталғандар Жолболды, Жанболды, Құлболды және Қаржас баласы Құлықе дейтін үлкендер.

Мейрам сопы ұрпақтары алғыр, ақылды, теңдесі жоқ жігіттер еді. Олар халқының алдында жүріп, қамқоршысы және қорғаушысы болды. Жауларына қарсы тұрып, елі мен жерін азат етті. Өмірлерін халқы үшін қиды, талай қиын замандардан халқын аман алып шықты.

### **Олар кім:**

Қаздауысты Қазбек, Тәттімбет, Бекболат, Шоң, Едіге, Оразкелді, Жанболды, Жолболды, Мәшһүр Жүсіп, Мәди, Солтанмахмұт, Діқан, Қалижан, Шапық, Жаяу–Мұса, Зейін, Әлкей, Назымбек, Асқар, Халел, Ағынбай т.б.

### **Мейрам баласы Қаржастан:**

Құлықе, Бұхар жырау, Талас, Тоқсан, Алтынто-ры, Шорман, Мұса, Қаныш, Әбікей, Сейтен, Дүйсен, Кемал Ақыш, Жақан, Қалмұқан т.б.

### Қаржастың жиендері:

Шоқан, Солтанмахмұт, Сәкен, Біржан сал,  
Үлкендер айтатын Мейрам сопы ұрпағын хан  
Абылай тыңдайтын және қадірлейтін – деп.

Қазақ пен қалмақ соғысқанда Қаржастың ұрпақтары талай ерлік көрсеткен: еліне беделді болу, елі мен жерін қорғау, ер намысы деп білген.

Бабамыз Бұхар жырау жанына Бөгенбай батырды ертіп алып қазақтың кең даласын аралап, жауға қарсы шығуға елді көтерген. Абылай хан Бұхар жырау қолдамаған істі іске асырмаған. Әуелі аға сұлтан, кейін Хан болуына, Бұхар жырау көп еңбек жасаған. Мейрам сопы ұрпағы Қаздауысты Қазбек пен Бұхар жырау сол заманның асылы, ардақтысы, ақылды данышпандары болған. Оларды ғасырлар бойы ойдан шығармауымыз керек.

Қаржастың ұрпақтары қазіргі Егеменді ел болған кезімізде, еліміздің өркендеуіне айтарлықтай үлесін қосып отыр. Мысалға Қаныш ағамызды алайық: ол өмірінде халықтың жағдайын ойлап кеткен адам, қандай қиыншылық болмасын көніп, өз халқының келешегін ойлаған адам. Сол үшін қызмет етті. Қазақстанның тауы мен жазығын жаяу аралап қай жерде қандай асыл заттар бар соны қағазға түсіріп кетті. Қазіргі еліміздің өркендеуі сол кісінің еңбегі, ақылдылығы мен қайсарлығына байланысты. Ұрпақтар ұмытпау керек асылын. Еңбегін кейінгі ұрпақтарға айтып отыру керек. Алда өмір, ұрпақ өсер, талай ағаларына ұқсаған асылдар келер, оған менің күмәнім жоқ.



Мен 1954 жылы Ташкенттің темір жол институтына оқуға түстім. Сонда оқып жүргенде көп жақсы адамдармен таныстым. Қазақтар ол жақта көп екен. Бәрі өзбек арасында өскен, өзбекше жақсы біледі екен. Бір кездескенде олар менен руың кім деп сұрады. Мен оларға қаржаспын дедім, олар бізде қаржаспыз деді. Мен, сіздер мұнда қашан келгенсіздер, әлде осы жерде туып-өскенсіздер ме? – дедім. Арасында тұрған үлкен адам, біз осы жерге ертеде келгенбіз, сен келгеніңе өкінбе деді. Өзбектер біздің нағашыларымыз. Біздің ұлы шешеміз өзбек қызы екен, сондықтан біз Мейрам сопының осы анамыздан туған тұқымдарымыз. Қазір Ташкент маңайында қазақтар көп, барлығы да ертеде келген. Ташкентте аш болмайсың, бұл жақта жылы киім керегі жоқ деді.

Біраздан кейін өзбек жігіттерімен танысып, көбімен оқу біткенше дос болып жүрдім. Сондағы білгенім мынау: өзбектер жолдастыққа адал, бірін-бірі жалған жамандамайды, сөзге құмар емес, айтқан сөзінен қайтпайды, өзім деген кісіден ештеңе алмайды және көмектеседі. Олардың көмегін ауырғанда көп көрдім. Маған басыңның ауырғанын жазамыз деп, базарға ертіп барып көк шөймен 3-4 айдай емдеп, ақыры содан жазылдым да жоғарғы оқу орнын бітірдім.

Ұлы шешеміз өзбектің қызы болғанына мен өзім қуанамын әрі мақтанамын.



*“Солай болған” – деді Омекең!*

Бұл ашаршылық жыл еді, ел тұрғындары бытырап жан-жаққа кетіп жатқан кез. Біреулер Сібірге, біреулер Омбы қаласына, біреулер Қарағандыға. Бәрі де күн көрудің қамы, қыс болса келе жатыр, қолдағы малдардан айырылған, үкімет аз ғана мал қалдырып өзгесін айдап алып кеткен кез. Ескі жұртта қалған бір-екі үй, олар да әр төбенің арасында, аралары ат шаптырым жер.

Қолдарында бір сиыр, жазды күнгі жинаған құрттары, ірімшік, азғантай май. Соғым соятын малдары жоқ. Жұрт үрейлі, тағы милиция мен келіп қалған бір сиырды алып кетсе, халдары не болады. Кейбір үйде мал да жоқ. Енді аштан өлмегенде не қалды.

Әр төбенің арасында бос қалған үйлер, қораларының іші бос, қирап жатыр, жер қар, күн болса суытып кетті. Міне, осы жағдайды көргенде адамның жаны түршігеді.

– Не істеу керек? үйге кірсең бала жылайды, далаға шықсаң өзін жылайсың. – Осындай оймен Омар боранды желге қарап көп тұрды, “ой алтау, ақыл біреу” – Алла, өзін көмек бер – деді.

Өзі мен Жәкіш екеуі болса, бұлар да басқа жерге кетер еді, бірақ мына балалармен қайда барып сияды, біреу емес бесеу. Баратын енді жер жоқ, сонда өлімді



үйде отырып күту керек пе деп, басын көтеріп, ақырын үй ішіне кірді.

Кіре сала:

– Әй, Жәкіш, – деп дауыстады?

– Не, – деп Жәкіш дыбыс берді. Қирап жатқан қақпандар қайда?

Жәкіш:

– Сиырдың оттығының бұрышында жататын, оларды қайтесің?

Омар:

– Ондаймын, үйде текке отырып өлмеймін, өмір үшін алысамын.

Қақпандарды оттықтан тауып алып, қарай бастады, екеу екен, екеуі де жұмыс істеп тұр.

– Бұл аз, – деді, – Ертең бос қораларды аралайын. Әсіресе Кәрімнің қорасын қарау керек, олар қыста қақпан құрып жүретін. Енді бір үш қақпан табылса жақсы болар еді.

Ертеңінде бос қораларды аралап жүріп Кәрімнің қорасынан бір қақпан, ал Кәбіжан қорасынан екеу, үйіне алып келіп оларды жөндеумен болды.

– Әй, Жәкіш – мына үш қақпанды тағы оңдадым, ертең аңға шығам, Алла көмек берсе, осы қақпандар қыстан аман шығарар деп ойлаймын.

Далаға шығып кеткен Жәкіш қайта кіріп:

– Ой, Аллаһ, бізде отын да шағын қалыпты, балалармен тезекті қилардан бөлек үйіп алмасам болмайды екен, қиды суық, аязды күнге сақтайық, ал тезекті ақырын жаға берейік. Отқа тамызық та керек,

қоралардан қираған ағаштар тауып әкелмесең болмайды ғой.

Омар:

– Жарайды, қақпандарды құрғаннан кейін, қалған қораларды тағы бір аралайын деді.

Өзі қақпандарды тағы бір қарап шығып, қоян ұстауға жарар. Таулы жерде қаңбақтар көп жиылады нағыз қоянның тығылатын жері, бұлақтың шіліктері де қалың, онда да қояндар болатын.

Қоян аулаймын деген ой Омардың жатса да, тұрса да ойынан қар түскелі шықпай қойды. Ондағы ойы балаларды жалғыз сиырмен қалай асыраймын. Күніне бір-екі қоян ұстасам да балаларға тамақ болар еді, сиыр бұзаулағанша. Сиырдың сүті, қоянның еті болса, қыстан аман-есен шығармыз деп өзін-өзі жұбатады.

Омар орнынан тұрып, балтасын беліне қыстырды.

– Отағасы, – деді Жәкіш Омарға. – Тау жаққа барсаң шөй ішетін қарақаттың жапырағын көбірек теріп ала кел.

Омар:

– Жарайды, Қозғанбай тауына өзімде барам, қалтама дорба салып қой, – деді де таяғын қолына алды.

Тағы да Жәкіштің дауысы “жуа да ала кел” деді.

Тау арасын аралап келе жатып, қақпандарын құрып болып, тау басына шықты. Айналаға қарап тұрып, ой пірім-ай, қалай ұзап кеткенмін шамасы, 25 шақырымдай деп келген ізімен кейін қарай жүрді. Келе жатып қақпан құрған жерлерге көз тастап, әр



жерден қоянның ізін көріп, таңға шейін тамақтық бір нәрсе болар деп, өзін-өзі жұбатты.

Күн ұясына кірген кезде үйіне келіп біраз уақыт демалып.

– Балаларға тамақ бердің бе? – деп Жәкіштен сұрады.

– Бердім, қалған ұннан күрт көже істеп тойғыздым.

– Оның жақсы болған екен деді. Ұмытып барады екем қарақаттың жапырақтарын, біраз жуа теріп әкелдім, қорада күйменің үстінде тұр.

Шәй ішіп болғаннан кейін Жәкішке:

– Қыс боранды болатын түрі бар, бізге жәйсіз болар. Не болса да басқа түскенін көрерміз. Балалардың киімін жамап, жылы киіндір.

Таң білінген кезде Омар күпісін киіп, сыртынан шекпенді киді, белін буып, балтасын беліне қыстырып, басы шоқпар таяғын қолына ұстап кетуге ыңғайланып:

– Әй, Жәкіш есікті жауып ал, – деп, кешегі келген ізімен қақпандарды көруге аяндап тау арасына кетті.

Ең жақын жердегі қақпанға қоян түспепті, екінші қақпан құрған жер қарағанның арасы еді, оған бір қоян түсіпті. Қақпандағы қоянды көргенде Омар қуанып кетті де, қоянды қақпаннан босатпай тұрып бауыздап жіберді. Қалған қақпандардан екі қоян алып, күн бата үйіне келді. Келісімен қоянды сойып, Жәкішке тамақ істе, балалар бір тойсын деді. Қоянды көрген балала-

ры қуанып, үйінің іші көптен көрмеген қуанышқа толды да қалды. Бес баласы бар үйге қоянның еті әжептәуір тамақ еді.

Келесі күні ерте тұрып киініп, далаға шығып жан-жаққа көз тастап еді, тау басында жүрген кісіні көрді, бұл жаққа таң атпай келген адам кім екен деп өзі де қарсы жүрді. Жақындай келе, бала екенін көріп аяғын тезірек басты.

– Қай баласың? – деп қатты даусымен сұрап еді.

– Мен Мұқтармын ғой? – деп, баланың дыбысы әзер шығып, жылап жіберді.

– Тондың ба? Қалқам-ай, бұл жаққа осы суық боранда қалай келдің? Қолың мен бетің үсіген жоқ па? Көне қолыңды бер деп, екі бетін уқалап, қолың қойнына тықты.

– Кеше үйден Мұқыш ағаның үйіне барам деп шығып едім, бораннан жол таба алмай адастым. Тау басына шығып жан-жаққа қарап едім, сіз маған қарай келе жатыр екенсіз, соған қатты қуандым, – деп көзінің жасын сүртті.


– Әкең мен шешен қайда?

– Олар тамақ таусылғасын, Мұқыш ағамның үйіне кеткен, келеміз деп еді, міне екі күн болды жоқ. Мен таудан жуа теріп әкелем деп, түні бойы тау арасында жүріп үйді таба алмай қалдым.

– Үйде кімдер қалды?

– Екі ұл бала, бір қыз бала, қыз бала төртте, ал ер балалардың біреуі алты жаста, екіншісі сегіз жаста.

– Қазір үйінді таба аласың ба?



Бала жан-жағына қарап, ана таулар жақта деп жеке тұрған төбені көрсетті. Омар біраз ойланды да, жүр үйдегі балаларға барайық деп, көрсеткен жаққа қарай жүрді. Төбеден асқаннан кейін, бес шақырымдай жерде тұрған үйді көрсетіп балаға, анау үй сендердікі ме? – деп сұрады.

Бала-иә, біздікі деді. Үйге жақындағанда, үйден дыбыс білінбеді. Омар қатты қарды аяғымен сырып жіберіп, есікті ашып, үйге кіріп еді, үйдің іші қараңғы, әрі тастай суық екен. Балаларды қарап еді, қараңғы бөлмеде көрінбеді, ал пештің артын қарап еді ыңырсыған дыбыс естілді. Қараса үшеуі біріне-бірі жабысып жатыр екен, тек әлсіз дем алған дыбыс естіледі.

Омар үшеуін де бауырына қысып, киіміне орап отырып, алдында жатқан әлсіз балаларды аяп көзіне жас алды.

– Ой, Аллаһ, бұлардың қандай жазығы бар еді, – деп, екеуін үстінен шешіп алған шекпеніне орап, – Ал Мұқтар жүр, ана үлкенін қолынан жетекте, шамаң келсе көтер деді. Үйге тез жету керек мыналар өліп қалатын түрі бар.

Екі баланы шекпенге орап, арқасына салып, екі қолымен ұстап, демін алып отырып, үйіне сол шекпенге оралған бетімен кіріп:

– Әй, Жәкіш, мына балалар өлім халінде, тез нәр берейік, дайын бір нәрсең бар ма? – деді.

Жәкіш қалбалақтап барып, қазан түбінде қалған сорпаны тостағанға құйып әкелді. Балаларға аз-аздан ұрттатып отырып ішкізді. Біраздан кейін екі бала кө-

зін ашып, жылы үйге кіргенін сонда ғана сезді. Балалардың қабысып қалған ішін көріп Жәкіш жылап та алды.

– Алланың берген халыққа апаты ғой, жазға шейін аман болсақ жарар еді. Ертең Алла не береді, – деп, өйнек жаққа қарады.

Омар балаларды әкелген соң, қақпандарды қарауға тау арасына кетті. Қолында таяғы, белінде балтасы. Келе жатып өзіне-өзі Алла бергенін алмасын, мына балалардың нәсібесіне қақпанға қоян іліксе жақсы болар еді деп, жан-жағына көз жіберіп қарады, жер жүзі апақ қар. Аспанға көзі түсіп еді, айналып қалқып жүрген бүркітті көріп, е... мынау да тамақ іздеп жүр екен ғой деді. Ақпан айы, күн аяз, жазық жер бүрқасын боран, ал тау арасы тыныш жел жоқ. Көретіні әр жерден қоянның ізі. Біраз жүргеннен кейін, шілікке қарай кеткен қасқырдың ізін көріп, аяғын жылдам басты, өйткені кеше шіліктің арасына қақпан құрып қойып еді.

Шіліктің арасына кіріп, қақпан қойған жерге жақындай бергенде, көзі жаңа ғана түскен қоянды көріп қуанып кетті. Қоянды бауыздап беліне байлап алып келесі төбеге қарай бет алды. Жолда аң мен қасқырдың іздері кездесе берді. Қалың қаңбақтың арасына қойған қақпаннан тағы бір қоян алды.

Омар біраз демін алып, үйде аш балалар бар, қайтайын деп орнынан тұрып, келген ізімен бұлаққа қарай жүрді. Бұлақ жанындағы шілік маңайынан бірін-бірі қуған аң шілікті айналып жүргенін көрді. Аяғын тез басып жақындап еді, алдынан киік кесіп өтіп, шілікке



кіріп кетті, артындағы қасқыр кісіні көріп шілікке кірмей тауға қарай барып шоқиып отырды.

Киік кірген шілікке кіріп еді, тірсек жағы қан жаралы киік жатыр екен. Омар киікке жақындап еді, киік тұрам деп бір-екі талпынды да тұра алмады.

Қасқыр адамның кетпейтінін білді ме, тау ішіне қарай жортып жүре берді.

Жасағанның бізді өлтірмейін дегені ғой, мына жаралы киікке кездестіруін қарашы, – деп Омар қынадан пышағын алып, киікті бауыздап жіберді.

Омар жасында балалар арасында күреске көп түсіп жүретін, иықты жұмыс дегенде жанып тұратын, өлеңді де жақсы айтатын. Жастың жігерлісі деп Мәшһүр Жүсіп жанынан тастамайтын. Ол кісінің өлеңдерін жатқа білетін, орындағанда өзінің тамаша дауысымен айтатын. Өзі ойына алғанда айтатын – “Жаман молланың аятынан, менің Омарымның өлеңі жақсы” – деп айтатын Мәшһүр Жүсіп, батасын көп беріп еді жарықтық.

Енді міне мен тарыққан кезде мына киікті алдыма әкеп беруін қарашы, аруағыңнан айналайын. Аш балаларды аяғаны ғой, жатқан жері мамық болсын деп жан жағына қарап алып, беліндегі жіпті шешіп, киіктің артқы аяғын қосып байлап үйге қарай сүйретіп ала жөнелді.

Үйге жақындағанда далада жүрген Мұқтар мен Кәрібай алдынан шығып көмектесіп қораға кіргізді. Шаршап келген Омар есік алдында біраз отырып, қуанғанынан тауға қайта-қайта қарай берді. Оған қасқырдың өзі киікті әдейі әкеп бергендей болды.



– Сиырды шығарып, қар жоқ жерге жайындар, – деп балаларына ескертті.

Қақпандарды аралап, осы жолы олжалы қайтатын болды, бес қақпанға бес қоян түсіпті. Оларды босатып алып, біреулерді көрем бе деп тау басына шығуға ойланды.

Тау басына шығып жан-жағына қарап тұрды, тірі жан көріне ме деп. Енді бұрылып көл жаққа қарап еді, қыбырлаған бір қарайғанды көріп не екенін білмей біраз қарап тұрды. Аңға ұқсамайды, ит-құсқа тағы. Неде болса біраз тұрайын деп қараумен болды. Көл жиегінен қыр асқанда ғана кісі екенін білді.

Омар басындағы тымағын шешіп алып қолымен тымақты көтеріп, қуанғаннан дауыстап жіберді.

Екеуі бірін-бірі көргесін, қарсы жүрді. Жақындай келе бірін-бірі жүрістерінен таныды. Жәнібек те қуанып Омар аға деп айғайлап жіберді. Екеуі айдалада бірін-бірі құшақтап жылап алды. Омар қуанғаннан Жәнібекті қайта-қайта сүйюмен болды. Біраздан кейін:

– Қалқам Жәнібек, туыстар аман ба? Кім бар? Кім жоқ, – деп сұрады?

– Майқуырғанда – Елубай, Боталар; Ақшиде – Ағылшын; Қызылтаста — Қасен, Шалабай, Бүркітбайлар; Амантауда – Мүтәл; Құстаста – Ысқақ; Өңгелері өздерінің қыстауларында тұрады. Ауырып өлгендер көп, бала да және үлкен де бар.

Омар:

– Жәнібек-ау, Жиенбайдың қайда екенін білесің бе?



– Білем, Мұқыптың үйінде тұрады, – деді Жәнібек.

– Оның төрт баласы біздің үйде, аман, көрсең айт.

– Жарайды, айтайын. Бірақ шешелері қайтыс болған. Балаларын іздеп Жиенбай бірнеше рет қорасына барып, таба алмадым-деген.

– Енді қандай жаңалық бар?

– Досмағанбет пен Әбіжан қалған жылқыларды қыстан аман есен сақтап, кеше үй-үйге таратып берді. Соның ішінде сіздің де байталыңыз бар екен, оны Тапал ініңіз қорасына апарып қойды. Басқадай жаңалық жоқ.

– Ол жақсы болды ғой, – деп Омар беліндегі қоянның екеуін Жәнібекке берді, – Ауылдың үлкендері не дейді?

– Бір жерге жиылу керек дейді, жеке-жеке жүріп күн көре алмаймыз деп отыр.

– Олары дұрыс, менде күн жылына ағайындар арасына қарай көшемін.

– Оныңыз дұрыс үлкендердің бәрі дүниеден озды, қалғанымыз сіз шамалас орта буын, Алла көмек беріп 1933 жылдың жазына да шықтық қой аға, заман түзелер.

– Түзеледі – деді Омекең. – Ал енді туыстарға сәлем айт, біраз күннен кейін мен де Ақши жаққа барып қалармын.

Омекең қуанышты күймен үйіне қарай аяқ басты. Жәнібекті көріп сөйлескеннен кейін, үйге барып үйдегі Жәкішке ауылдың амандығын айтуға асықты. Төбе-

ден асқаннан кейін, бейітке қарай бет алып, аруақтарға дұға оқып кетпекші болды. Жақындап келіп, жүгініп отырды да дұға оқыды. Әке-шешесінің қабырына барып жан-жағын түзетіп біраз тұрды. Аздан соң күн ұясына батуға жақын қалыпты деп үйіне қарай аяндады. Келе жатып туыстардың арасына қарай көшу керек, мына жерде ауырып қалсақ басымызды сүйейтін де адам жоқ – деп артына қарап, күрсініп алды да:

*Қайран көз жан шығарда жаудырарсың,  
Ақылдан және естен аудырарсың.  
Қағазға аттай желген он саусағым,  
Дал-дал боп қара жерде саудырарсың*

-- деп, қайран Мәшекең қалай тауып айтты екен. Ақырын ыңылдап үйіне қарай аяндап жүре берді.

*Екібастұз қаласы*



*Әлима-анамыз –  
академик Қаныштың - анасы*

Біз Қаныш туралы жазған кітаптарды оқығанда, бір қапа болатын нәрсе оның туған шешесі туралы, өмірбаяны жоқ деп жазады. Менің ойымша бұл дұрыс емес.

“Алып – анадан, тұлпар биеден” – деген екен бұрынғы өткен бабаларымыз. Олай болса сол жазушылар менің ойымша кітабын үйінде отырып жазған болу керек. Өйткені елуінші жылдардың ортасына шейін сол Қаныштың анасының ағасынан туған Қазыкен деген ақсақал тірі болған. Сонда ол кісімен жолығуға олардың шамасы келмеген бе? Бұл қалай?

Қай ұлт болсын туған анасын қадірлейді, өйткені қиын жағдайда, ана ауызға бұрын түседі, ол өмірге сені әкелді, сен үшін жанын қиюға әзір тұрады.

Аға сұлтан Құнанбай, Абайдың әкесі айтқан екен: “Төркіні текті болса, тұлпар сынды ұрпақ туады” – деп.

Сондықтан ата-бабамыз, баланың нағашыларының қасиеттеріне көп көңіл бөлген. Құдасын құдайындай сыйлаған.

Ақан серінің нағашысы Құлагерді жиеніне сыйлауы тегін емес, өйткені жақсы жиені нағашысының мақтанышы, бір бұтағы.

Балуан Шолақты да өмірге әкелген алып анасы. Анасының күштілігі сондай, құдыққа түскен сиырды өзі жалғыз тік көтеріп шығарған.

Міне сондықтан бұрынғы бабалардың құда таңдаулары бекер емес, ұрпағы үшін. Шорманның Мұстафасының да Талас руынан Имекең әулетін таңдауы тегін емес, ал Сәтбайдың да Шорман келіні, көп жыл жесір отырған Әлиманы Имантайға қосуы, ол кісінің көрегендігі, ұрпағының ақылды болатынын, өрісі өсетінін білген.

Әлима апайдың ата тегі: Қаржас. Қаржастан - Құлыке, одан Телі, Теліден – Есенқұл, Есенқұлдан – Талас, Таластан – Елқонды, Елқондыдан – Имеке, Имекеден – Бабатай, Бабатайдан – Иса, Исадан – Мағұзым мен Әлима.

Осы Әлима-апай 1860 жылы Ақши – Амантауда өмірге келген. Ағасы Мағызұмнан - Қазыкен мен Қали туған. Қазыкеннен – Кәмәл, 1989 жылы өмірден озды, әскерде болып полковник атағын алған.

Қали ағайдан екі ұл бала бар: үлкені Ғабду, кішісі Аманжол. Қали ағай Отан соғысына қатысып, сонда қайтыс болған, ал балалары елдің көрнекті азаматы, ұрпақтары өскен. Қазір Екібастұз қаласында тұрады.

Әлима апайдың әкесі Иса – өте ақылды, әрі бай. Байлығы жағынан Шормандардан кем болмаған. Қоныстары: Амантау, Ақши, Білдеш, Қозғанбайдан Қарайғыр тауларына шейін. Ол кісі өзі ауқатты болғасын, жанына күллі талас әулетін жинаған және соларға қамқоршы болған. Жаз екі көлдің (Саумалкөл мен



Батпақ көлдер) арасында киіз үйлерін тігеді екен, жері малға жәйлі, шөптері шұрайлы.

Елқондының баласы Имекең жасынан ойлы, сөзге шешен, елге қадірлі, ел ақсақалы болыпты.

Имекең баласы Бабатай, әкесіне тартқан ел азаматы болған адам көрінеді. Жәдігер баласы Шорманмен тұстас. Шормандар Талас балаларын аға балалары деп құрметтейді екен. Өйткені бабалары Анай, Талас балаларының бабасы Есенқұлдың інісі көрінеді.

Әлима апайдың әкесі Иса, Шорманның Мұсасымен жасты және бірін-бірі өте қатты сыйлаған дейді.

Шорманның Мұсасы мен Мұстафасы Имекең ауылына барғанда Исаның үйінде қонақ болады екен. Бір келгендерінде үйде жүрген жас Әлиманы көріп, ұнатып, мінезіне, көркіне көңілдері толып, әкесі Исаға сүйек жанғыртайық, бір қаржас баласымыз деп сөз бастайды. Қарап отырсақ сіздің үйде қыз балаңыз бар екен, біз сол қыз балаңызға құда түссек деп отырмыз. Біздің де жігітіміз кем емес: көркі де, ақылы да бар азамат, ол бала мына менің інім Мұстафаның ұлы Қанафия дейді Мұса. Иса біраз ойланып алып, Мұсаға келісім береді. Қайтадан мал сойып, кұйрық май жеп, құда-құдандалы болып аттаныпты дейтін үлкендер.

Әлима апайды ұзатқанда 17 жаста екен деп айтатын Қазыкен атам. Той ауылда екі жұмаға созылған көрінеді, маусым айы, ауыл жайлауға көшіп қонған кезі екен. Тойды бүкіл ауыл болып тойлапты, ал Шорман ауылынан қыз алуға келген адамдар өте көп болыпты.

Мен Қазыкен атамнан Әлима апайдың мінезі, жүріс-тұрысы қандай еді деп сұрағанда, атам айтатын: ол ұзын бойлы, талдырмаш келген, келбетті, жүріс-тұрысының өзі адамды өзіне тартатын, жұрт ол кісіні Мағзұмның сұлу қызы дейтін, түрі ақ-сары, қыпша бел, көзі үлкен ашық, адамды өте сыйлайтын, үлкен кісінің алдынан кесіп өтпейтін, мінезі жайсан, мейірімді, ашу дегенді білмейтін, жүзі күлімдеген, жүрегі өте нәзік, үлкен-кішінің көңілін қалдырмайтын, сен деп өмірі сөйлемейтін. Бала жанды.

Әлима апай төркіндеп келгенде, біз баламыз, бізді құшақтап жанынан тастамайтын, біз не айтсақ соны істейтін дейтін Қазыкен атам.

Әлима жыл сайын әке-шешесіне келіп, көмектесіп тұратын болыпты. Ауылға келгенде әр үйге сәлемдеме әкеліп, үй-үйге кіріп шығатын көрінеді. Ол кісіні дәмге шақырмайтын үй қалмайтын. Атпен жақсы жүретін, туған жерін көп аралайтын, жанында ауылдың қыз-келіншектері бірге серуендейтін.

Әлима апай Қанафия марқұммен азғана жыл бірге тұрған болу керек. Өйткені Қазыкен атам әңгіме арасында Әлима жолдасынан жастай қалды деп айтып отыратын.

Қанафия дүниеден өткесін Әлима апамыз ұзақ жылдар еш адамға сөзін бермей, Қанафияның үйі деген атты жоғалтпаймын жеке отау үй болып отырған екен. Мұстафаның өзі де, және басқа балалары да, ауыл-аймақ болып алдына келмеген. Әлима апайды қатты сыйлап, айтқанын орындап отырған болу керек.



Әлима апайдың Имантайға тұрмысқа шығуға себепкер Сәтбайдың өзі көрінеді. Сәтбай ертеден Шорманның балаларымен әсіресе Мұсамен қарым-қатынастары жақсы болған көрінеді.

Имантайда бала болмағаны жанына қатты батқан Сәтбай, Әлиманы Имантайға алып беруге күш салады. Ол үшін Мұстафадан ұлықсат сұрайды да, олармен келіседі. Ұлықсатын алғаннан кейін Әлимаға сөз салған.

Әлима апамыз қайынағаларының ұлықсатымен Имантайға тоқал болып баруға сөзін берген. Ол уақытта үлкеннің сөзін жерге тастамайтын заман еді ғой.

Әлима апайды Имантайға ұзатқанда қайын атасы Мұстафа және басқа да Шорман әулеттері, бүкіл ауыл болып қызымыз деп ұзатқан. Алдына мал салып, күллі жасауымен, бар мүліктерімен ұзатқан көрінеді. Әлиманы келін деп атамаған, қызымыз деген. Өйткені Қанафия марқұм болғаннан кейін де, ол үйді Қанафияның үйі деп атайды екен. Әлиманы ұзатқанда Мұстафа ақсақал көп жылаған дейді. Әлима Қанафияның жоқтығын білдірмей туған-туыстарын сыйлап, ауылға өте қадірлі келін, мінезі жібектей, әрі мейірімді жан болыпты.

Имантайға шыққан кезінде де туған-туыстарын ұмытпай, қатынасып тұрған. Қазыкен атам айтатын: ауырғанша келіп жүрді деп, жанында қызы Ғазиза мен ұлы Ғазиз болатын, оларды нағашыларымен таныстыратын. Әкем жиендерін жақсы көруші еді дейтін Қазыкен атам.



Қазыкен атам: ұзын бойлы, аққұба, дөнгелек бетті, көзі үлкен болатын. Қай уақыт болсын сәлем бергеннен кейін жанына отырғызып әңгіме айтатын. Қолындағы таяғымен жерді шұқып отырып әңгіме өрбітетін.

Біз бір үйде тұрдық, сол уақытта ол кісінің қатты сөйлегенін көрген емеспін. Әйелі Зейпін шешей де өте қайырымды болатын. Шешеміз қайтыс болғаннан кейін, сол кісілердің қамқорында болдық. Солардың ақылымен адам болдық, оқу бітірдік, үбірлі-шүбірлі болдық.

Қазыкен атам, Қаныш туралы көп айтатын. Сол кездегі балаларға Қаныштай болындар, оқу оқындар, ел азаматы болындар дейтін.

Қаныш аға, нағашыларына ұқсап бауырмашыл, нәзік жүректі адал адам, сөйлегенде күлімсіреп тұратын, жүзі жылы, дана, ойлы адам еді.

1959 жылы Баянауылдың Теңдік совхозына келіп, өзі қонған үйге нағашысының баласы Ғабдуды және ауыл ақсақалы Мәжікенді алдырып, көп әңгімелесіп, жанына алып жүрген көрінеді. Сондағы кездескенді нағашысы Ғабду ойына жиі алады.

Қаныш аға нағашыларынан қол үзбеген, Баянға келгенде жолда нағашыларына сәлем беріп кететін. 1926 жылдары оқу бітіріп келгенде, нағашыларына “Сау-малкөл” жағасына қалашық салуды айтып, орнын көрсетіп енді әр жерде тұруға болмайды, бір жерге жиылындар, заман өзгерді деген. Ол қалашықта 1930 жылға дейін ауыл адамдары тұрған, оның ішінде біздің үй де, Қазыкен атамның үйі де болған.



Қазір ойласам, бұрынғы үлкендер келген адамдардан нағашыларың кім деп сұрайды екен, соған карап адамға мінездеме береді екен.

Бір ғажабы Шорман ауылының қызы Зейнеп өмірге Шоқандай асылды әкелді, аты күллі өлемге жайылған ғалым.


Ал Талас ауылының баласы Исаның қызы Әлима өмірге Қанышты әкелді, ел таңғаларлық ісі бар, күллі өлемді аузына қаратқан, халық үшін өмір сүрген, оның тапқан жер қойнындағы байлығы, алдағы келер ұрпаққа үлгі.

“Алып анадан, тұлпар биеден” – деген бабалар. Қаныштың халыққа істеген жақсылығын ұрпақтар қай ғасырда болсын ұмытпайды, адамдардың жүрегінде ол мәңгі жасайды.

“Алыптар, төркіні текті, асыл анадан туады” – деген өткен ата бабаларымыз. Осы асыл сөз әр адамның ойында болу керек, бұл өмірден алынған бабаларымыздың сөзі, асыл мұра.



# Шежіре





## Мазмуны

Өмірбаян .....	3
Екібастұз қалалық әдебиет бірлестігінің арнауы .....	4
Ақын Мұстафа Ыбырайханұлының арнауы .....	5
Ақ Шайжым Құнанбайтегінің арнауы .....	7
БПТУ директоры Колесниковтың арнауы .....	8
“Отарқа” газетінің “Елім, ертегім, Елбасым” конкурсынан хабар .....	10

### *Өлеңдер мен әндер*

Екібастұз вальсі, нотасымен .....	12
Әжеме кетіп барамын ( <i>немерем Мәликаның өлеңі</i> ), нотасымен .....	14
Жас ұрпаққа аманат, марш, нотасымен .....	16
Бәтимаға ( <i>Кездескенде мен саған</i> ), нотасымен .....	18
Білесіңбе жүректің қасиетін, нотасымен .....	20
Ардагерлер ( <i>вальс</i> ), нотасымен .....	22
Ұмытпа өскен босағанды .....	24
( <i>балаларға арнап</i> ), нотасымен .....	24
Ұлы Абайға, нотасымен .....	26
Асыл - Ана, нотасымен .....	28
Бала едік өмірді қимайтұғын, нотасымен .....	30
Туған жердің асылдары, нотасымен .....	32
Елбасы – ел қамқоры, нотасымен .....	36
Алдыңда жүрсе Әкелер, нотасымен .....	40
Жетімдер зары, нотасымен .....	42
Қаныш аға, нотасымен .....	44
Ойымнан кетпес балалық, нотасымен .....	46
Өмірдің қызығы балада, нотасымен .....	48
Сәуле апай ұстазым, нотасымен .....	50
Қазақтың сұлу қыздары, нотасымен .....	52



“Батыр” кеніші, нотасымен .....	54
Астана арманым, нотасымен .....	56
Шіркін-ай, нотасымен .....	58
Мұстафа, нотасымен .....	60
Балаларыма, нотасымен .....	62
Екібастұз менің мақтанышым, нотасымен .....	64
Біз өсеміз жаңа ғасыр ішінде, нотасымен .....	66
Қазақстан темір жолы, нотасымен .....	68
Саған айтам, нотасымен .....	70
Сағындым сені, ауылым, нотасымен .....	72

### *Шығармалар*

Балаларыма тілек .....	76
Сағадаттың 60 жылдығына .....	77
Бәтимаға туған күніне тілек .....	78
Қайыржанның 60-қа келуіне арнау .....	79
Оралмас өтіп кеткен өмір шіркін .....	80
Бәтима жеңгейге .....	82
Туған жердің бейнесі .....	83
Жұмағалиға тілек .....	85
Тәбиғатқа .....	86
Қазизаға .....	87
Дарынды жанға береді .....	88
Қаныш аға біздерге өнеге еді .....	90
Тілек Қуанышқа .....	97
Аңсаймын .....	98
Бақтыбайға тілек .....	100
Елубай Мазакбайұлына .....	101
Өмірдің өткел жолы .....	102
Ағалар армандайды .....	127
Қабыл Айтқалиевқа .....	129
Көрдің бе “Асыл дананы” .....	130
Мәдина мен балапан .....	132



Екібастұздың Нартұлғалары.....	134
Мынау менің бай елім, байтақ жерім.....	146
Екібастұз гүлденеді әлі де.....	147
Қыркыншы жылдың қыздары.....	148
Ауылдастарыма.....	153
Ауырсаң да ойында мен боламын.....	154
Күздің соңғы кезінде.....	156
Ойратты еске алу.....	159
Желтоқсан жігер берген қазағыма!.....	160
Топтанып біздер жүруші ек.....	162
Мағжан мен Әмина.....	163
Ерейменді көргендегі қиял.....	164
Орындалса арманым.....	173
Сөнгенше нұрлы жанарым.....	175
Ауылымның ардақты асылдары.....	177
Ауыл кеші.....	196
Алдымда асылым бар шында тұрған.....	198
Астанада Пушкин түр.....	200
Үлкендер айтқан екен.....	201
Абылайхан Талғатұлына.....	203
Екібастұз тіректері.....	204
Кең далам.....	209
Ұлыстың Ұлы күнінде.....	211
Ағаларым.....	214
Аққуды өлтірме.....	215

### *Әңгімелер*

Қаржас кім, білесіз бе?.....	220
“Солай болған” – деді Омекең!.....	245
Әлима-апамыз –	
академик Қаныштың – анасы.....	258

<i>Шежіре</i> .....	268
---------------------	-----

Сағадат Садықұлы Әбікеев  
*Екібастұз әуендері*

«Дом печати» баспасы, 2004 жыл

Редакторы *Г.В. Трубицкая*  
Көркемдеуші редакторы *С.Ш. Утешева*  
Корректоры *Г.Х. Кенжегулова*

Пішімі 60x84 1/16. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 17  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 1548.  
Қазақстан Республикасы, 637000, Павлодар қаласы,  
Ленин көшесі, 143